При реставрационных работах совместно применялись строительные технологии различных времен. В результате этого в некоторых памятниках соседствуют элементы различных эпох. Например, в мавзолее Каффаль Шаши в Ташкенте равноценно реставрированы элементы двух эпох. Во время реставрации обвалившегося купола, возведенного в XIV веке, вместо системы пересекающихся арок применили щитовидные паруса. Подобные примеры встречаются в сооружениях функционировавших на протяжении многих столетий.

В Узбекистане принципы охраны, реставрации, и использования памятников архитектуры соответствуют международным правилам и нормам установленным конвенцией ЮНЕСКО «Об охране всемирного культурного и природного наследия» (1972 г.).

Кардинальные изменения в деле охраны и реставрации архитектурных памятников произошли за годы независимости. Понятиям исторический объект и реставрация даны новые научные определения. Решались вопросы реставрации и благоустройства памятников и объектов, входящих в их состав.



Бухара. Ансамбль Пои-Калян.



Хива. Комплекс Ичан-кала.

Вместе с этим применялась практика сноса строений не соответствующих архитектуре исторических территорий. Значительные реставрационные работы выполнены в исторических городах. Они вновь поражают своим архитектурным блеском (культовый мемориал-некрополь Султан Саодат в Термезе, некрополь Шахи-Зинда в Самарканде).

Реконструкции исторической части города Ташкента свидетельствует о значительных масштабах работ, проведенных за последние годы. Такие работы проводились в Шахристане, Караташе, Кукче и других местах. Подверглись реконструкции гузары, мечети махаллинские центры.



Ташкент. Ансамбль. Хасти Имам.

Кроме того, восстановлены выявленные в ходе археологических

изысканий архитектурные образы отдельных исторических объектов расположенных на территории прилегающих к древним памятникам. Подобная методика стала одним из важных направлений в реставрационной практике и обеспечила возможность воссоздания исторической архитектурной среды.

30 августа 2001 года в Узбекистане принят Закон “Об охране и использовании объектов культурного наследия”. Этот нормативный документ обеспечил основу для совершенствования работ по охране, реставрации и использованию памятников, а также созданию охранных зон архитектурных памятников на уровне установленных требований.

Благодаря независимости нашей страны за этот период проделаны большие работы по изучению и восстановлению выдающихся памятников зодчества. Размах восстановленных работ свидетельствует о развитии новых методов и приемов реставрации памятников зодчества.

При проведении всенародных праздников-юбилеев городов Ташкента, Самарканда, Хивы, Бухара, Шахрисабза и Термеза были осуществлены различные реставрационные работы. Они предохранили от разрушений многие памятники архитектуры как этих городов, так и их окрестностях. Весьма примечательно то, что все народные торжества проходили на фоне древних шедевров архитектуры.

В основу по изучению, реставрации и охраны памятников зодчества Узбекистана должна лежать исключительная объективная оценка каждого памятника его художественного, исторического и научного значения.

Архитектура прошлого, представляет не только историко-познавательный интерес, но и имеет большое значение для решения практических задач современности. Детальное всестороннее исследование памятника должна быть строго обоснована научно и документально. Реставрация утраченных частей памятника может быть осуществлена только при наличии всех необходимых данных. Недопустимы никакие творческие домысли и стремление к подновлению памятника. Научный исследовательский метод с новаторским поиском архитектора-реставратора позволяет воссоздать первоначальный образ памятника с подлинной исторической достоверностью.

Восстановление шедевров архитектуры в исторических городах Узбекистана обеспечить впечатляющую привлекательность для их посещения не только со стороны нашего народа, но и зарубежными гостями.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Воронина В.Л. Народные традиции архитектуры Узбекистана. М., 1951.
2. Засыпкин Б.Н. Архитектура Средней Азии. М., Академия архитектуры СССР, 1948.
3. Кадилова Т.Ф. Архитектура Узбекистана в годы независимости. Т., 2008.
4. Крюков К.С. Организационные формы охраны и реставрации памятников архитектуры Узбекистана (1920-1990 гг.). Архитектура и строительство Узбекистана. №8. 1990.

5. Маньковская Л., Булатова В. Памятники зодчества Хорезма. Т., 1978.
6. Нильсен В.А., Шваб Ю.З. Реставрация памятников – синтез градостроительных и научно-исследовательских задач. Архитектура и строительство Узбекистана. №4. 1988.
7. Пулатов Х.Ш., Маматмусаев Т.Ш. Шаҳарсозлик ёдгорликларини қайта қуриш. Т., 2017.
8. Салимов О.М. Основы принципы организации охранных зон памятников архитектуры и градостроительства. Т., 1994.
9. Хаккулов А. Таъмир санъати. Т., 1991.
10. Хива минг гумбаз шаҳри. Т., Шарқ, 1997.

Түйіндеме

Мақала Ўзбекстан аумағында орналасқан көптеген сәулет ескерткіштерін зерттеу және қалпына келтіру мәселелеріне арналған. Иброхим Хафизова, Рахима Хаётова, Ширин Муродов, Назрулло Ёдгорова, Мажида Курбонова сынды халық реставраторларының шығармашылық әдістеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Резюме

Статья посвящена вопросам исследования и реставрации многочисленных памятников зодчества расположенных на территории Узбекистана. Особое внимание обращено на творческие методы таких народных мастеров-реставраторов, как Иброхима Хафизова, Рахима Хаётова, Ширин Муродова, Назрулло Ёдгорова, Мажида Курбонова.

Summary

The article is devoted to the issues of research and restoration of numerous architectural monuments located on the territory of Uzbekistan. Particular attention is paid to the creative methods of such folk restorers as Ibrohim Khafizova, Rakhima Khayotova, Shirin Murodov, Nazrullo Yodgorova, Mazhida Kurbonova.

Ақбасова А.Ж., Саинова Г.А., Бейсембаева Л.С., Юлдашбек Д.Х.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
«Экология» ҒЗИ, Түркістан қаласы, e-mail: ecolog_kz@mail.ru

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА СИПАТТАМА

Аңдатпа

Мақалада тарихи-сәулеттік ескерткіш Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жай-күйіне әсер етуші факторларға байланысты жүргізілген экологиялық мониторингтің нәтижелері көрсетілген. Кесененің құрылыс материалдарының беткі қабатын тұзды шөгінділерден тазартуда компресс әдісі бойынша Трилон Б ерітіндісі қолданылды. Зерттеу нәтижелері бойынша бұл әдістің тиімділік көрсеткіштері айқындалды. Сонымен қатар кесененің сыртқы және ішкі бөлмелерінің бірқалыпты сақталуына әсер етуші температуралық-ылғалдылық факторларының көрсеткіштері де анықталды.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, экологиялық мониторинг, тұзды шөгінділер, тазарту әдістері.

Кіріспе

Архитектуралық кесенелер тек мәдени және тарихи құндылықтарымен шектелмейді. Олар сонымен қатар зор әлеуметтік қатынастарға яғни, ғылым және білім мәдениетінің дамуына, болашақ қоғамның отанды тануына, патриоттық-эстетикалық тәрбиесіне, сана сезіміне орасан зор ықпал етеді.

Егер ежелгі кесенелердің жалпы жағдайы табиғи құбылыстарға, уақытқа, құрылыс заттарының тозуына байланысты болса, қазір олар орасан техногендік күштерге душар болып отыр. Тарихи аймақтарға жаңа техникалық заманның әкелген өзгерістері, жылдамдығы, қозғалысы архитектуралық ескерткіштерге қауіп төндіріп отыр. Архитектуралық ескерткіштердің тозуына, құлау қаупіне тек техногендік құбылыстар мен ауа-райының өзгеруімен түсіндіруге болмайды. Заманауи талаптарға сай барлық жайттарды ескере отырып, дер кезінде мән беріп мониторинг жүргізіп, қайта қалпына келтіру жұмыстарын дер кезінде жасап болашақ ұрпаққа мұра етіп жеткізу біздің борышымыз, міндетіміз болып табылады [1-3].

Материалдық мәдени ескерткіштер адамзаттың мәдени мұраларының маңызды бір бөлігін құрайды. Бұл ескерткіштердің қазіргі кездегі жағдайына табиғи факторлар мен адамзат тіршілігінің барысы өз әсерін тигізеді. Мәдени мұраларды сақтап қалуға дүние жүзінде ең тиімді, пайдалы құрал ретінде экологиялық мониторинг қолданылады [4-5].

Ұсынылып отырған жұмыс Ұлы Жібек жолының Сыр бойындағы бүкіл әлемдік мұра ескерткіші Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен пайда болған тұзданудан қорғау, тұрақтылығын сақтау әдістерін ұсыну мен сақталуына оңтайлы экологиялық жағдайлар жасауға арналған [6].

2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді [7]. Бірақ соңғы жылдары, екінші Мекке болып есептелінетін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жағдайы алаңдатарлық. Бұндай теңдеуі жоқ Ислам әлемінің тарихи мәдени сәулет ескерткішін қорғау және оны кейінгі ұрпаққа өзгеріссіз сақтап қалудың мәні ерекше зор.

Соңғы жылдары Түркістан қаласының тарихи аудандарының заман талаптарына сай өзгеруі, соған қатысты үдерістердің түрлері мен жылдамдықтары тарихи және мәдениет мұраға кері әсерін тигізеді. Табиғи әсерлер мен антропогендік факторлар ескерткіштің бұзылуына немесе толық жойылуына дейін әкеп соғуы мүмкін. Ғасырлар бойы орын алған табиғи апатты құбылыстар мен соңғы кездердегі қоршаған ортаның техногендік өзгерістері, әртүрлі өндіріс үрдістерінің әсері кесенеге орасан зиян келтіріп отыр. Атап айтатын жағдайдың бірі, зерттеуге алынып отырған кесененің сыртқы экзогенді әсерлерге, әсіресе табиғаты әртүрлі ластағыш заттармен қаныққан атмосфералық жауын-шашынның, тұздары жоғары ыза суларына және де басқа да факторларға төтеп бере алмайтындығында [8]. Жылдан-жылға өндірістердің дамуына қарай қоршаған орта жағдайын нашарлататын антропогендік факторлардың көлемі көбеюде, бұл сәулет ескерткішін де тыс қалдырмай, олардың бұзылуына да себеп болуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселеге уақытылы мән беріп, қажетті ғылыми зерттеулер өткізіп, нақты шаралар қолдану керек.

Жұмыстың мақсаты: «Қожа Ахмет Ясауи» кесенесінің жағдайына кешенді экологиялық мониторинг жүргізу, табиғи және антропогендік факторлардың әсерлерін төмендететін, ескерткішті тұзданудан қорғау мен оның тұрақтылығын сақтауға бағытталған жаңа технологиялық әдістерді ұсыну.

Зерттеу нысандары мен әдістері


Зерттеу нысаны ретінде Түркістан қаласында орналасқан көне тарихи-сәулеттік ескерткіш Қожа Ахмет Ясауи кесенесі таңдап алынды (сурет-1).



Сурет 1 – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

Ғылыми зерттеулер кешенді теориялық және физикалық, физикалық-химиялық, химиялық және көзбен шолу (фотобелгілеу) және т.б. кеңінен қолданылатын әдістемелері мен қазіргі заман талабына сай өлшегіш құралдарымен жүргізілген.

Кесененің ішкі бөлмелеріндегі микроклиматты және ескерткіштің қоршаған ортасының температуралық-ылғалдылық көрсеткіштерін бақылауға Testo-625 түйіспелі біріктірілген ылғал өлшегіш-термометрлері пайдаланылды. Бұл құрылғының көмегімен кесененің құрылыс материалдарының сыртқы бөлігінде температуралық-ылғалдылық көрсеткіштерін өлшеу арқылы көгергіштік қаупі бар, яғни биологиялық микроөсімдік мүктің таралу аймағын жылдам анықтауға болады. Мүк өсімдігі температура деңгейі төмендеу және ылғал мөлшері жоғары болатын бөліктерде жылдам көбейеді (сурет-2).



Сурет 2 – Мүк өсімдігінің құрылыс нысандарының беткі қабатында таралу көріністері



Мүкпен жамылған бөліктер жыл сайын көбейіп келеді. Өсімдіктер өскен кезде бактериялар мен жәндіктердің көбеюіне қажетті қосымша орындар пайда болады. Егер бұны уақытылы тоқтатпаса биокоррозия процесіне әкелетін факторға айналады, яғни ескерткіштің сақталуына теріс әсерін тигізеді.


Егер мүк өсімдігінің шоғырланған жерлері байқалатын болса, оны тез арада қолмен механикалық жолмен тазалау керек. Механикалық тазартудан кейін құрылыс материалдарының беткі қабатында қалған мүк спораларын жою үшін антисептикалық және гидрофобты қасиеттері бар әк-күкіртті сығындының 0,1% - ды ерітіндісімен өңдеуге болады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Қожа Ахмет Ясауи тарихи-сәулеттік кесенесінің конструкциялары мен материалдарын қорғау әдістерінің ішінде жылу-физикалық әдістер өте маңызды рөлге ие. Кесененің ішкі бөлмелеріне жасанды жылыту жүйелері орнатылмаған, ондағы микроклимат, яғни ескерткіштің ауа режимі сыртқы ортадағы ауаның климаттық өзгерістерінің, құрылымдардың ылғалдылық жағдайының, желдету процестерінің әсер етуі нәтижесінде қалыптасады. Температуралық-ылғалдылық режимі динамикалық шама болып табылады, сондықтан біз кесененің ішінде де, сыртында да ауа температурасы мен ылғалдылық деңгейін үнемі өлшеп отырдық. 2022 жылдың маусым-

желтоқсан айларының аралығында алынған термофизикалық өлшеулердің нәтижелері 3-ші суретте келтірілген.





Сурет 3 – Кесененің ішкі бөлмелерінің микроклиматы және жылдың әр мезгіліндегі атмосфералық ауаның температуралық-ылғалдылық жағдайы

Ішкі және сыртқы температура мен ылғалдылық мәндерін салыстыру нәтижелері бойынша температура төмендеген кезде ылғалдылықтың жоғарылауы байқалды (3-сурет). Кесененің құрылыс материалдарындағы коррозиялық, биологиялық, химиялық және басқа да бұзылу түрлерінің дамуы негізінен ылғалдың капиллярлық көтерілуімен байланысты деген қорытынды жасауға болады.

Құрылыс материалдарында шоғырланған тұзды шөгінділерді компресс әдісімен тазарту

Құрылыс материалдарында суда еритін әр түрлі тұздардың белгілі бір мөлшерлері болады. Құрылыс материалдағы тұздар құрамын зерттеу екі мақсатты көздейді: 1) суда еритін тұздардың болуы технологиялық үдерістер кезінде құрылыс материалдарының сапасына кері әсерін тигізеді. Бұл жерде, тұздылықтың абсолютті мәнімен қатар, суда еритін тұздардың сапалық құрамы және олардың арақатынасы да маңызды; 2) құрылыс материалдарындағы тұздардың сапалық және сандық мөлшерлері атмосфералық жауын-шашынның құрамына да байланысты болады. Сонымен, қоршаған ортадағы болып жатқан үдерістер барысында құрылыс материалдарының тұздылық құрамына өзгерістер енетіні сөзсіз. Бұндай өзгерістер аса маңызды рөл атқарады, себебі құрылыс материалдарындағы құрамдық бөліктердің сапасын елеулі түрде өзгертеді.

Сондықтан, бұл жағдайды үнемі назарға алып отырған орынды. Әсіресе атмосфералық ластанған ауадан нитрат, сульфат, карбонат және т.б. анион бөлшектері құрылыстық конструкциялық бөліктерге сіңіп, олардың құрамы мен қасиетін күрт өзгертіп отырады. Кесененің ішкі және сыртқы беткейлеріндегі тұздардың химиялық құрамы келесе 1-ші кестеді келтірілген.

Кесте 1 - Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішкі және сыртқы құрылыс нысандарынан алынған тұздар құрамы

Сынам а	Құрғақ қалдық- тар $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	HCO_3^- $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	Ca^{2+} $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	Mg^{2+} $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	Cl^- $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	SO_4^{2-} $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	NO_3^- $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	NO_2^- $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	NH_4^+ $\frac{\text{МГ}}{\text{ДМ}^3}$	pH
Кесен е-нің сырты- нан	18928	366,2	561,1	1,0	190,3	7998,7	4398,5	0,08	0,43	7,3
Кесен е-нің ішінен	11518	122,6	360,7	468,1	248,2	7560,3	1987,4	0,21	0,34	8,0

Кесенелердің құрылыс материалдарының бұзылуын тежеу мен тұздардың жинақталуын төмендету мақсатында бірқатар тәжірибелік зерттеу жұмыстары жүргізілген. Тарихи ескерткіштердің тұрақтылығын сақтауда құрылыс материалдарында түзілген тұздарды жою үшін көптеген елдерде қолданылып жүрген компресс әдісі пайдаланылды. Қабырғалар мен іргелердегі түзілген тұз қабаттарын жою сорбциялық процестерге негізделген. Сорбциялық материал ретінде Трилон Б (этилендиаминтетрасірке қышқылының динарийлі тұзы) ерітіндісіне малынған қарапайым фильтр қағазы қолданылды.

Компресс әдісінде ылғалды фильтр қағазынан жасалған көпқабатты жабыстырғышты толығымен кеуіп қалғанша тұзданған жерде ұстайды. Бұл әдіс барысында құрылыс материалдарының беткі және ішкі жағындағы еритін тұздардың барлығы фильтр қағазына сіңеді.

Тәжірибелік зерттеу жұмыстарының негізінде тұздардан арылу мүмкіндігі анықталды. Көзбен шолу мәліметтері және химиялық анализдерінің нәтижелері 4- 6 суреттер мен 1-ші кестеде келтірілген.



Сурет 4 – Кесененің сыртқы бөлігіндегі тұзды шөгінділердің түзілу көрінісі



Сурет 5 – Кесененің құрылыс материалдарындағы тұзды шөгінділерді жоюға компресс тәсілінің қолданылуы



Сурет 6 – Гидрофобизациялау процесі жүргізілгеннен кейін тұздардан тазартылған бөліктің сыртқы көрінісі

Кесте 2 - Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртқы қабырғаларынан компресс әдісімен тазаланылған фильтр қағазындағы тұздар құрамының мөлшері

Сынамалар	Фильтр қағазының құрғатылып қыздырылғаннан кейінгі салмағы, г	рН	Химиялық құрамының көрсеткіштері, мг/дм ³								
			CO ₃ ²⁻	НС O ₃ ⁻	Ca ²⁺	Mg ²⁺	Cl ⁻	SO ₄ ²⁻	NO ₃ ⁻	NO ₂ ⁻	NH ₄ ⁺
Дистилденген сумен ылғалданған сүзгі қағазы	4490	10,8	120	1345	-	-	142,5	2881	2,25	0,04	0,09
Трилон Б ерітіндісімен ылғалданған сүзгі қағазы (кесененің ішкі беткейі)	20320	11,5	580	7198	-	-	95,2	12438	4,55	0,01	3,97
Трилон Б	21562	9,5	5388	5440	6,0		321,1	1040	1,05	0,04	0,06

ерітіндісімен ылғалданған сүзгі қағазы (кесененің сыртқы беткейі)					1		3	5			
--	--	--	--	--	---	--	---	---	--	--	--

Қорытынды

Кешенді экологиялық мониторинг арқылы алынған тәжірибелік зерттеулер нәтижелері негізінде алуантүрлі факторлардың Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жай-күйіне тигізетін әсері айқындалды. Зерттелінген тарихи және мәдени ескерткіштің жағдайы мен антропогендік, табиғи-климаттық, сонымен қатар қоршаған ортаның басқа да факторлары арасында тәуелділік бар екені анықталды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер Қожа Ахмет Ясауи тарихи-сәулеттік кешенінің тұздануын қоршаған орта жағдайын бақылау мен реттеу әдістерін жасауға мүмкіндік беретін кешенді мониторинг әдісі екені дәлелденді. Қоршаған ортаның табиғи-климаттық және антропогендік факторлардың ескерткіштер жағдайына әсер ету механизмдері мен жолдары өте күрделі және де кесенелерді сақтауға қолайлы жағдай туғызу үшін экологиялық тұрғыдан жүйелі зерттеулерді үздіксіз жүргізуді аса қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Гражданкина Н.С. Исследование строительных материалов комплекса Ходжи Ахмеда Ясави в г. Туркестане. Арх.№ 119. 1954. 48 с.
2. Бахирева Л.В., Родина Е.Е. Инженерно геологические исследования с целью сохранения архитектурно исторических памятников на урбанизированных территориях (примеры зарубежного опыта) // Инж. геология.1992. № 6. 121 - 127.
3. Tassios, T.P. (1986). On Selection of "modem" Techniques and Materials in Structural Restoration of Monuments. In: Proc. of the Intern. Symposium on Restoration of Byzantine and Post-Byzantine Monuments, 358-384, Thessaloniki.UNDP/UNIDO (1984). In: Repair and Strengthening of Historical Monuments and Buildings in Urban Nuclei. UNIDO, ed., 6, Chap. 1,2, 1-6. Vienna.
4. Экологический мониторинг культурного наследия. Анализ и документы.- М.: Институт Наследия, 1990.
5. Мониторинг археологического наследия и земельный кадастр. Научн. ред. Ю.А. Веденин, С.В. Гусев.- М.: ИнститутНаследия, 2000.
6. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути / К.М. Байпаков. Алматы: Гылым, 1998. — 205 с.
7. Электрондық ресурс, URL: <https://opennews.kz/society/12203-qozha-ahmet-jasaui-930-zhyl.html>

8. Отчет инженерно-геологических изысканий на мавзолее Ходжа Ахмеда Ясави в г. Туркестане. // ТОО «Инженерные изыскания» г. Шымкента, Архив НИПФ РГП «Казреставрация» Арх. № 43-2011 – С. 3-6.

Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК
директордың ғылыми жұмыстары
жөніндегі орынбасары.
Шаметов Сакен Таласбекұлы
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК
ғылыми қызметкер

ДІНИ ЖЕРАСТЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

Еліміздің өткен тарихын тануда халқымыздың материалдық мәдениетінің, оның ішінде тарихи-мәдени ескерткіштердің орны ерекше.

Тәуелсіздіктен басталған жаңа тарихи кезеңде біздің Тәуелсіз еліміз, шынында да, бағзының Дәуірлеу кезеңіне барабар ерекше қауырт өркендеу кезеңін бастан кешіріп келеді. Бабалардан қалған мұралар адамзатқа ортақ цивилизация қазыналарын игеруде ерекше қызмет атқарады. Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген рухани тәжірибесі мен материалдық мәдениет объектілері. Еліміздегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің көпшілігі діни, ғимараттар немесе киелі орындар. Солардың қатарында адамзатқа ел тарихын паш етумен елімізде ислам дінінің таралуына елеулі әсер еткен «Қылуат» деген атпен белгілі діни жерасты ғимараттары.

Жерімізге ислам діні ту тіккелі мешіт салу кейбір ғасырлардағы жаугершілік, шапқыншылыққа ұшыраған кезеңдер болмаса, тоқтаған емес [1. 6 б.].

Ғасырлар қойнауынан електен өткендей екшеленіп бізге жеткен – табиғи, археологиялық ескерткіштер мен діни-киелі және тарихи оқиғаларға куә болған орындар тарихын зерделеу мен оларды қорғау Еліміздің тарихын тануда, танытуда үлкен маңызға ие.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдаланудың қазіргі заманғы үрдістері тарихи-мәдени мұраны зерттеуге барған сайын көбірек көңіл бөлуді қажет етеді. Тарихи-мәдени мұраны сақтау, жаңғырту және зерделеу ерекше өзектілікке ие жұмыс. Әлемдік тәжірибеде Мәдени мұра ескерткіштері бірқатар маңызды әлеуметтік функциялары бар мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырылады. Жастар тәрбиесіне үлкен әсер ететін, тұрақты тәрбиелік маңызы бар фактор.

Тарихи-мәдени мұра – бұл халықтың өзіндік болмысын, оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін сақтау және дамыту үшін маңызы бар, өткен ғасырларда жасалған материалдық және рухани құндылықтар. Тарихи-мәдени мұраның жылжымайтын объектілері (тарих және мәдениет ескерткіштері) оның материалдық негізін құрайды және тарихи-мәдени ұлттық ортаны қалыптастырады.

Мәдени мұра – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың рухани байлығы. Тарихи-мәдени мұраны анықтауда, сақтауда тарихи қалалар мен көне кесенелер, сағаналар, көне ғимараттар кешендері, тарихи шайқастар алаңдары, тарихи өндірістік аймақтар және т. б. қорғалатын тарихи-мәдени аумақтарды қалыптастыру идеясына ерекше назар аударылады. Мұндай аймақтар қазір қорық-музейлер немесе басқа да құрылымдар, соның ішінде нақты әкімшілік-аумақтық бірліктер түрінде құрылады.

Елімізде тарих және мәдениет ескерткіштері әкімшілік-территориялық жағынан үш санатқа бөлініп қарастырылады. Олар:

- 1) дүниежүзілік тарих пен мәдениет үшін ерекше маңызды, халықаралық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;
- 2) Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызды, республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;
- 3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызды, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.[2]

Сонымен қатар тарих және мәдениет ескерткіштерін сипаты жағынан 5 санатқа бөліп топтаймыз. Олар: 1. Археологиялық ескерткіштер, 2. қала құрылысы және сәулет ескерткіштері; 3. Ансамбльдер мен кешендер, 4. Киелі объектілер, 5. Монументтік өнер құрылыстары.

Рухани мұраларды қорғау және сақтау мәселесі халықаралық дәрежеде қолға алынған. Көптеген халықаралық актілердің арасынан 1954 жылғы «Қарулы қатығыс кезінде мәдени мұраларды қорғау туралы», 1972 жылғы «Мәдениет және табиғат мұраларын қорғау туралы», 1979 жылғы «Мәдени мұраларды заңсыз тасымалдау және оларға деген меншік құқығын беруге тыйым салу шаралары туралы» Конвенцияларды атауға болады. [3]

Осы орайда, елімізде бүкілхалықтық сипат алған «Қазақстанның қасиетті орындары» жобасы ерекше тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтауда ерекше маңызға ие болды. Жоба бойынша табиғи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар есепке алынып, зерттелуде. Сонымен қатар, Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар кірді.

Бұл туралы «Қазақстанның қасиетті орындары» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі, т.ғ.к. Б.Әбдіғалиұлы: «Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді дей келіп:

Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және ортағасырлардағы, сонымен бірге ХІХ аяғы – ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды. [4, 8-13 бб]

Қасиетті жерлер мен нысандарды анықтап, бабадан мұраға қалған ескерткіштерді мұқият сақтау – туған өлке тарихын таныту басты мақсат.

Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы мен атқарған қызметтерін айқындау және сақтау бүгінде өзекті мәселе. Шақпақ ата, Үлкен Қылуат, Шілдехана, Құмшық ата, Имам Марқозы, Бекет ата, Сұлтан үпі, Жаман Сауран және т.б жерасты мешіттері туралы жазып қалдырған ортағасырлық саяхатшылар, шежірешілер мен түрік, орыс ғалымдары және отандық, шетелдік зерттеушілер еңбектерінде жазылғандай ІХ-ХХ ғасырларда салынып, қызмет атқарған жерасты діни ғимараттары тарихи-мәдени мұра объектілері болып табылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін және мәдени құндылықтарды сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету, насихаттау жұмыстарын жүргізу үшін музей-қорықтар құрылған.

Қазіргі кезең тарихтың бұрын беймәлім қабаттарына үңіле отырып елдің мәдени өмірінің жаңа бағыттарын айқындауға итермелейді. Ұлттық мұраны қайта бағалау жүріп жатыр, ұмытылған есімдер мен оқиғалар қайта оралуда, діни ескерткіштер мен көне ғимараттар қалпына келтірілуде. Тарих, өлкетану, туған өлкенің табиғатын зерттеу туралы көптеген идеялар мен деректердің, ақпараттардың жариялануы ел аймақтарының өміріндегі елеулі құбылыс ретінде сипатталады. Атап айтқанда: ескі басылымдардың көшірмелері, жарияланбаған қолжазбалардың жариялануы және өлкетану жұмыстары сияқты бағыттарда жүргізіледі.

Біріншіден, жеке ескерткіштерді қорғаумен қатар барлық тарихи-мәдени мұраның оның тұтастығын, алуан түрлілігінің сақталуына көшуіміз керек. [5.]. Тұтас сақталды деп атау үшін - мұра объектілерінің өздері, олар өмір сүретін орта, сол жерде өмір сүретін адамдар да мұра ретінде қаралуы тиіс. Тарихи –мәдени мұра ескерткіші орналасқан аумақтың халық мәдениетін, дәстүрін, қолөнері мен идеяларын, тарихи қалалық, ауылдық ортаны, этникалық мәдениетті, табиғи ортаны қамти отырып зерттеп, сақтау қажет. Бұл ескерткішті сақтаудың қажетті негізі шарты ғана емес, сонымен бірге ұлттық қазынаның тікелей және маңызды бөлігі ретінде, елдің немесе оның аймағының мәдениетінің өзіндік ерекшелігін анықтайтын арнайы элементтер түрінде қарастырылғанда ғана тарихи-мәдени мұра толығымен сақталды деп қарастырған жөн.

Тарихи-мәдени мұра құрамына кіретін көптеген тарихи оқиғалардың түсіндірілуі, осыған байланысты тарихи ескерткіштерді анықтау механизмі өте маңызды. Мұнда бұрын кең таралған идеологиялық артықшылықтан алыстау, діни дүниетанымға төзімділік таныту мен түсіне білу, сонымен қатар кез-келген тарихи тұлғаның маңыздылығын ескеру қажет. Мұрағатта

немесе адамдардың жадында сақталған көрнекті тұлғалар, ұмытылған немесе объективті түрде өшірілген тарихи оқиғалар мен есімдерді қалпына келтіруде жоғарыда аталған шаралар маңызды рол атқарады.[6, стр.117-133] Ол үшін ел арасында құйма құлақ шежіреші кісілердің естіген, көрген әңгімелері мен оқиғаларын жинау мақсатында «Ауызша тарих» сынды аудио-видео жазбалар жасау мақсатында ғылыми экспедициялар ұйымдастырудың маңызы ерекше. Тарихи-мәдени мұраны ғылыми зерттеу саласында осы мәселе кенжелеп келеді.

Қазіргі таңда "мұра" ұғымы ерекше мәнге ие болды. Сондықтан алдағы жылдардағы ел экономикасы мен мәдениетінің дамуының негізгі тенденцияларын анықтауда мамандану жүйесіне көңіл бөлу көп істің шешер тетігі.

Кейбір жағдайларда олардың қызметі аймақтың болашақ экономикалық мамандануын, оның әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын анықтай алады. Тарихи-мәдени мұра біртіндеп аумақтың нақты ресурсы ретінде танылып, экономикалық өмірдің жаңа белсенді құбылысы ретінде әрекет етеді.

Кейде тарихи технологияларға жеткілікті назар аударылмай қалады. Кәдесый өндірісін дамыту кезінде көбінесе еңбек өнімділігі мен өнімді өндірудің тиімділігін арттыру үшін мүлдем басқа заманауи тәсілдер қолданылады. Алайда, бұл белгілі бір өндірістің өзіндік ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге тиісті аймақтың мамандануын айғақтайтын технологиялық ерекшеліктердің ескерусіз қалуына әкеліп соғады. Мысалы, Қазақстанның әр өңірінде жасалған керамика бұйымдарын алуға болады. Олардың айырмашылығы бұйымдардың көркемдік келбетімен ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі технологиялық әдістерді қолдануы мен де ерекшеленеді. Мәдениеттердің айырмашылығын анықтауда керамика нағыз индикатор қызметін атқарады, оның дамуы мен туыстығы, дайындау техникасы керамикалық сараптама жасағанда өте оңай анықталады. Ыдыс қолдан жапсырылып жасалды ма, балшық шеңберлерінен құрастырылды ма немесе көзешінің құралымен дайындалды ма, оның сыртын өңдеу тәсілдері қандай (ангоб, өрнек салу, жылтырату) болғандығы бойынша қай өңірде жасалғандығы да оңай анықталдады. «Керамика – наиболее яркий индикатор культурных различий, развития и родственности, техника ее изготовления сравнительно легко выявляется при керамическом анализе». [7, стр 6-13].

Тарихи технологияларды сақтау-дәстүрлі кескіндеме, халықтық қолөнер мектептерін (қыш, тоқу, шкаф жасаушылар өнері және т.б.) жандандырудың маңызды шарты[8]. Көптеген технологиялар (мысалы, Маталарды бояу үшін өсімдік бояғыштарын қолдану) экологиялық таза және антисептикалық қасиеттерге ие, сонымен қатар олардың қайта жандануының маңыздылығы.

Осылайша, қазіргі заманғы мәдени дамудың маңызды үрдісі — тарихи-мәдени аумақтар жүйесін қалыптастыру. Мәдени саясаттағы бұл жаңа бағыт мұраны ең алдымен аумақтық қағидат бойынша сақтауды көздейді.

Ұлттық тарихи-мәдени мұра жекелеген қалалар мен аймақтардың әлеуметтік және экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Осы нақты ресурс бірқатар аймақтардың әлеуметтік дамуының негізгі көзіне айнала алады. Басқаша айтқанда, соңғы жылдары әлемдік тәжірибеде тарихи-мәдени мұра көптеген өңірлердің әлеуметтік-экономикалық өмірінің жаңа факторы және аймақтық экономиканың дамуының ерекше көрсеткіші ретінде көрініс беруде.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ә.Дербісәлі. «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» Алматы. 2009ж. 6 б.
2. *Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ. "Егемен Қазақстан" 30.12.2019 ж., № 249 (29728);*
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тарихи_және_мәдени_ескерткіштерді_қорғау
4. Б.Әбдіғалиұлы. *Киелі жерлер - ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны». «Қазақ хандарының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы рөлі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Түркістан. 2018 ж.8-13 бб.*
5. П.М. Шульгин. *«Историко-культурное наследие как особый ресурс региона и фактор его социально - экономического развития». Мир России. 2004. №2. стр.117-133*
6. П.М. Шульгин. *«Историко-культурное наследие как особый ресурс региона и фактор его социально - экономического развития». Мир России. 2004. №2. стр.117-133*
7. Акунова Л.Ф., Крапивин В.А. *«Технология производства и декорирование художественных керамических изделий. М., 1984.—с.*
8. С. Бурбеева. *«Культурное наследие – общечеловеческое достояние» <http://old.vecher.kz/allnews/tu-an-zher/kulturnoe-nasledie-obshchechelovecheskoe-dostoyanie>*

Түйін

Мақала Қазақстандағы жерасты діни құрылыстарының тарихы, атқарған қызметі мен бүгінгі таңда тарихи-мәдени мұра ретінде қалыптасуы, ел тарихын жас ұрпақтың ұғынуы, тарихымыздағы рухани құндылықтарды зерттеуде орасан зор маңызы барын айғақтайды.

Мақаладағы ғылыми нәтижелер тарихи танымымызды толықтырып, өскелең ұрпаққа халқымыздың діни-рухани тарихын танытатын болады. Сонымен қатар, еліміздегі діни-рухани объектілердің сақтаудың маңыздылығын атап көрсете отырып, оның қорғаудың жолдарына бағыт-бағдар береді.

Зерттеу нысанын анықтауда тарихи деректер мен тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, болжам жасау, талдау тәсілдері қолданылды.

Резюме

Статья свидетельствует об истории подземных религиозных сооружений в Казахстане, их деятельности и становлении на сегодняшний день историко-культурным наследием, о понимании истории страны подрастающим поколением, об огромном значении в изучении духовных ценностей нашей истории.

Научные результаты статьи будут дополнять наше историческое познание и представлять подрастающему поколению религиозно-духовную историю нашего народа. Вместе с тем, подчеркивая важность сохранения религиозно-духовных объектов в стране, он дает ориентир на пути ее защиты.

В определении объекта исследования использовались подходы сравнения, прогнозирования, анализа, направленные на раскрытие содержания исторических данных и сформулированных фактов.

Summary

The article testifies to the history of underground religious buildings in Kazakhstan, their activities and the formation of historical and cultural heritage today, the understanding of the history of the country by the younger generation, the great importance in the study of the spiritual values of our history.

The scientific results of the article will complement our historical knowledge and present to the younger generation the religious and spiritual history of our people. At the same time, emphasizing the importance of preserving religious and spiritual objects in the country, he provides guidance on the ways to protect it.

In determining the object of research, approaches of comparison, forecasting, analysis were used, aimed at revealing the content of historical data and formulated facts.

Байболов Берік

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығы
Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы

ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕ ҰҢЫТ БОЛА БАСТАҒАН ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақстанның оңтүстік өңірінде жерасты мешіт медреселері ортағасырдан бастау алып, XX ғасырдың 40-50 жылдарына дейін үздіксіз

жұмыс атқарғандығы зерттеулер мен әдебиеттерде кездеседі. Оған дәлел ретінде Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылық ілім қарапайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындаған, ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер етті. Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті әрі туысы Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының қаламынан туындаған «Насабнама» қолжазба шежіресінде Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың өзі отызға жуық «Қылует» жерасты мешіттеріне шәкірт баулығындығы айтылады. Ал, Қожа Ахмет Ясауидің өзі елуден аса «Қылует» жерасты мешітіне жұмысына басшылық жасап, төл шәкірттерін шартарапқа діни білім беру үшін жіберіп отырғандығы айтылады. Сонымен бірге, аталмыш қолжазбада Садыр шайықтың баласы Данышпан Зарнұқи (Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті) «Түркістанда қырық жыл қылует мешітінде қызмет етіп, ұстазы Қожа Ахмет Ясауи оны Отырарға жіберіп, онда қырық жыл қылует жерасты мешіттерін басқарып, жетпіс жыл Қызырмен сұхбатта болғандығын және Отырарда жерленгендігі» айтылады[1-29].

Ясауия тариқатындағы қылует рәсімі жайлы ғалым Ф.Көпрүлү 1914 жылы жазған «Шура меджмуасы» атты мақаласында былай жазады: «Қылует қалаған адам халықтың жаманшылығынан қорғану үшін емес, өз жаманшылығынан қорғану үшін бұл әрекетті таңдап алдым деп ойлауы керек. Өйткені керісінше болған жағдайда өркөкіректік пен тәкапарлыққа жол береді» [2-19].

Әдебиеттерде «Қылует» деген ұғым X ғасырда пайда болғандығы жайлы жазылады. «Қылует» сөзі арабша «Халуәтун» - жалғыз, жеке өмір сүруге ұмтылу деген сөзден шыққан, сонымен түркімен тілінде «Қылует» - «құпия» деген мағына беретіндігін ғалым С.М.Давыдов өзінің «Суфизм в Туркмении» деген еңбегінде жазады. «Ислам, Энциклопедия словарь» кітабында «Қылует» ұғымы суфизмнің бір саласы ретінде X ғасырдан бастап түркі тілдес халықтар арасында пайда болып, XIV ғасырға дейін Таяу шығыс пен бүкіл мұсылман әлеміне кең етек жайғандығы жазылады. [3-41] Алайда пайғамбарлық уаһи болғанға дейін Мұхаммед (с.ә.у.) жеке үңгірде жиі-жиі оқшауланғандығын да атап өткен жөн.

«Ғар» сияқты жеке адамның өмір сүруіне арналған бөлмелер Түркістандағы Қарнақ елді мекенінде, Сайрам мешіт құрылысында, Маңғыстау өңіріндегі Шопан ата мешіті, Бекет ата мешіті, Шакпақ ата мешіті, Сұлтан Үпі мешіті, Бұхарадағы Бахаутдин құрылыс кешенінде, Пскент ауданындағы «Янтақ» селосында, Самарқандағы Шахи Зинда құрылысында, Ташкенттегі Зайнутдин – баба кесенесінде және Құсам инб-Аббас кесенесінде кездеседі. Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» еңбегінде мұндай мешіттер Отырарда және Сырдың батыс бетіндегі Зернұқ (Уәсидыс) қаласында да болғандығы айтылған.

Бүгінгі тақырыпқа арқау болып отырған оңтүстік өңірде ескерткіштер тізіміне алынбаған ұмыт болған жерасты мешіттері жайында болмақ. 2022 жылы «BR10164268 Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы

және «Қылу» жерасты мешітін музейлендіру» ғылыми бағдарламасы аясында зерттеу тобының мүшелері т.ғ.д., профессор Х.Тұрсұн, т.ғ.к. З.Жандарбек, магистр Б.Байболов, С.Шәметов Түркістан облысы, Келес, Қазығұрт ауданында ғылыми іс сапарда болды. Сапар барысында Келес өзенінің бойында XIX ғасырда қам кесектен салынған Етжемес Ешанның жерасты мешітіне зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Етжемес ешан туралы бір ғасыр бұрын жазбаша дерек қалдырған, патшалық ресейдің генералы Н.С.Лыкошин (1870-1922) өзінің «Түркістанда өткен жарты ғұмыр» кітабында, Етжемес ешанның «дербісанасына» 500 адамға дейін жарлы-жақыбайлар қатысып, тамақтанатынын жазған. Осынша адамды тойындыратындай Етжемес ешанда байлық болмағандығы айтылады. Генерал Н.С.Лыкошиннің жазғанына қарағанда, Етжемес ешан мүридтері мен жеке адамдардан келген сый-сияпаттар, қайтадан халықтың мұң-мұқтажына (арық қазу, көпір салу, бау-бақша өсіру, жоқ-жұқаналарға азық-түлік тарқату т.б.) жұмсалатын. Соның бір жарқын көрінісі – дербісана өткізу еді» [4-85 -деп жазды.

«Аллаға бар ынты-шынтысымен берілген Баба Шадманқожаұлы (1833-1913), диқаншылықтың шебері болған Салықбек ахун мен Шажүсіпқожа Етжемес ешанды пір тұтып, оларға бірнеше жыл шәкірт болып, ұстаздарының мөрлері басылған, ешандық дәрежеге жеткендігін растайтын қағаз алады. Білімін әлі де жетілдіруді мақсат еткен жас ешан, Ташкент түбіндегі, сол кезде қазақтар көп жасайтын Көкше елді мекеніндегі Шайх Зайниддин баба (1164-1269) сағанасындағы сыз әрі қара көлеңкелі қылу» түсіп, жер бетіндегі тіршілікті тәрк етіп, Аллаға 40 рет 40 күннен (1600 тәулік) мінажат еткен. Осыған дейін алған білімімен Жаратқанға жақындау жолын іздеген ол, басқаларымыз біле алмайтын, анығырағы ақылымыз жете бермейтін, Алла сыйлаған қасиеттерге ие болды. Оны Алланың мейірімі, жарылқауы ретінде қара халықтың игілігіне жаратты. Жалғыз ғана Жаратушымыздың бар екендігін, өзінің адам таңқаларлық кереметтерімен біздің арғы бабаларымызға көрсетті. Рухани әлеммен байланысқа қолы жеткен Етжемес ешан атамыз әулие атанды, дін ғұламасы деп танылды. Құдай жалғыз, ол әуелден бар болған, ол мәңгілік деген адамға, Алланың сүйікті құлы Етжемес ешан атаның әруағы араға түсіп, әлі де қолдауын көрсетіп келеді. Бастарына іс түскен немесе ауыр ған адамдардың Иман шарттарына адал болып, Етжемес ешан атаны уәсила етіп, Аллаға жалбарын ғанда мәселелерінің оң шешім тапқанын ризашылықпен айтатындар көп. Қазіргі «Сарыағаш» шипажайының батыс жағында, көз жетер жердегі Құдайқұлдардың ескі қыстауына алғаш көшіп келген 1866-жылы, Етжемес ешан отыз үш жасқа енді ғана толған еді. Орыстар Ташкентті Қокандықтардан тартып алғанының екінші жылы болатын. Генерал Н.С.Лыкошиннің жазбасында Етжемес ешанның қазақтар арасында жасаған кезінде төрт жерде жерасты мешіті-қылу» болған делінген. Соның біріншісі, кейін бүкіл Ташкент өңіріне «Ешан бау» деген атпен белгілі

болған ауылдағы «Ешан ата мазарының» күн шығыс жағынан қазылған еді. Етжемес ешан ата осы ауылда талай рет дербісана өткізген. Алланың өзі және оның Құрандағы сөзі туралы жиналғандар алдында уағыз-насихатын жүргізген. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін оқыған, көпшілік болып, Зікір салып, Алланы еске алған. 1872 жылғы Ташкентте, 1892 жылғы қазіргі Қызылорда мен Шымкент ортасындағы елде оба ауруы тарқағанда, оны тоқтату үшін, Етжемес ешанның емшілік жүргізген жанқиярлық еңбегін айтуға болады» - дейді ғалым С.Саттарұлы.

Келестік көнекөз қариялардың айтуынша, 1867-1882 жылдары Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфман Алланың қаһарына ұшырап, өлетін халге жеткенде, Етжемес ешан оны Құран аяттарымен оқу арқылы емдеп жазған екен. Алла сөзі жазылған Құранның осы құдіретін мойындаған губернатор Исламды қабылдап, әр жұма сайын 25 шақырымдай қашықтықтағы Ташкенттегі резиденциясынан Ешан ата имамдық еткен, қазіргі Абай ауылындағы «Ешан Баба» мешітіне келіп, жұма намазын оқыған екен. Етжемес Ешан мешітінің орнында, бір мезгілде 3000 адам намаз оқи алатын, 6 күмбезді мешіт те салдырған деген пікірлер кездеседі.

Зерттеу нәтижесінде Етжемес ешан жерасты мешіті екі бөлмеден тұрады. Кіреберіс дәліз бөлмесінің өлшемдері ені 3 м., 7 см, биіктігі 3 м., 10 см, диаметрі 2 м., 41 см. Екінші ғар бөлмесі есігінің өлшемі: ені 69 см, биіктігі 1 м., 31 см құраса, ғардың ішкі өлшемдері: ені 2 м., 20 см x 1 м., 38 см Ғар бөлмесінің жалпы биіктігі 2 м., 3 см. [4-84-86]

Оңтүстік өңірдегі ғар бөлмесі сақталған рухани орындардың бірі - шілтен жерасты ғибадат орны. Ол Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат елдімекенінде Исмайыл ата кесенесінен шамамен үш шақырымдай жерде таудың етегінде орналасқан. Заманында Өзбекстанның Тәшкент, Наманган, Бұқара, Жизақ және еліміздің басқа өңірлерінен сопылар қыстың, жаздың шілдесінде жиналып, қырық күн зікір ғибадатын орындайтын орын болғандығын атап өтті. Өлі күнге дейін сопылар көктем, жаз, күз мезгілдерінде келіп, мінәжаттарын орындап отыратындықтарын жергілікті шырақшылар жеткізді. Жерасты мінәжат орны уақыт өте келе ғар бөлмесінің іші топыраққа тола бастағандықтан, жергілікті шырақшылар тарапынан цементпен құрсауланып құйылған. Ішкі ғар бөлмесіне түсіп, өлшемдерін алуға мүмкіндік болмады. Тек ғарға түсетін үңгірінің өлшемдері 1 м., 15 см x 1 м., 30 см, ғардың тереңдігі 3 м., 5 см құрайды. Ғардың ішкі бөлмелеріне аршу үшін археологиялық қазба жүргізуді қажет етеді.

Шілтен парсы тілінен енген сөз, ол екі түбірден құралған шіл-тен. Шіл парсы тілінде чил түрінде айтылып, «қырық» деген ұғымды білдіреді. Тен, тон болып айтылған, қазақ тілінде дара жұмсалғанда тән қалпфында айтылады. Парсыларда чилтон (қырық тән) «көрінбейтін қырық қолдаушы» ретінде түсіндіріледі. [5-41]

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат елдімекенінде Исмайыл ата кесенесінің оң жақ беткейінде ескі мешіттің орны сақталған. 1930-1940 жж. ескі мешіт орны бұзылып, кірпіштері басқа нысан құрылыстарын салуға

жұмсалған. 2018 жылы Исмайыл ата кесенесінің шырақшылары ескі мешіт орнына тал егіп суару нәтижесінде кірпіштері опырылғандығын анықтаған. Зерттеу тобы жерасты құрылысының Түркістандағы Құмшық ата жерасты мешітіне ұқсастығын анықтады. Екі жапсарлас салынған жерасты бөлмелері оған жалғанған ғарға ұқсас бөлмені байқауға болады. Кеңес заманының алғашқы жылдарында таулы аймақтарда қыз мезгілінде жердің тоңы қалың болғандықтан, жергілікті тұрғындар жерасты құрылыстарына мәйітті көктемге дейін сақтаған. Көктем шыға Исмайыл ата маңындағы қорымға жерасты құрылысында сақталған мәйіттерді қайта жертелейтін болған. Жерасты мешітінің кірпіштері Қожа Ахмет Яхмет Ясауи кесенесі кірпіштерінің көлеміне ұқсас. Өлшемдері: 25 см x 25 см.

Қатар салынған екі жерасты бөлмелерінің өлшемдері: ені 1 м., 60 см ұзындығы 5 м., 10 см, ал ғар бөлмесіне ұқсас жапсарлас бөлменің өлшемі 1 м., 50 см x 1 м., 50 см құрайды.

Зерттеу нәтижесінде сопылардың қырық күн бойы Аллаға мінәжат ететін орны болу керек деген қорытындыға келдік. Жерасты мешіті археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу кезек күттірмейтін мәселе.

2021 жылы Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Абай ауылында «Ясауи ізімен» ғылыми экспедициясы аясында сопылардың мінәжат орны - жерасты мешітінің орны табылды. Абай ауылының тұрғыны Досжан Қыдырәлінің айтуынша, «Заманында Байғара би, Құнанбай қажы бастаған ел тұтқалары Түркістаннан бір топ қожа-молдаларды Шығыс жеріне алдырып, мешіт-медресе салдырып, балаларға діни білім беру жұмысын үйлестіреді. Сол шығыс жеріне қоныс аударған Шахи Ахмет ишан қайта оңтүстік өңіріне қоныс аударып, өздерінің ата қонысы Түлкібас ауданына қарасты Абай елдімекеніне тұрақтап, мешіт-медресе салғызады. Жылына бір рет Аппақ ишан, Етжемес ишан сынды діни тұлғалар шәкірттерімен осы жерасты мешітіне жиналып, құлшылық жасаған. Шахи Ахмет ишан Созақ жеріне қоныс аударып, ұлы Сапар Мағзұмға мешітті басқаруды тапсырған екен. Жерасты мешіті мен медресесін Шахи Ахмет ишан салғызған болуы ықтимал. Бір мезетте жиналған молдалар жерасты мешітіне 30-40 адам болып түсіп, діни ғибадаттарын орындаған. 1890-1910 жж. Н.Шабуров бастаған орыс әскерлері жерасты мешіті мен медресені бұзып, қожа-молдаларды қудалаған. 1926 жылдары Сапар Мағзұм Абай ауылына қайта оралып, мешіт-медресе орнынан мектеп салдырып, ауылдан жаңа мектеп бой көтергенге дейін, 1970 жылдарға дейін бастауыш мектеп ретінде жұмыс атқарған», - деген пікір білдірді. Өлкентанушы А.Қабден-Кәрімнің жазуынша «Шахи Ахмет әйгілі Байғара бидің ауылында Аягөз, Тарбағатай өңіріне ілім таратқан ғұлама, Бұқара, Уфа сопыларынан білім алған зиялы. Ол патша үкіметі тарапынан қуғындалып, итжеккенге Үркітке айдалады. Халық тақуаны мал жинап, соңынан іздеп барып абақтыдан құтқарып алады, ол кісі Тройцк арқылы Аягөзге аман-есен оралады. Кейіннен қуғын-сүргіннен бой тасалап, Созақ өңіріне орналасып рухани ілімін жая түскен. Оның баласы Сапар Мағзұм қазіргі Түркістан облысына қарасты Түлкібас ауданының

Көкбұлақ елді мекеніне келіп, діни-ағартушылық қызметтер атқарған. Көкбұлақтағы ауыл қарияларының айтуынша, дінге қарсы атеистік көзқарас орнағанға дейін осы ауылда жұма сайын жан-жақтан машайықтар жиналып, мешіт құжырасында зікір салып, ауру-сырқауларды шілдеге салатын орын болған екен»,-[6]деп жазды. Түлкібас ауданы, Абай ауылында орналасқан жерасты мешітінің ұзындығы шамамен 8 м., ені, 7 м. құрайды.

Қорыта айтқанда, мақалада айтылған оңтүстік өңірдегі жерасты мінәжат орындарына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, тарихи-мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қарауына алу кезек күттірмейтін мәселе. Тарихи ескерткіштер тізіміне алынған ұмыт бола бастаған әрбір жерасты мешіттері рухани туризмнің дамуына өз септігін тигізетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сафи ад-дин Орын Қойлақы «Насабнама», Түркістан ,1992 б., 29 б.
2. Көпрүлү Ф.Қ. «Қ.А.Иасауи танымы мен тағылымы», Шымкент, 1999 ж., 19 б.
3. М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары»,А., 2000 ж. 41 б.
4. Тұрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С., Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ. «Қазастандағы рухани жерасты мешіттері» (Анықтамалық жинақ) Алматы 2022 ж., 84-86 бб.
5. З.Х.Гулмов «Чил сузиннинг кулдониши ва магыналары» Узбек чевалары лексикасы. Тошкент, 1966 и. 41.
6. «Қазыналы Созақ – ұлт руханиятының қайнары», «Егемен Қазақстан». 18 қаңтар, 2022 ж.
7. «Ясауи ізімен» ғылыми экспедиция Есебі. 2021 ж.

Уайсова Амина,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті,
PhD доктор, аға оқытушы
amina.uaisova@mail.ru
Уайсова Айгүл
Astana Aqshamy газеті, тілші
uaisova.a@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ТҰЛҒАЛАРЫН ӨЛКЕТАНУ АРҚЫЛЫ ТАНЫТУ: АЙҚОЖА ИШАН

Көнекөз қарияларымыздың арамыздан кетіп жатқаны, өз заманының тарихын, мәдени мұралардың бір қатпарын ала кеткенмен бірдей. Қазіргі

заманда ел аузынан, ғалымдардың, зерттеушілердің, өлкетанушылардың және етжақын туыстардың іздемаздығының арқасында бір Үлкен отбасының тарихын зерттеу арқылы, қазақ қоғамының бір заманын сипаттауға болады. Тарихтың тереңіне үңілу, болашақ ұрпақтың дұрыс бағдаршам алып, рухани бай болып өмір сүруіне мүмкіндік береді. Біз зерттеп отырған Айқожа ишанның өмірі, өнегесі, ұрпақтары және замандастарының бүгінге жеткізген әңгімелері аңыз бен шындықтың шекарасында деп тұжырымдауға болады. Қазіргі ұрпағының өнегелі істері, ата жолын қуып елге қызмет етуі, оларың атадан дарығын қасиет екені анық.

Қазақтың бірегейлілігін анықтайтын тіл, дін, дәстүрлер мен және мәдениеті, тарихты деп білеміз. Осы бірегейлікті бір қыры ислам дінімен байланысты. Қазіргі уақытта халық арасында сақталған неке қию, жерлеу рәсімдері, ауыз ашар, бітір, қатым сияқты дәстүрге айналған іс-шараларды атап айтуға болады [1]. Дегенмен, ұлттық дәстүрдің де сипаты бар. Мысалы, ел арасында көптеген құнды дүниелерді сақталуына әсер еткен «иіс» ырымы. «Иіс» деп атадан қалған дүниеге мұра болсындөп көп тұтынған киім, әшекей, бағалы заттар және т.б. етжақын туыстары мен сыйласқан замандастарына таратылған. Бүгінде осы қалған материалдық құнды дүниелерді жинақтап зерттей отырып, белгілі бір заманның бейнесін жасауға болады. Мысалы, 1-ші суреттегі тақия Қоқанда Кәттекенегес деген жерде Қоқан хандардың пірі Уәлихан деген махтум ағзамның ұрпағының қолында бабаларының қалған мұра ретінде сақтаулы тұрғаны белгілі. Бұл Айқожа ишан бабамызды тиесілі болған дейді.



1-ші сурет. Айқожа ишанның тақиясы

Осы уақытқа дейін құнды материалды және рухани дүниелері жеткен Айқожа ишан жайлы мәліметтерді жеткізушілер *теология және философия ғылымдарының докторы* Досай Кенжетай, Балтақожа Жапарұлы, Мұзарап Махмұтұлы, Фазылхан Караматұлы, Саян Шерментайұлы Қожамұратов, *этнограф* Сауран Елеуов, *жазушы-драматург* Оразбек Бодықов, Әмір Мәжитов Айқожа ишанның ұрпақтарының естелігінен атаның ерекше қасиеттерін, өмірін, халыққа жасаған қызметі жайлы құнды дүниелер жинақтаған. Бүгінгі күнге жеткен ақпараттардан Оқас атаның естелігінен алынған мәліметтерде көңілге қонымды түпнұсқа мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік болған.

Жалпы зерттелген ақпараттардан Айқожа ишанның білімін, қоғамдағы қызметін, ерекше қасиеттерін білеміз. Біріншіден, аңыз бабамыздың тұлға болғаны анық. Ол Темірқожа ұлы Айқожа ишан бабамыз шамамен 1773 жылы Сыр бойында, Жаңақорған ауданының «Қара Сопы» мешіті

орналасқан, бұрынғы «Иір-көл» деп аталатын жерде дүниеге келіп, 1857 жылы 84 жасында «Ақтас» деген жерде дүние салады. Руы дуана Хожа (лақап аты), негізгі аты - Әжі Мәді- деген кісі екен. Айқожа ишан сегіз жасында Абылайханмен кездесіп, батасын алғандығы туралы мәліметтер де кездеседі. Бабамыз Кенесары ханмен де кездескені жайлы әңгімелерді этнографтар зерттеулерінде айтылады [2].

Бабамыз өмір сүрген заманда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарда көшпенді және жартылай отырықшылық, сауданың дамып отырған уақытына келеді. Ұлы Жібек жолының керуен жолдарында сауда керуендері жүріп, тауар алмасуы болған. Біздерге жеткен деректерден білетініміз Айқожа ишан білім алу үшін он екі жасында Бұхара қаласына керуендерге ілесіп барады. Медресені тәмамдар алдында үш жыл бұрын Айқожа бабамыз, сол кездері Бұхараға, одан кейін Ауғанстанда «Кәрді ұлыққа» жеткен бабамыз аталмыш оқу орнында ұстаз-пірі болған Ислам Шайхпен кездесіп, оқуға қабылданады екен. Аз ғана уақытта ғылымдардың бағдарламаларын толық меңгерген бабамызға оқуын тәмамдағандығы жөнінде куәлік қағаз «Шатырхат» беріледі. 2-ші суретте шатырхаттың көшірмесін көруге болады. Шатырхат Түркістан қаласында тұратын Ахметжан Әбсеметовтің қолында.



Сурет 2. Айқожа ишанның шатырхаты

Сонымен руханият біліммін байланысты екенін білеміз. Руханияттың қажеттілігі жергілікті халықтың өмір салтында, әлеуметтік жағдайында, дәстүрлерде, шиеленіскен дау дамайды шешуде қарым-қатынасты жақсарту, имандылыққа тартудан білінеді.

Қазірде «киелі» деген атпен көбірек танылатын нысандармен, сол жерде өмір сүрген адамдардың өмір салты тарихи тұлға болып қалыптасқан, тарихи оқиғалармен байланыстырылады.

Бабамыздың қасиетінің феноменін зерттеу бірнеше өлшемдерге сай келетінін анықтауға болады.

Біріншіден, объективті тарихы өлшем, киелі аймақтарды әртүрлі дәуірлерге тән ғибадат құрылыстарының қалдығының болуы, ерекше табиғат нысанының болуы, яғни қасиетті бұлақ, ағаш, ежелгі уақыттан хабар жеткізетін аңыздар, «әулиелер» деп аталатын аумақтардың болуы, сонымен қатар географиялық ерекшелігі, жер бедерінің ерекшелігі, үңгірлер, жартастар, ірі су ағындары, ерекше геологиялық құрылымының болуы,


биологиялық және медициналық ерекшелігі адамдардың киелі жерлерде өздерін ерекше сезінуі т.б.

Екіншіден, субъективті ерекшеліктер адамдардың психоэмоционалдық өзерістері, сенім арқылы аурудан жазылу, зікір айтып жолдарын ашу т.б.


Осыған орай Айқожа ишанның өмірі географиялық жағынан Тұран ойпатының Сырдария өзеннің жанында өткен. Оқудан оралған Айқожа бабамыз кіндік қаны тамған туған жері, «Иіркөл» деген, қазіргі «Қарасопы» деген жерге келіп қоныстанады. Ол кезде дариядан бөлініп шыққан «қылы» арықтар бөлініп ағып, ағын судың күшіне шыдамай суға құлаған жерлер жар қабақтанып қала береді екен де, су сағасына лай басып көлге айналады екен. Жергілікті құрылыс материалдарын пайдаланып, халық жиналып қазіргі «Қара Сопы» мешітінің орнына қам кесектен мешіт салады. Айқожа бабамыз мешітке жиылған жамағатқа қамқор болып, даңқы алашқа тарайды да кетеді. Бабаның даңқын естіп, күйзелген елдің көңіліне – қуаныш, дертіне – ем, ұлсызы – ұлға, қызы жоғы – қызға ие болып, Айқожа бабаның ілімінің құдіретіне тәнті болып бас иіп, жанын берердей мойынсұнады. Айқожа ишанның білімі мен қатар ерекше қасиеті болған. Сол қасиет Қазақстанның әр жерлерінде өмір сүрген ишандар арасында да кездеседі [3].

Айқожа ишанның ізгі істерінің біздерге жеткен бір аңызымен бөлісетін болсақ, табиғат құбылысының да ерекшеліктерін меңгергені білінеді. Айқожа ишан қасиеттілігі сусыз жерге бұлақ шығарған деген аңыз да бүгінгі күнге жетіп отыр. Жаңақорғанның қасында Бесарық деген жерде, бабамыздың шотаяқ алып суға малыған кезде, жалғыз бұлақтан бес арық тараған екен. Содан бастап бұл маңай «Бесарық» атаныпты [4].

Айқожа ишанның бойынша 4 түрлі қасиет болған: ақындық, ишандық, палуандық, тәуіпшілдік. Осы қасиеттері де ұрпақтарының бойынан ішінара кездесіп отырады. Бұл арқылы имандылық, бітімгершілік, емдеу арқылы көмектесіп отырған. Яғни әлеуметтік мәселелердің шешуіне себепші болған. Айқожа ишанның әділ шешім шығарған қазы болғанының да дәлелдері бар. Өзбекстан мұрағаттарында Қазақстан тарихына қатысты жәдігерлердің көптеп сақталғаны белгілі. Солардың ішінде Айқожа ишанға қатыстылары да бар екен. Белгілі жазушы Мардан Бәйділдаевтың жеке қорынан алынған мына бір парсы тілінде жазылған екі құжатта (3-ші сурет) Айқожа ишанның есімі және мөрі қойылған. Әсіресе екінші құжатта оның Жаңақорған өңіріне қазы болып тағайындалғаны, өзінің әділдігімен елдің құрметіне бөленгені, жұртты ұйымдастырып оларды басқару қабілеті жоғары болғандығы айтылған.



1816 жылғы ҚҰЖАТ




1832 жылғы ҚҰЖАТ

Сурет 3. Айқожа ишанның мөрі басылған құжаттар

Бұл өз заманында елдің ұйытқысы болған бабамыздың білімінің, әлеуметтік қарым-қатыстарды шешудегі маңызды рөлінің дәлелі.

Заманының озық бірегей тұлғасы болған Айқожа ишанның кесенесі Жаңақорған кентінің оңтүстік-батысқа қарай 49 шақырым жерде орналасқан. 4-ші суретте кесененің XIX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы бейнесі көрсетілген.



Айқожа ишанның кесенесі. XIX ғасырдың соңы.



Айқожа ишанның кесенесі. XXI ғасырдың басы.

Сурет 4. Айқожа ишанның кесенесі

Кесене тікбұрышты күйдірілген кірпіштерден (26×13×6,5 см) тұрғызылған, жоспарындағы аумақтық өлшемдері 18,55×19,0 м., биіктігі – 20 м. Пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіттің қасбеті шығыс жақта орналасқан. Кесене күмбезіне 4 қырлы, 2 қабатты мойындық арқылы көтерілуге болады. Қабырғалары сәндік өрнектермен әшекейленген. Кіреберіс жағында үш биік, сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған. Солтүстік және оңтүстік жақтағы қабырғасына әшекейлі терезелер орнатылған. Солтүстігіндегі терезенің астыңғы жағында және бір есік бар. Кесененің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында орналасқан. Солтүстік іргесіне жүргізілген қазба жұмысы барысында төртбұрышты шағын бөлмелердің іргетасы сақталған, бұл мешіт жанындағы медресе орны. 1984 ж. тарихи ескерткішті қалпына келтіру

жұмыстары жүргізіледі. Ақтас кесенесі қайталанбас өнер туындысы ретінде 1982 ж. республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіші тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынды [5].

Қазіргі сакралды жерлерді дәріптеу, оларды жас ұрпақ санасына жеткізу, күрмеуі көп қоғамда батысқа еліктеушілікке тұсау болары еді. Бабамыздың ізгі жолы халқына қызмет ету, даналық көрсетуі патриоттық сезімді туғызады. Қазіргі таңда елі мен жерін танымай өсіп жатқан жас ұрпаққа, өлкетану арқылы патриоттық сезімді оятып, елге, жерге деген құрметті сіңіру маңызды. Сондықтан өлкетану арқылы, елімізді тану, ескімізді елеу, тарихты түсіну, дұрыс шешім шығару үшін де қажет шығар деп ойлаймыз. Алдағы уақытта да бабамыздан қалған туынды ақпараттармен бөлісе береміз.

Әдебиеттер тізімі:

- [1] Ф. М. Жармакина , «Роль религии в современной идентичности казахского народа,» № 2, pp. 13-18, 2017.
- [2] Шайдарбек Қ.Ә., Өткен әзиз әулиелер: тарихи әпсана, аңыздар, Қызылорда: Полиграфия Баспа үйі, 2014.
- [3] К. Досай , Айқожа Ишан дәуірі және қазақтың діни саяси ахуалы туралы.
- [4] «Айқожа ишан: өнегесі мол діни тұлға,» 2002. [Қосылған]. Available: <https://zhanaqorgan-tynysy.kz/zanalyk/madeniet/1112-ayozha-ishan-neges-mol-dni-tla.html>.
- [5] Жапарұлы Б., Омарұлы Ж., Қажы Мәді (Дана) қожа баласы Бақмұхаммедтің ұрпақтары, Алматы, 2002.

Түйін

Мақалада бірегей тұлға Айқожа ишанның өмірімен байланысты біздерге жеткен материалдық және рухани құнды материалдарымен бөлісу арқылы, өлкетану маңыздылығы ашылады.

Түйінді сөздер: Айқожа Ишан, рухани құндылық, өлкетану, мешіт, кесене

Резюме

В статье раскрывается важность краеведения, делаясь материальными и духовными ценностями, которые дошли до нас, связанных с жизнью уникальной личности Айкожа Ишана.

Ключевые слова: Айкожа Ишан, духовная ценность, краеведение, мечеть, мавзолей

Abstract

The article reveals the importance of local history, sharing the material and spiritual values that have come down to us related to the life of the unique personality of Aikozha Ishan.

Keywords: Aikozha Ishan, spiritual value, local history, mosque, mausoleum

Б.Е. Оспанов

п. ф. к, өнертану доценті, Қазақстан Республикасының
Суретшілер одағы мен дизайнерлер одағының мүшесі,
"Астана" Халықаралық университетінің
жоғары өнер және дизайн мектебінің профессоры

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ: НӘТИЖЕЛЕРІ, ЖОЛДАРЫ
ЖӘНЕ САҚТАУ ІЗДЕНІСТЕРІ
КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА: РЕЗУЛЬТАТЫ, ПУТИ И
ПОИСКИ СОХРАНЕНИЯ
CULTURAL HERITAGE OF KAZAKHSTAN: RESULTS, WAYS AND
SEARCH FOR PRESERVATION**

Кез-келген елдің мәдени мұрасы әдетте материалдық және материалдық емес болып бөлінеді. Алайда, олардың бөлінуі өте шартты және таза ғылыми анықтамаға ие. Соңғы жылдары Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа өзінің бай мәдени мұрасы әлемдік мәдениеттің ортақ кенінде жетекші орындардың бірін иеленетінін дәлелдеді.

Мәдениетті елдің бейбітшілік құрылысында, қауіпсіздігі мен тұрақтылығында, сондай-ақ дағдарыстарға төзімділікті арттыруда маңызды рөл атқаратындығы ешкімге күмән тудырмайды. Бұл Қазақстанның мәдени саясатында маңызды орын алатын мұраны қорғаудың маңызды рөлін көрсетеді.

Демек, осы баптың назары материалдық мұрамен тығыз байланысты материалдық емес мұраны сақтаудағы Қазақстанның жолдары мен ізденістерін қарауға бағытталған (және, негізінен, екеуін де бір-бірінен алшақ қарау бізге дұрыс емес болып көрінеді). Шынында да, мысалы, дәстүрлі мәдениеттің материалдық объектісінің құрылысымен құрылыс дағдылары мен дағдыларымен, қасиетті және т.б. туралы халықтық идеялармен, яғни әдетте материалдық емес деп аталатын саламен тығыз байланысты.

Қазақтардың мәдени мұрасы бірқатар себептерге байланысты өзгеріске ұшырап, тіпті ішінара жоғалғаны күйіп емес. Мамандар XX ғасыр қазақ мәдениеті мен жалпы этнос үшін апатты түрде жойқын болғанын атап көрсетеді. XX ғасырдағы дәстүрлі мәдениеттің жойылуына ықпал еткен маңызды жағымсыз факторлардың бірі кеңестік мәдени доктрина болды, оған сәйкес барлық халықтар ескірген және социализмнің негізгі қозғалысына сәйкес келмейтін қоғамдық сананың шетіне, тіпті одан тыс жерлерге ыстырылды. Бұл факт отандық ғылымда өзгермейтін болып саналады.

Алайда, дәстүрлі білім, білік пен дағдыларды ұрпақтан-ұрпаққа беру негізінде этноұлттық қоғамдастықтың практикалық іс-әрекетінің бүкіл тәжірибесі бекітіліп қана қоймай, сонымен қатар маңызды этникалық мұраттар, моральдық принциптер мен моральдық көзқарастар қалыптасып, әлеуметтік қатынастардың нормалары реттеліп, адамның қоршаған әлеммен қарым-қатынасы мен байланысының реттелген сипатын қабылдайтынын бәрі біледі.

Бүгінгі күнге дейін өзінің іргелі маңыздылығын, материалдық емес мәдени мұрасын сақтай отырып: фольклор, дәстүрлі музыка және сәндік-қолданбалы өнер; ұлттық ойындар мен спорт; әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, халықтық космогония, этнофилософия, астрономия және ғаламның басқа да ұғымдары этникалық дамудың аса маңызды қасиеттеріне ие, сонда қазақ халқының тарихи жолы көрініс табады. Халықтық өнер үлгілерін зерделеу жағдайында материалдық емес мәдени мұраның тікелей тасымалдаушылары мен сақтаушыларының өмірінен кету материалдық емес мәдени мұраның кейбір түрлерінің қайтарымызсыз жоғалуына әкелуі мүмкін.

Мәдени мұраны сақтау, зерделеу, ілгерілету жөніндегі жұмыс Қазақстан Тәуелсіздігі кезеңінің басынан бастап "Мәдени мұра" ауқымды мемлекеттік бағдарламасымен жандандырылды. Бұл бағдарлама материалдық мәдени мұрамен - сәулет, археологиялық, экологиялық ескерткіштерді қорғау және қорғаумен байланысты.

Мәдени мұраны сақтау, зерделеу және ілгерілету саласындағы ең көрнекті іс - шара қазақстандық зиялы қауымның үздік санасын біріктірген "мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы-ауқымды ұлттық жоба болды. Ол елде 2004 жылдан 2011 жылға дейін жүзеге асырылды. Бұл жоба бойынша әр түрлі жұмыстардың қаншалықты орындалғанын оның бағдарламаның ресми сайтында ұсынылған жылдық есептерінен бағалауға болады. Бағдарлама аясында тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстары және түгендеу жүргізілді (тек Қазақстан аумағында ғана емес, одан тыс жерлерде де); археологиялық зерттеулер (оның ішінде ең көне қорғандарды қазу); әлемнің көптеген елдерінде (Қытай, Түркия, Моңғолия) мұрағат материалдарын, көне қолжазбалар мен баспа басылымдарын зерттеу, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ және Батыс Еуропа елдері); мемлекеттік тілде гуманитарлық білім беру қоры құрылды (тарих, археология, этнография бойынша басылымдар сериясы); қазақ дәстүрлі музыкасының антологиясы шығарылды (қазақ дәстүрлі музыкасы

шығармаларының CD - дискілері шынайы орындауда); "Қазақфильм" АҚ киностудиясы құрылып ұлттық мәдениеттің ерекше маңызды тарихи орындары мен мұралары туралы деректі фильмдер жарыққа шықты. Сондай-ақ, соңғы жылдары осы бағдарламаның арқасында екі бағытта ұсынылған елдің туристік кластері дами бастады: қажылық және тарихи-археологиялық туризм сияқты. Бағдарламаның ресми сайтындағы мәліметтерге сәйкес, жыл сайын Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау, дамыту және насихаттау бойынша 200-ге жуық іс-шара өткізіледі.

Осылайша, мемлекет Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауға, зерделеуге және ілгерілетуге орасан зор зияткерлік және қаржылық ресурстарды инвестициялады және салуды жалғастыруда.

"Тарих ағымындағы Халық" бағдарламасы бойынша (2014-2016 жж.) үлкен жұмыс атқарылды. Зерттеуге ұсынылатын тақырыптардың ішінде этностың бірегейлігін сақтау факторы ретінде қазақтардың материалдық мәдениеті мен ескерткіштерін кешенді зерттеуді қамтитын Қазақ халқының этнографиясы бойынша бөлімі бар; сондай-ақ қазақтардың өмір сүру тәсілдері: дәстүрлері мен трансформациялары орын алады.

Әлемнің барлық түркітілдес елдерін, соның ішінде Қазақстанды өз қамқорлығымен біріктірген ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы мәдени мұраны зерттеу және дәріптеу саласында орасан зор жұмыс жүргізуде. 2009 жылдың сәуір айында Алматыда ТҮРКСОЙ мүше елдердің материалдық емес мәдени мұрасы бойынша семинар өткізілді (әр жылдары мұндай семинарлар түркі әлемінің басқа елдерінде де өткізілді). Үш жылдан кейін Астанада (2012 жылғы 13-14 қыркүйек) ТҮРКСОЙ мүшелерінің ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиялары мен комитеттерінің үшінші кеңесі өтті.

Түркі әлемінің ортақ мәдени, табиғи және деректі мұра объектілерін сақтау және түгендеу, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет және коммуникация саласындағы бірлескен бағдарламалар мен жобаларды іске асыру мәселелері талқылаудың негізгі тақырыптары болды. Бұл Кеңес "Астана - түркі әлемінің мәдени астанасы" жылы аясында өтті және осы ұйымдар қызметінің барлық жалпы бағыттары бойынша ТҮРКСОЙ мүшелерінің ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиялары мен комитеттерінің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған.

Соңғы жылдары Қазақстанның ұлттық жобасы материалдық емес мәдени мұра саласындағы өзара байланысты іс-шаралар кешені болды. Бұл процесс Қазақстан ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра туралы Конвенциясын (2003) ратификациялаған сәттен бастап 2011 жылғы желтоқсанда ресми түрде іске қосылды. Материалдық емес мәдени мұраны дамытудың негізгі бағыттарын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы және оның ведомствосындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитет үйлестіреді.

ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы қарары мәдени мұраны сақтауға баса назар аударады материалдық емес мәдени мұра. Қазақстанда материалдық емес мәдени мұраны ұлттық ауқымда сақтау және ілгерілету бойынша елеулі күш-жігер жұмсалды, қазіргі уақытта "Мәңгілік ән" - Мәңгілік сарын атты орасан зор жоба өткізілуде, дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердің түрлі фестивальдері мен конкурстары және тағы басқалар өткізілуде.

2012 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетті құрылды. Комитеттің функцияларына: Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу, тұжырымдаманы дайындауға және іске асыруға қатысу, материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөнінде шаралар қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеу, осы саладағы озық халықаралық практикаға қатысты консультациялар беру, бастамашыл топтар мен қауымдастықтар ұсынатын Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының элементтерін ЮНЕСКО тізімдеріне және материалдық емес мәдени мұраның ұлттық тізбесіне енгізуге өтінімдерді қарау кіреді. Ұлттық комитет өз қызметі шеңберінде осындай мұраны құрумен, сақтаумен және берумен айналысатын қауымдастықтардың, топтардың және тиісті жағдайларда жеке тұлғалардың материалдық емес мәдени мұрасын қорғауға кеңінен қатысуды қамтамасыз ететін. Бұл ретте Комитет тек қоғамдық негізде жұмыс істеді деп айту керек.

Осы уақыт ішінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту туралы Үкімет қаулысымен мақұлданған тұжырымдама әзірленіп, мақұлданды. Қазіргі уақытта 48 позициядан тұратын Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі бекітілді. Бұл тізім кезең-кезеңімен және үнемі толықтырылып отырады.

Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын қорғау және номинацияларды дайындау саласында Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының қолдауымен Алматыда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы ұйымдастырған іс-шаралар үлкен рөл атқарды.

ЮНЕСКО-ның "Орталық Азия елдерінде материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы ұлттық әлеуетті нығайту (ҰБК)" жобасы шеңберінде "ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясын орындаудың халықаралық тетіктері (Алматы, 18-21 ақпан 2013), қауымдастықтардың қатысуымен материалдық емес мәдени мұра элементтерін түгендеу бойынша тренингтер" семинар-тренингтерінің тұтас сериясы өткізілді (Шымкент қ., 22-29 қараша 2013), сондай-ақ "материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияны жүзеге асыру бойынша ұлттық әлеуетті нығайту" семинар-тренингі (Алматы, 18-20 желтоқсан 2013). Тренингке ҰБН қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің мүшелері, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, еліміздің

жетекші жоғары оқу орындары мен мұражайларының қызметкерлері, қолөнер, дәстүрлі музыка және би саласындағы белсенді ҰЕҰ, сондай-ақ ҰБН элементтерін тасымалдаушылар қатысты. Осы жолдардың авторы екі семинарға қатысушы және өзінің жеке тәжірибесінен олардың жоғары сұранысы туралы айта алады. Бұл тренингтер "ҰБН элементтерін түгендеу және Қазақстан Республикасында ҰБН тізбелерін жасау жөніндегі жұмысты жандандыру, сондай – ақ ұлттық сарапшылар мен осы саладағы әртүрлі ҰБН тасымалдаушы қауымдастықтардың өкілдерінің әлеуетін арттыру" негізгі мақсатын шешеді.

Ең бастысы, бұл семинарға қауымдастықтар, осы элементтердің тасымалдаушылары қатысты. Шынында да, Конвенцияға сәйкес, белгілі бір элементті ұсыну бойынша негізгі бастама материалдық емес мәдени мұраны тасымалдаушылардан шығуы керек.

"Our Heritage" қоғамдық қоры ("біздің мұрамыз") және Қазақстан қолөнершілер одағы, Президент Айжан Бекқұлова (Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің мүшесі) атынан қолөнер мен халық кәсіпшілігін жаңғырту және дамыту бойынша орасан зор жұмысты жүргізуде. "Our Heritage" қоғамдық қоры, Орталық Азиядағы "Еуразия" Қоры және "Шеврон" мұнай компаниясы 2006 жылы "Қазақстанда қолөнерді дамыту және халық көркемөнер кәсіпшілігін жаңғырту" ұлттық бағдарламасын бастады. 2009 жылдан бастап елімізде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен "Шебер" республикалық қолөнершілер байқауы іске асырылуда, онда қазақстандық шеберлер өз шеберліктерін көрсетуде. Осы бағдарлама аясында шеберлер қолөнер өндірісінің менеджменті мәселелерін зерттей отырып, әлемнің әртүрлі елдерінде үнемі тағылымдамадан өтеді.

Жақында 2022 жылы Тараз қолөнершілер қалаларының дүниежүзілік тізіміне енді. Бұл процедура тұрғысынан халықаралық сарапшылар қаланың әлеуетін, мұраның тарихи сабақтастығын, сондай-ақ аймақтағы қолөнер өндірісінің шарттарын жоғары бағалады. Елдің оңтүстік бөлігіндегі көптеген қалалар осы бағытта нақты әлеуетке ие деп ойлайды. Бұл, ең алдымен, түркі әлемінің бесігі – Түркістан қаласы, ол әрқашан өзінің қыш жасаушыларымен танымал болған; Шымкент пен Қызылорда – Қазақ кілем тоқу орталықтары ретінде; Алматы жаһандық креативті индустрия ретінде. Осы қалалардың барлығында туризмді дамыту үшін жағдай жасалған. Бұл үдерісте Қазақстанның осы бағыттағы басқа өңірлерін, әсіресе елдің солтүстік өңірлерін де дамыту қажет екенін ұмытпауымыз керек.

Әрине, Қазақстан ҰБН элементтерін ЮНЕСКО-ның өкілдік тізіміне енгізу арқылы өзінің материалдық емес мәдени мұрасын жаһандық тануға тұрақты түрде қол жеткізуде (қазіргі уақытта 10-нан астам). Алайда, жағдай әлі де мақсатты жұмысты қажет етеді: материалдық емес мәдени мұраның кейбір құнды элементтерін қорғау үшін нақты қадамдар жасау қажет.

Бірақ, министрліктер мен мүдделі қауымдастықтардың жоспарлы жұмысын талап ететін кейбір мәселелер әлі де өзекті болып отыр. Бұл

катарда дәстүрлі қоғамдастықтарды ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясы туралы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды өткізу проблемаларын шешу қажет (бұл ретте байырғы тұрғындар қауымдастығы ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның шағын этностарының өкілдері де қамтылуға тиіс) және Қазақстанның барлық облыстары бойынша (ҰБК-ның барлық бағыттары бойынша) ҰБК-ны және ҰБК-ны тікелей тасымалдаушыларды түгендеу бойынша кең ауқымды далалық зерттеулерді ұйымдастыру қажет.

Сондай-ақ, мәдени мұраны басқарудың инновациялық тәсілдерін іске асыру, соңғы уақытта ҰБК-ны қорғауға әрекет ету шаралары қалай қалыптасқанын түсіну және ой елегінен өткізу, мәселелерді қарастыру қажет: мәдени мұра бүкіл әлемдегі экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің қаншалықты дәрежеде тәсілі бола алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. 1. Тоқтабаева Ш. Ж. Қазақстан Батыс және Шығыс мәдениеттерінің қиылысында / / қоғамдық сананың сабақтастығы мен жаңғыруындағы бірлік пен алуан түрлілік призмасы арқылы Шығыс және Батыс мәдениеттерінің диалогы: Ежелгі әлем, орта ғасырлар, жаңа және қазіргі заман. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы, Екатеринбург, 2019. – 143-150 ББ.
2. 2. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция. Париж 2003 жылғы 17 қазан. - URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml (өтініш берілген күні 23.07.2022 ж.).
3. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны орындау бойынша жедел басшылық. - URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000234631_rus(өтініш берілген күні 23.07.2022 ж.).
4. "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30081960 (өтініш берілген күні 23.07.2022 ж.).
5. 5. "Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 368 бұйрығы. - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012594>(өтініш берілген күні 11.10.2022 ж.).

Түйіндеме

Осы баптың басты бағыты материалдық мұрамен тығыз байланысты материалдық емес мұраны сақтаудағы Қазақстанның ізденістері мен жолдарын қарауға бағытталған. Мәдени мұраны сақтау саласындағы

қазақстандық бастамаларға шолу жасалды. Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау мен насихаттаудағы елдің одан әрі іс-қимылының негізгі бағыттары белгіленді.

Резюме

Фокус настоящей статьи направлен на рассмотрение путей и поисков Казахстана в сохранении нематериального наследия, которое тесно связано с материальными культурными ценностями. Представлен обзор казахстанских инициатив в области сохранения культурного наследия. Намечены основные направления дальнейших действий страны в сохранении и популяризации нематериального культурного наследия Казахстана.

Summary

The focus of this article is aimed at considering the ways and searches of Kazakhstan in the preservation of the intangible heritage, which is closely related to the material. An overview of Kazakhstani initiatives in the field of cultural heritage preservation is presented. The main directions of the country's further actions in the preservation and promotion of the intangible cultural heritage of Kazakhstan are outlined.

Ж . Бекбасов

«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени
және табиғи музей қорығының
ғылыми қызметкері

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме. Бұл мақалада 2004 жылы Қазақстанның оңтүстік-шығысында Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарабастау ауылының солтүстік-батысы қарай 4 ш.м. жерде, Алматы қаласынан 170 ш.м. солтүстік-батыста Шу-Іле тауының оңтүстік-шығыс бөлігінің Таңбалы шатқалында орналасқан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Таңбалы археологиялық кешеніндегі жүргізілген реставрациялық жұмыстары бойынша жазылған.

Аннотация. В этой статье написано о реставрационных работах которые проводились в археологическом комплексе Танбалы входящий в список всемирного наследия ЮНЕСКО, расположенной на юго-востоке Казахстана, расположенном в юго-восточной части Чу-Илийских гор, в 4 км к северо-западу от с. Карабастау Жамбылского района Алматинской области в 170 км на северо-запад от г. Алматы.

Abstract. This article writes about the restoration work that was carried out in the Tanbaly archaeological complex, which is included in the UNESCO World Heritage List, located in the southeast of Kazakhstan, located in the southeastern part of the Chu-Ili mountains, 4 km northwest of the village. Karabastau, Zhambyl district, Almaty region, 170 km northwest of Almaty.

Тарих дегеніміз – халықтың өткені мен бүгінін жалғап, бір-бірімен тілдестіретін құралы, болмыс, тірлігінің айнасы, өмірінің өшпейтін ізі, ата-бабалардың ұрпаққа қалдырған өсиеті, естіге қалдырған естелігі, халықтың нағыз зердесі.

Халықтың тарихи естелігі – ғасырлар бойы мәдени мұраға салынатын, барлық адамзат өркениетінің мәдени топтарын, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қалудың негізі болып қалу факторы. Мәдени мұра - өркениетті қоғамның ең маңызды бөлігі болып табылады, ол өзіндік рухани – өнегелілік пен материалдық құндылықтардан тұрып, бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жай ғана өтіп қоймай, оларды жоғалтып алмас үшін, ұлттық, мемлекеттік масштабтағы үлкен күш пен құралдарды салуды талап етеді.

Тарихи-мәдени мұраларды атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізу мәселесі ықылым замандарда адамдарды қатты алаңдатқан тақырыпқа айналған.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңда белгіленген тәртіппен тарихи-мәдени мұра объектілерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары алдын ала есепке алу тізіміне енгізеді және олардың мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуға жатады. Ол «мәдени мұра объектісінің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге» бағытталған іс-шаралардың белгілі бір кешені ретінде анықталады. Олар «мәдени мұра объектісін консервациялауды, ескерткішті жөндеуді, ескерткішті қалпына келтіруді, мәдени мұра объектісін қазіргі заманғы пайдалануға бейімдеуді қоса алғанда, жөндеу-реставрациялау жұмыстары, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, іздестіру, жобалау және өндірістік жұмыстар, ғылыми-әдістемелік басшылық, техникалық және сәулеттік қадағалау». Осылайша, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау консервациялау, жөндеу, қалпына келтіру және бейімдеу сияқты іс-шараларды қамтиды.

Реставрация – музей затының бет-пішінін алғашқы нұсқасына жақындатып қайта қалпына келтіру, ескірген, тозған бастапқы сынын жоғалтқан сәулеттік ескерткіштерді, материалдық мәдениет мұраларын алғашқы өңіне келтіру, жаңартып жөндеу. Тарих және мәдениет ескерткіштерін, музейлік көркем құнды заттар, көркемөнер, туындылары, халықтың дәстүрлі қолданбалы өнерінің бұйымдарын, кол жазбалар мен кітаптарды қалпына келтіру әлемде ертеден қолданылған.

Қазіргі қалпына келтіру теориясы мен тәсілі негізінен үшке: консервациялық (ескерткішке нұқсан келтірмей қалпына келтіру), аналитикалық және синтетикалық әдістерге құрылған. Қазақстанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қалпына келтірудің ғылыми және тәжірибелік шаралары (Б.Н. Засыпкин, Г.И. Пацевич) қолданылған, 1866-1887, 1906-1907 жылдары осы ескерткіште жасалған жергілікті жөндеу істері сәтсіз аяқталған болатын. 1937-1941 жылдардан бері ресми түрде қалпына келтіру

істері басталды деп саналады. 1966 жылы Республикалық ғылыми қалпына келтіру өндірістік шеберханасы (кейін Республикалық ғылыми қалпына келтіру және жөндеу бірлестігі) ұйымдастырылды. Оның жанында 1970 жылы жобалау және есеп-қисап жасау тобы (кейін Республикалық жобалау – қалпына келтіру ғылыми зерттеу институты «Казпроектреставрация») құрылды.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми реставрациялау жұмыстары – тарих және мәдениет ескерткіштерінде жүргізілетін археологиялық жұмыстарды қоспағанда өндірістік, ғылыми зерттеу және жобалау жұмыстарының барлық түрлері.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми реставрациялау жұмыстарына жатады:

- Ғылыми зерттеу – тарих және мәдениет ескерткішін сақтау жөнінде жобалау, сметалық құжаттама жасау және қажетті жұмыстар жүргізу мақсатында оның сапасы мен сақталу деңгейін зерделеуге, бағалауға бағытталған іс-шаралар кешені.
- Консервациялау – тарих және мәдениет ескерткішін одан әрі бұзылудан сақтайтын, ескерткіштің тарихи қалыптасқан келбетін өзгертпей оның конструкциялық бөліктері мен сәндік элементтерін бекітуді, қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. Ескерткіштің бүтін сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралардан тұратын аварияға қарсы жұмыстарда консервациялауға жатады.
- Реставрациялау – тарих және мәдениет ескерткішін құндылығы жоқ әрі ескерткіштің келбетін бұзатын қабаттардан тазарту жолымен оның тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетінің сақталуы мен ашылуын, ғылыми негізделген деректер арқылы ғимараттың, ансамбльдің, кешеннің жоғалған элементтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені.
- Қайтадан жасау – жергілікті ғылыми деректері мен тарих мәдениет ескерткішінің айрықша тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы болған кезде жоғалған тарих және мәдениет ескерткішін қалпына келтіру жөніндегі іс шаралар кешені.
- Жөндеу – тарих және мәдениет ескерткішінің техникалық жай-күйін оның келбетін өзгертпей, кезеңдік жұмыстар жүргізу жолымен күтіп ұстау жөніндегі іс-шаралар кешені.
- Бейімдеу – тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи, көркемдік құндылығы мен сақталуына нұқсан келтірмей, оның қазіргі заманға сай пайдаланылуы үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми реставрациялау жұмыстары бюджет, инвестициялар тарту есебінен, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен пайдаланушыларының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Тарих және мәдениет

ескерткіштеріндегі ғылыми реставрациялау жұмыстарын жеке және заңды тұлғалар лицензия негізінде жүзеге асырады.

Осы орайда, 2004 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұрасының тізіміне енген объект – «Таңбалы» музей-қорығының қызметіне қатысты мәселені нақты атап өткім келеді.

«Таңбалы» музей-қорығы Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарабастау ауылының солтүстік-батысына қарай 4 шақырым жерде, Алматы қаласынан 170 шақырым қашықтықта және Шу-Іле тауының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Таңбалы шатқалында орналасқан.

2004 жылы «Таңбалы» археологиялық ландшафтының жартас суреттері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұралар Тізіміне енгізілді. «Таңбалы» музей-қорығының жартастағы сурет өнері Орта Азиядағы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұралар Тізіміне енгізілген бірінші ескерткіш.

1957 жылы тарихшы, археолог Анна Георгиевна Максимованың жетекшілігімен ҚазКСР Ғылым Академиясы Оңтүстік Қазақстан экспедициясының Жетісу отряды Таңбалы кешенінің петроглифтеріне және археологиялық ескерткіштеріне алғаш рет зерттеу жұмыстарын жүргізді. Таңбалыдағы жартас суреттері және археологиялық қазба жұмыстарын кейініректе А.Г. Медоев, А.Н. Марьяшев, Б.Ж. Аубекеров, А.С. Ермолаева, А.Е. Рогожинский, Ю.А. Мотов, А.А. Горячев, С.А. Потаповтар, сонымен қатар басқа да отандық және шетелдік зерттеушілер жалғастырған. Аталған дерекке сүйенер болсақ, «Таңбалы» петроглифтерінің тарих сахнасына енгеніне де 2017 жылы алпыс жыл толыпты. Бүгінде ол - отандық және шетелдік туристердің зор қызығушылығын тудырып отырған, ерекше тарихи аймақ. Көне дәуірдің баға жетпес байлығы саналатын «Таңбалы» қорығында әлемде сирек кездесетін петроглифтер, ежелгі адамдардың қоныстары, қорғандары және тағы да басқа тарихи мұралар сақталған. Жалпы айтқанда – жоғалып кеткен дала өркениетінің табиғатпен үндесуі арқылы бүгінге жеткен шежіресі іспеттес.

Музей қорындағы экспонаттардың жалпы саны - 89, оның ішінде: жартас суреттерінің көшірмелері - 12, археологиялық экспонаттар-37, ұлттық нақыштағы жәдігерлер саны - 40. Сондай-ақ «Таңбалы» кешенінің ортаңғы аумағындағы бес топқа жүргізілген санақ бойынша - 3195 жартас суреттері сақталған. Ескерткіштердің жалпы саны - 5000 құрайды.

Таңбалы петроглифтері мен басқа да ежелгі ескерткіштер, сондай-ақ қоршаған ландшафт табиғи күйінде сақталатын ашық аспан астындағы музей. Осы аттас трактаттың археологиялық кешені жүзге жуық түрлі уақыттағы ескерткіштерді – қоныстарды, қорымдарды, ежелгі карьерлерді, петроглифтерді және ғибадат құрылыстарын (құрбандық үстелдерін) құрайды – б. з. д. XIV-XIII ғасырлардың ортасынан - XIX-XX ғасырлар тоғысынан бастап кең аралықта. Кешеннің орталық бөлігі ежелгі заманнан бері қасиетті орын болды – діни рәсімдер, дұғалар мен табиғаттан тыс күштерге табыну орны, онда аспан құдайлары мен рухтарымен байланысу орны болған [Рогожинский, Аубекеров, Сала, 2004].

2008-2013 жылдары аралығында "Остров Крым" ғылыми-зертханасының мамандары "Қазреставрация" РМК шақыруымен Таңбалы петроглифтеріне "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы аясында жартас өнері ескерткіштерін консервациялау және сақтау бойынша жүргізілген жұмыстарына қатысады. «Остров Крым» ғылыми-зертхана қызметкерлері арнайы жартастарды қалпына келтіру, жартастағы қазіргі заман жазуларын бүркемелеу бойынша жұмыстар жүргізді

«Остров Крым» ғылыми-зертханасы тарихи шындықты растайтын шынайы құндылықтарды кезең-кезеңімен жинақтай отырып, археологиялық олжалар мен басқа да мәдени ескерткіштерді ғылыми реставрациялау, консервациялау және толық реконструкциялаумен айналысады. Мұнда жоғалып кеткен дүниенің сұлулығы мен сиқырын сақтап қалу және бүгінгі күнге жеткізу үшін қалпына келтірудің жаңа жолдары мен әдістерін қолдана отырып жұмыс жасайды.

Петроглифтерді консервациялау жұмыстарының ерекшеліктері. Жұмыстар даладан басталатын (қазбадан табылған заттарды алу) басқа археологиялық орындардан айырмашылығы, петроглифтерде практикалық консервациямен байланысты негізгі мәселелерді шешуге арналған іс-шаралардың зертханалық циклі бастапқы және іргелі болып табылады: жоспарланған консервация учаскелерін зерттеу; консервациялауды жоспарлау; құжаттаманы дайындау; технологиялық процестерді пысықтау; жұмыс құрамдарын сынау; материалдарды дайындау барлық құрамдар мен құралдарды "жұмыс кейстері"бойынша өлшеп орауға дейін. Бұл жағдайда реставратор консервация объектісіне мүмкіндігінше дайын болып келеді және бірден жоспарланған жұмысқа кіріседі, тек мұқият ойластырылған және пысықталған нәрсені жүзеге асыру ғана қалады. Әрине, бұл ретте белгіленген консервациялау учаскелерінің жай-күйін тексеру, жергілікті материалдарды іріктеу және дайындау, болжамды консервациялық құрамдарды тексеру және т.б. Сол себептен консервация объектісіне бірнеше рет шығу қажет және бұл команданың барлық мүшелерінің қатысуын талап етпейді. Петроглифтердегі консервациялау жұмыстарының екінші ерекшелігі жұмыс барысында күтілетін нәтиженің ойдан шықпауы. Оған қоршаған орта, ауа райы және басқада факторларға байланысты. Мұның салдары консервациялау учаскелерін ұзақ уақыт бақылау, пайдаланылған композиттік материалдарды қалыптастыру процестерін жүйелі түрде түзету қажеттілігі болып табылады.

Таңбалыда практикалық консервациялау міндеттерінің қатарында қазіргі кезеңде өзекті болып табылатын кейінгі антропогендік зақымдануларды бүркемелеу, жойылған жартас беттерін жинақтап қалпына келтіру. Таңбалы шатқалындағы жартас суреттер галереясының айтарлықтай шығыны мен зақымдануы петроглифтерді консервациялау бойынша көпжылдық жүйелі жұмыстардың перспективасын туғызады.

Анықталған зақымдарды тіркеу индекстелген фотопанорамаларда жүргізілді, әр зақымданған жартас беттеріне сипаттама жазылып суретке түсіріледі. Содан арнайы тізімге енгізіледі. Жалпы, Таңбалы шатқалының

ортаңғы аумағы зерттелген орындарында 130 қазіргі заманғы зақымдануы бар жартас суреттері тіркелген.

Практикалық консервацияның негізгі қағидасы ескерткішке минималды консервациялау жұмыстар жүргізілу болып табылады. Таңбалы ескерткіштерін консервациялау барысында сынақтан өткен, жоғары қайтымдылыққа ие консервациялық құрамды қолдану жалғасуда. Сондай-ақ, жойылған жартас беттерін қайта қалпына келтіруге арналған желім қосылыстары қайтымды. Тіпті жасанды патинаны алып тастауға болады.

Заманауи жазуларды бүркемелеу кезінде Таңбалы менеджментіне енгізілген қағидатын ұстанамыз, оған сәйкес таңбалы музей қорығына келушілердің қалдырған заманауи жазулары мен суреттерін жою немесе бүркемелеу. Таңбаланың жергілікті тұрғындарының дәстүрлі қастерлеуінің немесе қазіргі заманның үздіксіз дамуының дәлелі ретінде белгілі бір заманауи жазбалар немесе суреттер тарихи құндылыққа ие.

Консервациялық іс-шаралар, ең алдымен, аса құнды объектілерде жүзеге асырылады, олардың өрескел зақымдануы Таңбалының келушілері үшін ерекше байқалады. IV топ "Күнбастылар" бар әйгілі панноға жақын орналасқан бірнеше заманауи "қолтаңбаларға" маскировка жасалды.

Ең көп зақымдалған V топ петроглифтердің экспозициясы едәуір жақсарды, онда көптеген заманауи жазбалар және суреттер экскурсиялық маршруттан көрінбейтін болды. Петроглифсіз беттердегі заманауи жазуларды бүркемелеу бойынша үш жылдық жұмыс тәжірибесі 2011 жылы ең күрделі жоғары көркемдік процестерге көшуге мүмкіндік берді, бұл ежелгі петроглифтерді мүлдем көрінбейтін немесе негізгі жартас суреттерін беттеріндегі жазуларды бүркемелеуге мүмкіндік берді. Шығындардың орнын толтыру көршілес бүлінбеген учаскелерге толық түсті және текстуралы түрде жүргізілуі тиіс. Зақымдалған суреттің контуры қазіргі жазулар пайда болғанға дейін түсірілген петроглифтің фотосуреттермен анықталады. Қажетті деректі материалдар болмаған жағдайда, гравюралардың немесе тарихи эпиграфияның жекелеген белгілерінің контуры белгілі синхронды аналогтарға сүйене отырып және археологтар мен тарихшылардың ұсыныстары бойынша шамамен қалпына келтірілу жұмыстары жүргізілді. Іс жүзінде бүлінген жартас бетін сақтаудың жұмыс жобасы болып табылатын консервациялау үшін құжаттаманың жаңа түрі жасалды. Оны құру процесі ауыр және көп уақытты қажет етеді, қазіргі заманғы суреттердің әр нүктесін зерттеу мен өңдеуді қажет етеді. Өткен жылдар ішінде осындай 25 жоба дайындалды, оларды әзірлеуші тарих ғылымдарының кандидаты А.Е. Рогожинский болып табылады. Ежелгі петроглифтің негізгі келбеті қайтымды қосылыстарды қолдану арқылы сақталады.

"Остров Крым" ғылыми зертханасы петроглифтердің құлаған фрагменттерін жапсыру немесе қабыршақтанған жартас беттеріне жартас өнері ескерткішін сақтау мен таныстырудың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Айта кету керек, 20 жыл ішінде қайта қалыпа келтірілген тастардың барлығы дерлік сақталған, бірнеше қираған тастар қайта қалпына

келтірілген. Бірақ әр түрлі себептермен жартас бетінің фрагменттер элементтерінің жоғалуына байланысты петроглифтер жойылады.

Тұтастай алғанда, бейнелеу ескерткіштерінің барлық петроглифтерін толығымен құжаттау және үздіксіз қадағалау — бұл бірегей тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтаудың жалғыз мүмкіндігі, ал оларды ұрпақтар үшін сақтау, зерттеу және қалпына келтіру бүгінгі біздің басты міндетіміз және патриоттық парызымыз болып табылады.

Әдебиеттер

- 1) Музей нысандарының реставрациялау және консервациялау: Әдістемелік нұсқаулық./ Ғ.Омаров, Т.Қартаева – Алматы: Қазақ университеті, 2017. 6-21 б.
- 2) Сборник материалов Международного семинара-тренинга по историко-культурному наследию стран СНГ, проведенного 19-23 сентября 2011 года в городе Алматы (Казахстан). – Алматы, 2011. 94-99 с
- 3) Наскальное искусство Центральной Азии в системе взаимодействия культур: документирование, интерпретация, сохранение/ Учебное пособие
- 4) Алтынбеков К., Чарлина Л.Ф. Реставрация памятников наскального искусства с антропогенными повреждениями // Материалы международной научной конференции «Наскальное искусство в современном обществе», т. 1. – Кемерово, 2011. – С. 167-172
- 5) Чарлина Л.Ф., Яценко Е.Л., Рогожинский А.Е., Искаков К.Т. Консервация петроглифов в Казахстане
- 6) Рогожинский А.Е., Хорош Е.Х., Чарлина Л.Ф. О стандарте документации памятников наскального искусства Центральной Азии // Памятники наскального искусства Центральной Азии. Общественное участие, менеджмент, консервация, документация. Алматы. 2004.

Мамбеталинов Ракат

КГУ «Центр по охране и использованию
историко-культурного наследия управления
культуры, развития языков и
архивного дела акимата СКО»

Баймусенов Жанат

КГУ «Центр по охране и использованию
историко-культурного наследия управления
культуры, развития языков и
архивного дела акимата СКО»

СОХРАНЕНИЕ ОБЪЕКТОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА ПРИМЕРЕ

ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРА ПО ОХРАНЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ.

В Уалихановском районе Северо-Казахстанской области, в долине р. Селеты проведены раскопки уникального некрополя в урочище Кызылоба. В ходе раскопок руин некрополя в 2019-2020 гг. обнаружены основания массивных стен из жженого квадратного кирпича, так называемого «золотоордынского стандарта» и погребения кочевой элиты XIV-XV вв. В 4-х погребениях находились останки 5 человек (мужчина, женщина, 3 ребенка). Помимо этого, археологические находки представлены в виде 4-х серебряных монет, серебряного зеркала с остатками ткани, золотой серьги, золотых 2-х подвесок и керамикой.

Площадь территории охваченной археологическими работами 1199 м. кв.



Некрополь Кызыл-Оба

После окончания работ произведен монтаж ограждения территории раскопок и соседних мазаров, установлены охранные знаки. Определены границы охранных зон для всего комплекса объектов расположенных в урочище Кызылоба, которые составили порядка 10 га.

Тем не менее данных мероприятий недостаточно для полноценного сохранения объекта историко-культурного наследия.

Сегодня остро стоит вопрос консервации, реставрации и музеефикации памятников археологии аналогичных некрополю Кызыл-Оба.

В настоящее время в законодательной базе отсутствуют какие-либо рекомендации по проведению данных работ, так же очень мало научных трудов, посвященных данной проблематике.

На мой взгляд в этой ситуации стоит обратить внимание на исследования и публикации о методиках консервации и реставрации памятников археологии периода 60-80 -х. гг. советской науки.

Согласно этим исследованиям считаю нужным выделить основные факторы, оказывающие негативное воздействие на физическую сохранность памятника археологии (помимо антропогенного воздействия).

1. Резкие изменения температурно-влажностного режима;
2. Химические загрязнения;
3. Нерегулируемое воздействие растительности;
4. Вибродинамические нагрузки.

Исходя из этого по отношению к памятникам археологии градостроительства я бы хотела выделить 2 группы консервационных мероприятий: к первой относятся архитектурно-технические меры, направленные на конструктивное укрепление памятника, а ко второй - физико-химические средства защиты подземной и наземной частей кладки. Здесь подразумевается в первую очередь укрепление кладки, инъектирование, подводу фундамента, укрепление грунта, борьба с агрессивным воздействием грунтовых вод. Во вторую очередь это нанесение защитной обмазки, для предохранения кладки от осадков.

В современной научной практике на территории нашего региона объекты данного типа консервируются тремя основными методами:

- 1) Метод "Колпака";
- 2) Натурная консервация;
- 3) Макетирование.

Макетирование - работы по покрытию каменных стен руинированных памятников значительными дополнениями новой кладки из другого материала или "в старой технике" без придания строгой горизонтальности с сохранением силуэта памятника (это возможно в том случае, когда применение физико-химических средств не представляется возможным или когда они могут быть использованы частично).

Натурная консервация- внесение как можно меньших изменений в открытую при раскопках археологическую, стратиграфическую, архитектурную ситуацию, с закреплением и фиксированием физико-химическими или строительными консервационными способами.

Метод "колпака" - это фактически способ подготовки памятника археологии к музейному показу. Возведение павильона позволяет защитить памятник от негативных воздействий окружающей среды.

Возвращаясь к научно-исследовательским работам на некрополе Кызыл-Оба стоит отметить, что на данный момент реализуется ряд мероприятий, нацеленных в первую очередь на сохранение исторического памятника. В частности, было принято решение и разработан проект консервации и музеефикации объекта вышеуказанным "методом "колпака".

В настоящее время в рамках Комплексного плана социально-экономического развития Северо-Казахстанской области на 2021-2025 гг. реализуется проект:

Комплексного изучения и музеефикация археологических объектов историко-культурного наследия Северо-Казахстанской области на 2021-2024 гг.

Одним из основных объектов этого проекта стали храмовый комплекс Байкара, городище Ак-Ирий и некрополь Кызыл-Оба.

Музеефикация и консервация некрополя Кызыл-Оба началась с возведения защитного укрытия.



В ходе работ в 2021 году командой «Казахского научно-исследовательского и проектного института материальной культуры» возведено защитное сооружение, смонтирован пешеходный трап внутри, а также установлены информационные стенды - наружный и внутренний.



Разработка и создание подобного защитного сооружения над памятником средневековой архитектуры в жестких природно-климатических условиях Северного Казахстана происходит впервые, не имеет аналогов и является уникальным опытом, как для научного сообщества, так и для архитекторов, строителей и работников органов охраны памятников.

Возведение защитного сооружения и музеефикация большого мавзолея на некрополе Кызыл-Оба позволит решить ряд таких вопросов как:

- продолжить комплексные исследования уникального памятника на новом научном и технологическом уровне;
- сохранить найденные уникальные артефакты для дальнейшего научного изучения специалистами в области археологии, музейного дела и архитектуры;
- создать привлекательный объект для историко-культурного и археологического туризма.

Помимо выше перечисленного музеефикация данного объекта послужит важным фактором, способствующим изучению наследия Золотой Орды в контексте общеобразовательных программ.

На данный момент исследования в урочище Кызылоба продолжаются.

В 2022 г. археологами обнаружено уже более двух десятков различных объектов с кирпичной архитектурой. В том числе, открыто 3 «квартала» мастерских с высокотемпературными обжигowymi печами и технологическими площадками где древними мастерами производилась формовка, складирование и сортировка готовых кирпичей. Не исключено, что здесь же располагаются и плавильные печи. Ведь кроме скотоводства,

земледелия и ремесел, древнее население занималось и добычей полезных ископаемых.

9-10 августа 2022 года КГУ «Центр по охране и использованию историко-культурного наследия» совместно с ТОО «Центр археологических изысканий» и «Margulan centre» Павлодарского педагогического университета организовали международный научно-практический полевой семинар на тему: «Qyzyl - Oba – Алтын орданың киелі жері». В рамках полевого семинара были обсуждены актуальные вопросы сохранения и изучения археологического наследия Золотой Орды, показан процесс музеефикации археологического объекта, с применением полевых лабораторий.

Так же стоит отметить что в этом году Центр приступил к реализации 2 части проекта - Комплексного изучения и музеефикации археологических объектов историко-культурного наследия Северо-Казахстанской области на 2021-2024 гг.- музеефикация археологического объекта - Курган Байкара.



Курган впервые обследован в 1956 году отрядом Северо-Казахстанской археологической экспедиции под руководством К.А. Акишева. В последующие годы неоднократно проводились вторичные инспекционные обследования памятника разведочными отрядами Северо-Казахстанской археологической экспедиции под руководством В.Ф. Зайберта и А.А.Плешакова. В полевые сезоны 1997-1999 годов могильник был раскопан совместной Германо-Казахстанской археологической экспедицией в составе Евразийского отдела Германского Археологического Института (Берлин) под руководством Г. Парцингера и Северо-Казахстанской археологической экспедицией под руководством В.Ф. Зайберта.

Раскопки этого объекта принесли совершенно неожиданные результаты — курган являлся не погребальным, а культовым сооружением скифского времени, святилищем, своеобразным храмом.

Сако-Сарматское святилище расположено к северу от города Сергеевка, в 2-х км. западнее реки Ишим. Насыпь кургана на момент раскопок достигала более 5,8 м в высоту. Диаметр составлял 62 метра. Юго-восточная часть кургана была полностью разрушена в результате хозяйственной деятельности.

Сам курган представлял собой сложное архитектурное сооружение, возведенное в V веке до нашей эры из различных материалов: камня, кусков дерна, дерева и глины. Имел три крутых склона и один покатый, погребальную комнату и дромос. Имелся ров, опоясывающий курган по кругу.

Возведенный столь искусно, что несмотря на серьезные повреждения, причиненные ему в различные времена, сохранился до наших дней.

Памятник характеризует материальную и духовную культуру племен Северного Казахстана в эпоху бронзы, раннего железного века, раннего и позднего средневековья

Сегодня в рамках Плана комплексного изучения и музеефикации археологических объектов историко-культурного наследия Северо-Казахстанской области на 2021-2024 годы, ставится задача по детальной натуральной реконструкции сооружения святилища, его общей внешней и внутренней планировке, составляющей более 6000 кв.м.

Планируются создание музейного комплекса под открытым небом сакского святилища «Большой курган Байкара» с созданием экспозиции и внутреннего интерьера сакрального археологического памятника Северного



Казахстана.

Осуществление проекта позволит вписать территорию Северного Казахстана, бывшую до того белым пятном на карте экономических путей Великого Шелкового Пути, в общую евразийскую панораму событий раннего этапа континентальных миграционных процессов. Материалы исследования актуальны в плане сравнительного изучения процессов древнего и средневекового культурогенеза в Евразии.

На основе археологических памятников делается попытка создания музейных комплексов или природно-исторических парков с реконструкцией погребального и всевозможных культовых обрядов, действующих хозяйственных комплексов, производственных процессов. Предполагается создание парков по аналогии с природно-ландшафтными и историко-археологическими заповедниками «Аркаим», созданном в России в 1991 году в Кизильском районе Челябинской области, «Томская писаница» (Кемеровская область). Архитектурно-этнографическая территория «Шорский улус Кезек». Сегодня в Республике Казахстан начата музеефикация средневекового городища Бозок в черте города Нур-Султан, поселения Ботай в поселении Ботай в Северо-Казахстанской области, гордище Сарайчик близ города Атырау. Известен функционирующий музей под открытым небом на комплексе Иссык, Отрар, Берель.

Данный проект, с учетом предполагаемых реконструкций сооружений и образа жизни древнего населения, открывает новую страницу в изучении территории Евразийской лесостепной и степной зон. Предполагается мониторинг, обследование и картографирование памятников Северного Казахстана. Комплексный характер исследования обеспечит полноту получаемой информации. Позволит расширить базу научных знаний и создать наглядные примеры технологических процессов, а изучение коллекции артефактов даст возможность более детально определить культурно-хозяйственный тип исследуемого отрезка времени и характерные черты кочевой культуры Казахстана.

Реализация проекта позволит создать условия для развития туристического кластера региона, путем разработки туристических маршрутов, изданий иллюстрированных туристических путеводителей на казахском, русском, английском языках, проведение различных исторических фестивалей-реконструкций.

**Конысбекова К.К.,
Тараз қ., М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті,
аға оқытушы**

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Аннотация.

Мақалада Жамбыл облысы аумағындағы мәдени мұралардың таралу ерекшеліктері мен орналасу жиіліктері сипатталған. Сондай ақ, Тараз қаласындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің қала туризмін дамытудағы басты алғышарттарына талдау жасалды. Сонымен қатар, Жамбыл облысы аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің орналасу жиілігін анықтап, оларды туристік бағытта дамытудың негізгі бағыттары анықталды.

Аннотация.

В статье рассмотрены особенности распространения и частоты размещения культурного наследия на территории Жамбылской области. Также был проведен анализ основных предпосылок историко-культурных памятников города Тараза в развитии городского туризма. Кроме того, определена частота расположения историко-культурных памятников на территории Жамбылской области, определены основные направления их развития в туристском направлении.

Annotation.

The article describes the features of the distribution and frequency of location of cultural heritage in the territory of Zhambyl region. The analysis of the main prerequisites for the development of urban tourism of historical and cultural monuments in Taraz was also carried out. In addition, the frequency of location of historical and cultural monuments on the territory of Zhambyl region was determined and the main directions of their development in the tourist direction were identified.

Қазіргі жаһандану заманында тәуелсіздігі тұғырлы Қазақстан экономикасы дағдарыс кезеңінен өтіп, экономикасы үрдіс алып дамып келе жатқаны айқын. Сонымен қатар, экономиканың материалдық өнім өндіретін салаларымен бірге, халыққа қызмет көрсету шаруашылық салалары қалыптасып, заманауи бағытта даму үстінде. Осының ішінде туризм географиясының, оның ішінде рекреациялық туризмнің алатын орны ерекше. Оның басты себебі, туризм саласы бүгінгі жаһандану кезеңінде мемлекетіміздің дамуының маңызды экономикалық-әлеуметтік факторына айналып отыр. Бүгінгі таңда Жамбыл облысындағы туризмнің даму бағыттары айқындалып келеді. Оның басты себебі облыс аумағындағы мәдени мұралардың таралу ерекшелігімен тікелей байланысты. Осы ретте, көне заманнан Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігі болып саналған аумағында бұрын соңды көптеген мемлекеттер пайда болып, геосаяси тұрғыда маңызды роль атқарған. Сондықтан да Жамбыл облысы аймағының туристік-рекреациялық жүйесін зерттеудің айрықша маңызы зор.

Географиялық орнына тоқталатын болсақ, Жамбыл облысы – Оңтүстік Қазақстандағы ірі облыстардың бірі болып табылады. Географиялық орналасу ерекшелігіне сай Жамбыл облысы әкімшілік-аумақтық бөлінісі жағынан 10 аудан және 4 қаладан тұрады. Облыс орталығы–Тараз қаласы. Халық саны: 988,8 мың адам. Бүгінде Жамбыл облысы – үлкен өндіріс, ауыл шаруашылық және ғылыми орталық болып табылады [1]. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, географиялық орналасу ерекшеліктері мен туристік мүмкіншіліктері мол Тараз қаласының өркендеуіне себепші болған – Ұлы Жібек жолы екені белгілі. Ол Қытайдан Орта және Алдыңғы Азия арқылы Жерорта теңізінің Шығыс жағалаулары мен Батыс елдеріне шыққан. Ұлы Жібек жолының бойында керуен–сарайлар және қалалар салынған. Солардың ішінде өзінің үлкен орны бар Тараз қаласы. X-XII ғасырларда Тараз қаласында және оның маңайында сәулет өнерінің інжу–маржаны болып саналатын және бүгінгі күнге дейін жақсы сақталған Айша бибі, Бабаджа хатун, Қарахан және Дәуітбек кесенелері мен басқа да тарихи ескерткіштердің негізі қаланды. Жамбыл облысы өлкесінің бай тарихы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, жанға жайлы климаты, қайталанбас көркем табиғаты Жамбыл облысын тартымды туристік нысанға айналдыруда, олардың ішінде 849 – археология, 111 – тарихи, 107 – сәулет және қала құрылыс-тары, 5 – монументальды өнер ескерткіштері алынды [2].

Жалпы Тараз қаласы бойынша 3 археология ескерткіштері: XVII ғасырда Тараз және Төрткөл 1 қалашықтары, VI-XII ғ.ғ. Төңкеріс мекені, 23 тарихи ескерткіштер: 1-өндірістік қызметтегі (Талас платинасы); 4-революциялық және халықтық қозғалыстар ескерткіштері, 15-соғыс тарихының, 2-ғылым мен мәдени; қаланың тарихи бөлігінің құрылыстары мен жоспарлау құрылымдарының кезеңдерінде бейнеленген 18 сәулет және қала құрылысының ескерткіштері. Сондай-ақ құрылыс кешеніне тұрғын және қоғамдық сәулеттің 22 объектісі кіретін қала құрылысының 7 ескерткіші; XIX ғ.соңы–XX ғ. басындағы 4 тұрғын сәулеттің, қоғамдық ғимараттар сәулетінің–1, діни сәулеттің–5, өнді-рістік сәулеттің–2, монументальды өнер ескерткіштерінің–5 ескерткіштері бар 11 сәулет ескерткіштері есепке алынған. Облыс бойынша тарихи-мәдени мұралардың таралу ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, олардың таралу жиілігі түрлі сипатқа ие.

Тарихи деректерге сүйенсек Жамбыл ауданында – 68 тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Олардың ішінде 63 – археология, 2-тарихи, 2-сәулет, 1-монументальды өнер ескерткіштері бар. Археология ескерткіштері негізінен ежелгі керуен жолдарының бойындағы: Әулиебастау, Бектөбе сияқты ірі қалашықтар, ерте темір ғасыры мен орта ғасырдағы Ақтөбе, Күзембай төбе, Кіші мұрде мекендері, бекіністер, ғаламат Ақыртас кешеніндегі, күзет мұнараларының қалдықтары, қорымдар мен қорғандар орналасқан жерлерге орнатылған. Тарихи ескерткіштер– Д.А.Фурмановтың мүсіні мен жерлес–жауынгерлерге арналған мемориал. Орта ғасырлық діни сәулеттің бірегей ескерткіштері – Тараз қаласының маңындағы жерлерде

орналасқан Айша бибі мен Бабаджа Хатун мазарлары. Монументальды өнер ескерткіші – Аса ауылындағы Ж. Жабаевтың мүсіні.

Байзақ ауданында 88 тарихи және мәдени ескерткіштер бар, олардың 79 археология ескерткіштері. Олардың ішінде орта ғасыр дәуірінің белгілі бір қалашықтары: Оххум, Түймекент, Қара төрткөлтөбе, Қоңырбайтөбе, Шөлтөбе бекінісі, Құрманбайтөбе елді мекені, төрткөлдер, қорғанды қорымдар мен басқа да археологиялық ескерткіштер бар, 6 тарихи ескерткіштердің ішінде 4-еуі халық батырлары Байзақ батыр, Қосы батыр, Кеңес Одағының батыры Ә.Сухамбаевтың есімдерімен байланысты; 3 сәулет ескерткіштері: XXғ. басындағы Бурыл ауылында мектеп, Абай ауылында Ақыртөбе мазары, Байзақ ауылында Ақмола мазары бар [3].

Жуалы ауданында 61 ескерткіш бар. Олардың 55-і археология, 4-еуі тарихи, 2-уі сәулет ескерткіштері. Археология ескерткіштерінің көпшілігі Қаратау жоталарының бойы мен Билікөл көлінің аумағында шоғырланған. Қалашықтар, мекендер, күзет мұнаралары негізінен орта ғасыр кезеңіне жатады. Қалашықтар мен елді мекендердің ішіндегі ірілері–Безымянное, Бурнооктябрьское, Кременевское, Мүрделітөбе. Қорымдар мен қорғандар: Берікқара, Жасалы, Жетітөбе, Саясу және б.э.д. II ғ. орта ғасырға дейінгі жартастағы кескіндер–б.э.д. II мың жылдыққа дейінгі уақытқа жатқызылады.

Қордай ауданында – 141 археология ескерткіштері, 11-тарихи және монументальды өнер ескерткіштері саналған. Археологиялық ескерткіштер негізінен Шу өзені бассейні мен Кіндіктас тауының террассасы және суайрықтарындағы қыраттарда шоғырланған. Олардың көпшілігі қола дәуірі мен ерте темір ғасырындағы қорғанды қорымдар; VII-XIVғ.ғ. әр түрлі типтегі 7 қалашық.

Талас ауданында–74 тарихи және мәдени, оның ішінде 65-археологиялық, 5-тарихи, 4-сәулет ескерткіштері бар. Археология ескерткіштері Қаратау жотасының солтүстік етегіндегі ескі жолдардың маңында, Талас алқабы мен Билікөл көлінің жанында орналасқан.

Сарысу ауданы – 43 ескерткіштен, оның ішінде 36 археологиялық, 4 тарихи және 2 сәулет ескерткіштерінен тұрады. Археология ескерткіштері Қаратау жоталарының солтүстік баурайы мен Шу алқабына шоғырланған, көптеп саналатын б.э. I-III ғ.ғ. қорғандар мен қорымдардың саны–27; VII-XIIғ.ғ. 3 қалашық бар, олардың ішіндегі ең ірісі–Саудакент; VI-VIIғ.ғ. Ақтөбе мекені; XI-XIV ғ.ғ. Көк–Кесене, Төрткөл бекіністері; орта ғасырлық Қалмақ-Арық каналы XIII-XIVғ.ғ. және т.б. Тарихи ескерткіштерге–2 әскери тарих ескерткіштері, халық ақыны Ы. Дүкенұлының есімімен байланысты 2 ескерткіш кіреді. Сәулет ескерткіштері–Шоқай Датқа мен XIXғ. Бибатыржарма мазарлары [4].


Тұрар Рысқұлов ауданы–75 тарихи және мәдени ескерткіштерден, оның ішінде 66 археологиялық, 4 тарихи және монументальды өнер, 5 сәулет ескерткіштерінен тұрады. Археология ескерткіштері көбінесе Қырғыз жоталарының солтүстік баурайларының маңы мен Жібек жолы ескі керуен жолдарының бойларына орналасып, б.э.д. Імың жылдықтың кеш орта

ғасырдағы кезенді қамтиды: қола дәуірінің жартастағы кескіндерінен; ерте темір ғасыры орта ғасырға дейінгі 36 қорғанды қорымдар мен қорғандардан; V-XII ғ.ғ.Құлан, Бектөбе, Еңбекші, Өрнек, Қарағаты сияқты 6 қалашықтан; 5 елді мекендерден, 3 бекіністен; төрткөлдер, діни есептеулер мен ғимараттардан, VII-XIII ғ.ғ. керуен-сарайлардан және тағы басқалардан тұрады.

Шу ауданы 64 ескерткіштен,оның ішінде 50-археологиялық, 12-тарихи және монументальды өнер, 2 сәулет ескерткіштерінен тұрады. Археологиялық ескерткіштердің ішінде 3 ескерткіш мыс өндірумен байланысты қола дәуірінің; 5 қола дәуіріндегі жартастардағы кескіндер учаскелерінің, көпшілік бөлігі– 23 – Кіндіктас пен Айтау тау баурайларындағы шоғырланған ерте темір ғасыр қорғандары мен қорымдары құрайды. Орта ғасыр кезеңінің 11 қалашығы Шу алқабының бойына орналасқан, олардың ішіндегі ірілері Ақтөбе Степнинское, Ақсутөбе, Октябрь, Тастунсық және басқа да ескерт-кіштер. Тарихи ескерткіштер:1 өндірістік қызметтегі–Тасөткел плотинасы, 6 әскер тарихының, 2 мәдениет қайраткерлерінің есімдерімен байланысты 2 ескерткіш; 1 монументальды өнер–Төле бидің мүсінді ескерткіші,1 сәулет ескерткіші – Айдына мазары.

Мойынқұм ауданында барлығы 65 ескерткіш бар, оның 44 археологиялық, ал 21 архитектуралық ескерткіштер. Археологиялық ескерткіштер–Омантөбе қонысы, Төрткөл бекінісі, Төрткүл қалашығы, Аяқ-төбе қалашығы. Сәулет өнер ескерткіштері: Исақ, Өтелбай, Төкен Айғорайұлы, Төлеубек мазарлары, Қоскүмбез некрополі, С.Сейфуллин Ж.Қуанышбаев, Абылайхан ескерткіштері.

Меркі ауданында барлығы-111 ескерткіш бар: оның 92 археологиялық, ал 19 архитектуралық ескерткіштер бар. Археологиялық ескерткіштер: Атабайсай моласы, Қоржайлау 6 обалары, Мерке 2-3 обалары, Ойтал обалары, Жамбыл төбелері, Қарасай төбелері, Төрткүл. Сәулет-өнері ескерткіштеріне: Ж.Жабаевқа, жауынгер жерлестерге ескерткіш, Сыпатай батыр мавзолейі жатады [5].



1-диаграмма. Жамбыл облысының әкімшілік аудандары бойынша ескерткіштердің жиілік коэффициенті

1-диаграмма мәліметтеріне сүйенсек, Жамбыл облысының әкімшілік аудандары бойынша ескерткіштердің жиілік коэффициенті ең жоғарғы аудан – Меркі ауданы (28,5), ал ең төменгі аудан–Мойынқұм ауданы (1,1). Демек, Меркі, Жуалы, Байзақ, Жамбыл, Қордай аудандары Ұлы Жібек жолында орналасқандықтан, бұл аймақта табиғи, тарихи–археологиялық және сәулет өнері ескерткіштеріне бай. Мұнда туризмді дамытудың перспективасы жоғары. Ал Шу,Талас,Т.Рысқұлов, Сарысу, Мойынқұм аудандары Ұлы Жібек жолы бағытынан қашық орналасқан. Мұнда ескерткіштердің жиілік коэффициент көрсеткіштері төмен болып отыр.

Жамбыл облысындағы рекреациялық ресурстарды жалпы 3 топқа топтастырып қарастыруға болады[6]:

1.Табиғи-рекреациялық (Андасай, Қарақоңыз, Берікқара қорықшалары);

2. Тарихи – архитектуралық ескерткіштер;

3. Археологиялық ескерткіштер.

Жамбыл облысындағы тарихи-архитектуралық және археологиялық ескерткіштерді туристік мүмкіндіктеріне қарай төмендегідей жіктейміз:

1. Республикалық деңгейдегі маңызы бар ескерткіштер;

2. Облыстық деңгейдегі маңызы бар ескерткіштер;

3. Аудандық деңгейдегі маңызы бар ескерткіштер;

Облыс территориясында ғалым-мамандар мен жергілікті өлкетанушылар 2000-нан астам объектілерді анықтап, тізімге алды. Олар: ежелгі тас дәуірі ескерткіштері, ерте замандағы көшпелілер – сақтар, қаңлы, үйсін қорғандары, тастағы бейнелер, ежелгі тұрақтар, тас мүсіндер, орта ғасырлық қалалар, архитектуралық кешендер және тарихи–эволюциялық ескерткіштер.

Облыс аумағындағы ескерткіштердің жиілік коэффициентін анықтау арқылы туристік мүмкіндігі жоғары аймақтар анықталды. Сонымен, Жамбыл облысында Меркі, Жуалы, Байзақ, Жамбыл, Қордай аудандары Ұлы Жібек жолында орналасқандықтан, бұл аймақта табиғи, тарихи–археологиялық және сәулет өнері ескерткіштеріне бай. Мұнда туризмді дамытудың перспективасы жоғары. Ал Шу, Талас, Т.Рысқұлов, Сарысу, Мойынқұм аудандары Ұлы Жібек жолы бағытынан қашық орналасқан. Мұнда ескерткіштердің жиілік коэффициент көрсеткіштері төмен болып отыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байпақов К., Нұржанов А. «Ұлы Жібек жолы және Орта ғасырлық Қазақстан», - Алматы: «Қазақстан»; 2012–265 б

2. Байпақов К.М. «Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути», - Алматы: «Ғылым»;2014–240с.

3. Бақтияр Тайжан «Туризмнің дәурені енді басталады»—«Жібек жолы» №5: маусым,2012ж.

4. Байпақов К.М., Байбосынов К.«Ұлы Жібек жолы және Тараз»-Тараз: 2012 –3-14 беттер

5. Достанбаев Т. «По Великому Шелковому пути»–«Жамбыл–Тараз»- 27 июль, 2007

6. Ердавлетов С.Р. «География туризма», Алматы: «Наука»;2009–С.73-75

Қонысбекова Қ.Қ.,
«География және тарих» кафедрасының
аға оқытушысы, М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Байсеркеева Л.С.,
«География және тарих» кафедрасының
аға оқытушысы, М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Кунтубаева Д.К.,
«Химия-биология» кафедрасының
аға оқытушысы, М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

ТУРИСТІК ӨЛКЕТАНУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДА Ш.УАЛИХАНОВТЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Түйіндеме

Мақалада белгілі ғалым, саяхатшы Ш.Уалихановтың туристік өлкетану бағытындағы тарихи-мәдени зерттеулерінің құндылығы сипатталған. Сонымен қатар, Ш.Уалихановтың географиялық және тарихи зерттеулері туристік өлкетануды дамытудағы негізгі ерекшеліктері атап көрсетілген.

Аннотация

В статье описана ценность историко-культурных исследований известного ученого, путешественника Ш. Валиханова по туристскому краеведческому направлению. Кроме того, в географических и исторических исследованиях Ш. Валиханова выделены основные особенности развития туристского краеведения.

Annotation


The article describes the value of the historical and cultural research of the famous scientist, traveler Sh.Ualikhanov in the direction of tourist local lore. In addition, geographical and historical research of Sh.Ualikhanov highlights the main features of the development of tourist local lore.

Ш. Уәлихановтың замандастары – ғалымдар, жазушылармен әскери мамандар Шоқанның өлкетану бағытындағы тарихи-мәдени зерттеулерін жоғары бағалап, оны «шын мәнісіндегі географиялық, үкімет әрі ғылым үшін аса пайдалы», «осы кезге дейін басшылыққа алып келген Еуропалық географ – ғалымдар мен шығыстанушылардың кемшіліктерін» толықтыратын еңбек деп санады.

Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбегінің дамып, өркендеуіне кең өріс 1856 жылы ашылды. Ол полковник М. М. Хоментовскийдің басшылығымен ұйымдастырылған ірі әскери – ғылыми экспедицияға қатысты. Экспедицияның мақсаты – қырғыз халқымен танысу және Ыстықкөл алабын топографиялық картаға түсіру еді.

1856 жылдың мамыр айының екінші жартысында М.М. Хоментовскийдің экспедициясына қатыса отырып, Ш. Уәлиханов өзінің саяхатын бастады. Оның сапары Алакөлден Тянь - Шяньға және Ыстықкөлге бағытталды. Алғашында ол Іле Алатауына барып, асулармен Күнгей Алатауға, одан кейін Теріскей Алатауға өтіп, Ыстықкөлдің солтүстік және шығыс жағалауларында болды, содан соң Жырғалаң өзенінің алқабымен жоғары көтеріліп, Орталық Тянь – Шянь шыңына шығып, Хан тәңірін шолуға мүмкіндік алды. «Менің саяхатымды, - деп жазуды Уәлиханов, - жүрген жерлерімнің сипатына қарай екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең Жоңғарияға, яғни, Жетісу мен Іле өлкесіне және Ыстықкөлге дейінгі сапарымды қамтиды. Мен Жоңғарияда бірінші рет 1856 жылы болдым, онда полковник М.М.Хоментовскийдің Ыстықкөлге жасаған бірінші экспедициясына қатыстым. Содан соң Құлжада үш ай тұрдым. Жоңғарияда бас – аяғы бес ай болып, бұл өлкенің Алакөлден Тянь – Шяньға дейінгі аймағын түгел көріп шықтым, ал Тянь – Шяньға сол жылы Жырғалаң өзенімен көтерілдім». Бұл сапарында Шоқан арнитологиялық (зоологияның құстарды зерттейтін бөлімі) және энтомологиялық (зоологияның құрт – құмырсқаларды зерттейтін бөлімі) топтама жасап, гербарий жинап, Жетісу мен Ыстықкөлдің өсімдіктер мен хайуанаттар әлемін зерттеп, Ыстықкөлді қағаз бетіне түсіруге қатысты. Нәтижесінде жаңа картаға көл жағажайының өзгертілген формасы түсті (1-сурет).

Ш. Уәлихановқа Жетісу мен Тянь – Шяньда кездескен ерте заманғы мәдениеттің өте сирек ескерткіштері үлкен әсер етті. Оны әсіресе Ыстықкөлдегі ертедегі қала мәдениеті, суландыру жүйелерінің қалдықтары, сәулет өнерінің ескерткіштері эпиграфика (көне ескерткіш жазулар туралы ғылым) және балбал тастар қатты қызықтырды. Бұл ескерткіштерді Уәлихановқа өткен замандардағы Ыстықкөл алқабымен бүкіл Жетісу атырабын мекендеген халықтар өмірінің көрінісін мейлінше қалпына келтіруге мүмкіндік берді. «Орыс жоңғариясында, - деп жазды ол, - көшпелі тұрмыс анағұрлым басым болғанымен, азда болса отырықшылық болған; бұл туралы алғашқы тарихи мәліметті, атап айтқанда Чигу қаласы туралы мағлұматты қытай тарихынан табамыз, бұл қала Ыстықкөлдің шығыс жағалауында орналасқан болуы мүмкін және оны үйсін күнмейіне арнап қытай жұмысшылары салды деп шамалауға болады.



1 сурет. Ш.Уәлиханов салған «Ыстық көл» топонимикалық картасы.

Орта ғасырларда мұнда, әсіресе, Іле алқабында отырықшылық кең өріс алған. Алмалық (қазір Түркістан қыстағы) Қанахай мен Қайнақ (қазірде бар) және Алматы (қазіргі Верный бекінісі) қалалары саудамен аты шығып, генуя көпестерінің қытайға және қыпшақ елшілерінің ұлы ханға баратын үлкен жолының бойындағы станциялар қызметін атқарған. Тағы бір айта кететін жай, Азияның бұл бөлігінде несториандық және монофизиттікдіні конгрегациялар өте көп болған, ал Ыстықкөлде бірнеше мұсылман мекендері болған. Бұл мәліметтер мені қатты қызықтырды...». бұл сапарында Шоқан орыс Жоңғариясының барлық жерінде дерлік отырықшылық іздерін тауып, ол жерлерде тараған аңыздарды жинады. Ол былай деп жазды: «...ежелгі Алмалықтың қирандыларынан табылған бірнеше алтын заттар мен тиындарды қолыма түсіре алдым. Мұны арнайы мақалада айтуды көздеп отырмын».

Ыстықкөл мен Орталық Тянь – Шаньда саяхаттай жүріп Шоқан қырғыз ауылдарында болып, бұғу, сарыбағыш, солту руларының өмірімен және тұрмысыментанысады. Шоқан олардың арасында ұзақ тұрып, қырғыздардың өткенін жақсы білетін адамдармен әңгімелесіп, қырғыз жыршыларының жырлары мен әңгімелерін тыңдап, тынбастан аңыз, тарихи және шежіре әңгімелерді, ертегілер мен эпостық дастандарды жазып алып отырды.

Тянь – Шань тауларында болған уақытта Шоқан қырғыз халқының өмірі мен тұрмысы жайлы мәлімет жинауды жалғастырып, оның тарихы мен этнографиясын, халық поэзиясын терең зерттеді.

Қажымас еңбектің нәтижесінде ол қырғыз халқы туралы өте бай тарихи -этнографиялық материал жинады. «Этнографиялық очерктер, статистикалық мәліметтер, тарихи оқиғалар, үйсіндер мен Алатау қырғыздары халық әдебиетінің мұралары жайлы жазбаларым бірнеше дәптер болды », - деп жазды Ш.Уәлиханов.

Жас зерттеушінің қырғыз халқының атақты эпикалық жыры «Манасқа» алғаш рет көңіл бөліп, оның бірінші ғылыми жазбасын жасап, ішін ара орыс тіліне аударуының ерекше маңызы болды. Ол жырға тұңғыш рет тарихи және әдеби тұрғыдан сараптама жасап, аты аңызға айналған бас кейіпкері- Манас образына және қырғыз фольклорының басқа кейіпкерлеріне талдау жасайды. Қырғыздардың, - деп жазды Ш. Уәлиханов,- ноғайлы дәуіріне жататын «Манас» атты жалғыз жыры бар. « Манас» - қара қырғыздардың барлық мифтер, ертегі, аңыз-әңгімелерінің бір кезеңге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырылған энциклопедиялық жинағы. Бұл дала Илиадасы тәрізді нәрсе. Қырғыздардың тұрмысы, әдет - ғұрпы, салт – дәстүрі, географиясы, діни ұғымдары мен медициналық түсініктері және олардың халықаралық қатнастары осы орасан зор жырда айқын суреттеледі. »Манас» - жекелеген көп оқиғалардан құралған тұтас еңбек. « Семетей» атты екінші бір жыр «Манастың» жалғасы іспетті және ол қырғыздың «Одиссеясы» [1].

Жас Ш. Уәлихановтың 1856-1857 жылдардағы алғашқы саяхаттарының ғылыми нәтижелері *«Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар жайлы жазбалар»* атты тамаша сапар – очерктерінде баяндалған. Бұл еңбектер Шоқанның 20 жасында жазылды. Солардың өзінде Шоқан өзін байқампаз, Тянь – Шань мен Жетісу географиясы, ежелгі заманда осы жерді мекендеген халқтардың тарихы жайлы терең танымы бар білімді ғалым ретінде көрсетті. Оның Тянь – Шань мен Жетісу табиғатын, жергілікті жердің орографиясы, өсімдік дүниесі мен хайуанаттар әлемін сипаттауы қызығушылық тудырды.

Әсіресе, оның 1856 жылы Құлжа туралы жазған күнделігі өте қызықты. Бұл күнделікте Құлжаға барған саяхат тартымды әрі көркем тілмен жазылған, шекаралық Жонғарияны мекендеуші халықтардың (қытайлар, сибо, солондар мен қалмақтардың және т.б.) өмірі мен тұрмыс салты суреттелген.

Ш. Уәлиханов қырғыз халқының көне заманғы тарихына қызығушылық танытады. Әсіресе, оны қырғыздардың бір уақытта Енисей мен Тянь – Шань, Памир мен Алтай тауларын мекендеген дерегі ойландырды. Бұл маңызды мәселені шешу, қырғыз халқының Саян таулары мен Тянь – Шань арасында көшіп – қону тарихын анықтау жас ғалым үшін маңызы зор ғылыми мәселе болды. Бұл мәселені тек жазба мәліметтер негізінде, шежіре әңгімелер мен аңыздардың негізінде шешуге болатынын Шоқан өте жақсы түсінген. Ш. Уәлиханов XVII – XVIII ғасырдағы қырғыздар тарихын айқындайтын мәліметтер табудан үміттеніп, мұрағат материалдарын қарастырды [2].

Жинақталған деректер негізінде Тянь - Шань қырғыздары сол өңірдің автохтонды тұрғындары және ол араны ежелде мекендегенін Шоқан тұңғыш рет дәлелдеді. Бірақ олар ерте заманда, Енисей аймағы Алтай мен Жоңғар даласы және Тянь – Шаньмен олардың бір тармағы ретінде географиялық біртұтас өлке болып тұрған шақта байланысып отырған, қырғыз тайпаларының оңтүстік пен солтүстікке қарай көшіп – қонып жүретін жолдары басып өткен.

Ш. Уәлиханов географ К. Риттер мен А. Гумбольдтың және шығыстанушы В. Шотт пен Г. Ю. Клапроттың еңбектеріндегі ертедегі қырғыздар тарихы жөнінде жіберілген қателіктерді сынға алды.

Қазақтың жас ғалымының географиялық және тарихи зерттеулері П. П. Семенов Тянь – Шаньский арқылы Петербордың ғылыми ортасына белгілі болды. 1857 жылы ақпан айының 27 күні Шоқанды *Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне* қабылдады. Жас ғалымға П. П. Семенов Тянь – Шаньский мен В. И. Ламанский ауызша мінездеме берді. Олар Шоқанды, әсіресе осы кезге дейін тың жатқан Орта Азия мен Қазақстанды тауда көп пайдасы тиетін талантты зерттеуші ретінде ұсынды. П. П. Семенов Тянь – Шаньскийдің пікіріде хаттаманың сараң тілімен сақталып қалған: «Шоқан Ыстықкөлдің шығыс жағалауына саяхат жасап, қазақ даласы жөнінде географиялық, этнографиялық және тарихи құнды материалдар қорын жинады және оларды жариялауға әзір» деп жазылған Шоқанның Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайлануы, оның Орыс ғалымына қосқан ерен еңбектерін мойындауды білдірді.

Шоқанның ғылыми және ағартушылық қызметі, әсіресе, XIXғ. 50-ші жылдардың аяғы мен 60 – шы жылдардың бас кезінде жандана түсті.

1858 – 1859 жылдары ол өзін батыл саяхатшы ретінде даңққа бөлеген белгілі Қашғарға саяхат жасады. Еуропаға беймәлім дерлік бұл елдің географиясымен, тарихымен және саяси жағдайымен, мәдениет ерекшелігімен танысып, Шоқан Шығыс Түркістанды зерттеуге үлкен үлес қосты. Ертеден қалыптасқан Қашғариядағы тәртіп бойынша бұл ел еуропалықтар үшін жабық еді. Шоқаннан бір жыл бұрын Қашғарияға барған белгілі географ Адольф Шлагинтвейдтің басын қожа Уәлихан төре алады. Тағдыры бүкіл ғылыми қауымды толқытқан ғылымның қайғылы қазасы жайлы анық хабарды алғаш Шоқан алып келді. «Шоқан бүкіл Алтышардың

жағдайы туралы құнды материалдар жинап үлгерді, - деп жазды П. П. Семенов Тянь – Шаньский, - және сонымен қатар Ад. Шлагинтвейдтің қазасының себептері мен қандай жағдайда болғанын бірінші рет анықтап білді» [3].

Мұрағат қорларында Шоқанның Қашғар экспедициясының деректі материалдарын ғана емес, оның өмір баянының жарқын беттерін де қамтитын үлкен іс сақтаулы. Ол «Поручик сұлтан Шоқан Уәлихановты Қашғарияға аттандыру туралы» деген атпен белгілі.

Сондай алыс және белгісіз елдерге саяхат жасауды көптен арман етіп жүрген Шоқан Қашғар экспедициясын басқару ұсынысын зор қуанышпен қабылдады. Ол кезде Шығыс Түркістанмен оған шектес Тянь – Шань мен Памир аймақтары белгісіз ел болатын.

Шоқан тұңғыш рет жалпы Сырттың географиялық сипаттамасын беріп, оның табиғаты мен ауа райы ерекшеліктерін, орографиясын, хайуанаттар мен өсімдік әлемін суреттейді. Оның ойынша, Тянь – Шань Сырты 4000 биіктікте, сондықтан да мұнда ауа райы суық. Шоқанның анықтауы бойынша, жалпы Сырт – елсіз биік таулы қуаң дала. Ол арада үнемі суық, жері әрдайым тоң, ауа аз үстемдік етеді. Бұл құбылысты қырғыздар «түтек» деп атайды. Түтек деген ауаның, оттегінің жетіспеуінен болатын тұншығу. Содан адамдар мен керуен көлігі көп зардап шегіп, жиі өлімге де ұшырап отырды. Анығында, Шоқан керуенмен Орталық Тянь – Шань адырларын меридиан бойымен солтүстіктен оңтүстікке жүріп өтті. Бұл саяхат он екі күнге созылып, Тянь – Шанның оңтүстік баурайында, Теректі – Дауан асуында аяқталды. Бұл жерге экспедиция 26 қыркүйекте жетті.

Шоқан Қашғарда жарты жылдай (1858 жылдың бірінші қазанынан 1859 жылдың наурыз айының ортасына дейін) болды. Осы уақыттың ішінде ол Қашғар қаласын жақсы біліп, Алтышар елінде жақсы зерттеді. Ол кезде Алтышар деп, солтүстігінде Тянь – Шань тауларымен, оңтүстігінде Куэн – Луеньмен қоршаған қалалар: Қашғар, Ақсу, Үш Тұрпан, Янысар, Яркент және Хотан қалаларын атаған.

Сондай – ақ тарихи мәліметтерді де ол жазба деректерден жергілікті ресми құжаттар мен кітаптардан алып, шенеуніктер мен көпестердің қосымша әңгімелерінен толықтыра түсті.

Шоқан ғалым достарының жәрдемімен сирек кездесетін бірқатар шығыс қолжазбаларына ие болды, нумизматикалық жиынтық, гербарий және Мирджай тауы мен Қара – Қаш өзенінің алабына өндірілген нефрит кесектері де бар тау жыныстарының жинағын жасады. Сонымен қатар ол ескіден қалған мұраларды: ерте заманға грамоталарды, қолданбалы және халықтық қолөнер, көркем керамика үлгілерін және т. с. с. жинады [4].

Шоқанның Қашғар экспедициясының нәтижелері өте маңызды болды. Олар ғалымдардың орасан зор қызығушылығын туғызды. Шоқан Қашғардан «Тазкирян Сұлтан Сутук Боғра хан», «Тазкирян Туғлуқ Темір хан», «Абумуслим Маурзи» және бақада сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын,

сонымен қатар, тау жыныстарының коллекциясының, нефрит үлгілерін, гербарий, нумизматика ескерткіштерін т.б. алып келді.

Ш.Уәлиханов жинақтаған бай материалдардың ішінде оның Шығыс Түркістан халқы мен олардың кәсібін бейнелейтін карандашпен салған суреттері үлкен орын алды.

Уәлиханов сапарының ең басты нәтижесі «Алтышардың немесе Қытайдың Нан – Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» атты үлкен еңбегі болды. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен географиясына әлеуметтік құрылысына арналған, Шоқан заманындағы ғылым жетістіктеріне орайластыра жазылған алғашқы ғылыми еңбек еді. Жаңа материалдарды қамту және оларды терең талдау жағынан оның еңбегі отандық ғылымға қосылған үлкен үлес болды. Ол күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ [5].

Бұл тамаша еңбекте жас ғалымның жан – жақты терең білімі, асқан дарындылығы, көреген ақылдылығы айқын көрінеді, бұл еңбектің таза әдеби сапасы жақсы әсер қалдырады – көркем тілі нәзік юмор қызықтылығы .

Тарихи деректерді талдай отырып, Шоқан Уәлихановтың тарихи-мәдени зерттеулері мен мәліметтерінің құндылығы сол кезден-ақ жоғары бағаланғанын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә. Шоқан Уәлихановтың әдеби мұралары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: 2008, №6
2. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 2011-2012. II т. – Алматы: Ғылым, 2010.
3. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағамбетов Т. Қазақстан археологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 188-211 бб.
4. В.В.Вильяминов-Зернов. Қырғыз қайсақтар туралы және ресейдің орат Азиямен қарым-қатынасы туралы тарихи хабарлар. Т.1. Уфа, 2009.
5. Марғұлан А. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Соб. соч. в 5 т.– Алма-Ата, 2012. - Т. 1. – С. 9-79.

Шолпанқұлова Қарлығаш Амангельдыевна
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Аға оқытушы

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРКІТКІШТЕРІНІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Тарихи және мәдени ескерткіштерінің құндылықтарын қорғау мен дамытудың экономикалық және мәдени мәселелерін дұрыс шешу – әлемнің

барлық мемлекеттерінің, әсіресе дамушы елдердің назарында тұрған жаһандық міндет.

Тарихи қалалардың өзіндік келбеті олардың әрқайсысында қаланың жалпы силуэті мен панорамасының экспрессивтілігі, ерекше топографиясы, қала көшелері мен ландшафтының ерекше көркемдігі, ежелгі сәулет ескерткіштерінің өзіндік ерекшелігі, жергілікті көркемдік және құрылыс дәстүрлері сияқты сипаттамалардың болуымен анықталады. Тарихи қала құраушы доминанттардың (басым бөлігі) едәуір бөлігінің жоғалуы және күрт диссонантты (бір нәрсенің үйлесімділігін, бірлігін бұзу; бір нәрсеге қайшы келеді) нысандардың тарихи қалалық ортаға басып кіруі көптеген тарихи қалалардың күрделі мәселесі болып табылады.

Жоғарыда көрініп тұрғандай, «сәулет ескерткіші» және «реставрация» ұғымдарының мазмұны уақыт өте өзгерген. Салыстырмалы түрде кеш пайда болған бұл ұғымдар әрбір жеке кезеңнің философиялық, көркемдік және басқа да идеяларына байланысты әртүрлі түсіндірілді. Сонымен қатар, олар өткен заманның сәулет өнері мен қазіргі адам әлемі арасында туындайтын байланыстарды барған сайын жан-жақты қарастыру есебінен күрделілене, байытуға бейім болды. Еуропаның әртүрлі елдерінде «ескерткіш», «тарихи ескерткіш» терминдері сәулет ескерткіші деп атайтын нәрсені белгілеу үшін қолданылады.

Демек, тарихи құндылық танымдық тұрғыдан ғана емес, эмоционалдық тұрғыдан да көрінеді. Бұл ғимараттың белгілі бір өлкенің, елдің немесе жалпы адамзаттың тарихы мен мәдениеті үшін өте алыс немесе маңызды оқиғалардың куәгері болуы замандастардың алдында ерекше мән береді. Инженерлік - техникалық сәттерді қамтитын сәулет өнерінің ерекшелігі сәулет туындыларында өндіргіш күштердің даму деңгейінің тікелей көрінісін көруге мүмкіндік береді: инженерлік білімнің көрінісі, материалдық өндіріс өнімі. Өткеннің сақталған ғимараттарының типологиялық ерекшеліктері алыс дәуірлердің тұрмыстық жағдайы туралы құнды ақпарат береді. Осы тұрғыдан алғанда, ежелгі құрылым материалдық мәдениеттің ескерткіші ретінде қарастырылады. Бірақ сәулет бірдей дәрежеде идеологиялық-бейнелі тілде жұмыс істейтін өнер болғандықтан, ескерткіштер әртүрлі дәуірлердің идеологиясы мен рухани мәдениетінің маңызды тарихи дәлелі ретінде қызмет етеді.

Сәулет ескерткіштерінде көркемдік құндылықтың болуы кем емес. Ежелгі, ортағасырлық кезеңнің немесе қазіргі заманның ғимараттары болсын, өткен сәулетшілердің туындылары қазіргі адам үшін өткір эстетикалық тәжірибе тудыруы мүмкін. Бұрын ежелгі құрылыстарды ескерткіш ретінде бағалауда дәл осы жағы басым болды, дегенмен көркемдік ұғым және сәйкесінше жеке ғимараттарға қолданылатын критерийлер айтарлықтай өзгерді. [2]

Кесенелер Орталық Азиядағы мұсылман орта ғасырлары кезеңіне жататын монументалды ғимараттардың ең маңызды бөлігін құрайды. Көптеген жаулап алушылардың қолы тұрғын үйлер мен діни ғимараттарға

дейін көтерілді, бірақ «өлгендер үйлері» тек анда-санда құлап, мезгіл-мезгіл жаңарып, қайта құрылып отырды.

Ертедегі ислам адамның, әділ болса да, құдайлануын жоққа шығарып, қабір құрылыстарын салуға тыйым салды. Алайда тыйым IX ғасырда бұзылды. Сопылық, негізінен, оны дамытты, ол кезде тыйым салуды бұзу оқшауланбады, әулиелер мен олардың қабірлеріне табынуды бекітті. Орталық Азияда дін мұғалімдері-сопылардың мазарлары, сондай-ақ билеуші әулеттер мен исламның асыл меценаттарының қабірлерінің үстіндегі қабір кесенелері пайда болды. Қасиетті орындардың үстінде де ғибадат ғимараттары пайда болды. Кең байтақ ислам елдерінде ғылыми және практикалық білімдердің бірігуі жоғары дамыған жергілікті ортағасырлық мәдениет негізінде мұсылмандық қайта өрлеуге ықпал етті. Ислам мәдениетін зерттеушілердің жалпы тұжырымы бойынша исламды қабылдаған елдердің құрылыс концепциялары исламға дейінгі жергілікті дәстүрлерге негізделген. Ислам эстетикалық идеялардың дамуын теңестіре алмады. Қарахан дәуірі Қазақстан территориясында ою-өрнекті эпиграфиялық, геометриялық, өсімдік, зооморфтық ою-өрнектің кең таралуымен ерекшеленді. Ғалымдар эпиграфиялық ою-өрнекті әлемдік бейнелеу өнерінің тәждерінің бірі деп санайды.

Кесенелер басқа ғибадат орындарына қарағанда көбірек сақталған, әсіресе ханака мен моңғолға дейінгі кезеңдегі медресеге қатысты. Мұны, ең алдымен, халықтың ата-баба мәдениетіне деген көзқарасымен түсіндіруге болады. Осы уақытқа дейін Жаңа Құрылыс техникасы таралды, атап айтқанда күйдірілген кірпіш кеңінен қолданыла бастады. Ғимараттардың сыртқы безендірілуі әсіресе ерекшеленеді-декор. Әрине, шығу тегі ертерек, балшық тәрізді кірпіштен шыққан. Тегістелген күйдірілген кірпішпен ою-өрнек әр түрлі және берік болады, ал декор өздігінен емес, бүкіл құрылымның құрамымен органикалық байланыста болады. Орталық Азияның едәуір аумағында қалау мен ою-өрнектің типтік әдістерін (сегіз бұрышты жұлдыздармен, кресттермен, ромбтармен, үшбұрыштармен және т.б.) қолдану осы жерлердің сәулет стилі мен діни каноны қалыптасқан Қараханидтердің бір державасына енуімен түсіндіріледі. Осы уақытта алдыңғы Шығыспен мәдени байланыстар күшейіп, ірі қалалық орталықтарда өздерінің қолөнер және сәулет мектептері пайда болады. Мавераннахр архитектурасы, Қараханидтер қазіргі Шығыстың басқа аймақтарының үлгілеріне тікелей еліктеуден аулақ болды". Мысалы, крест тәрізді және айвандық орналасу, күмбезді қабаттасу-жергілікті ежелгі дәстүрлердің мұрасы. Бірақ қалай болғанда да, ескі исламға дейінгі өнер мәдениеті біртіндеп жойылып, жаңа Өнер Жаңа канондарға қайшы келмейтін нәрсені ғана дамытты.

Қарахан кесенесі – Тараз қаласының орталық бөлігінде, Байзақ батыр мен Төле би көшелерінің қиылысында орналасқан сәулет ескерткіші. Кесене ортағасырлық қалашық аумағында қалыптасқан культтік-мемориалдық кешеннің бір бөлігі болып табылады.

Архитектуралық құрылым ХІ ғасырда салынған. Қарахан әулетінің ең алғашқы хандарының бірінің бейіті үстінде. Халық аңыздары бойынша, кесененің салынуы Бабжа-Хатун мен Айша-Бибі кесенелерін салған адаммен байланысты. Оның аты-жөні әлі белгісіз, бірақ белгілі болғаны ол Қарахан әулетінің ханы, 10-12 ғасырлардағы жергілікті билеушілер болған. [3]

Бүгінгі күнге дейін Қарахан туралы көптеген аңыздар бар, олардың көпшілігі батырды жас ару Айшамен байланыстырады, оның кесенесі Тараздан 20 шақырым жерде Айша-Бибі ауылында орналасқан.

Жоспардағы төртбұрышты, Қарахан портал-күмбезді кесенесі құлпытас орналасқан Орталық залдан және үш бұрыштық үй-жайдан (худжр бөлмелері) тұрады, төртінші бұрышы кесененің төбесіне апаратын баспалдақпен орналасқан. Ғимараттың қасбеті оңтүстікке қарайды. Кіреберіс арка тереңдігінде орналасқан, оның бүйірлерінде үш тауашалар орналасқан: ланцет, тікбұрышты және шаршы пішінді.

1906 жылы кесене біршама қалпына келтірілді, құрылымдық принцип сақталды, бірақ бастапқы архитектуралық және сәндік безендіру айтарлықтай өзгерді. Кесененің ішінде бүгінгі күнге дейін сақталған сатылы құлпытасты көруге болады. Қазіргі уақытта Қарахан кесенесінің қабырғаларының сыртқы бөлігі заманауи кірпішпен қапталған, ал ішкі бөлігі (күмбез және арка тәрізді тауашалар) Қараханид дәуіріндегі кірпіштен салынған.

1982 жылы Қарахан кесенесі республикалық маңызы бар Қазақ КСР тарихи және мәдени ескерткіштерінің тізімін толықтырды. 2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы қарсаңында кесенені соңғы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Соңғы уақытқа дейін Тараз Қазақстанның ең көне қаласы болып саналды. Қалада және жақын ауданда бірнеше кесене сақталған. Сақталған ең көне кесенелер – Айша-бибі және Бабаджа-Хатун кесенелері (ХІ ғ.).

Аңыздар бізге кесененің құрылу тарихын жеткізді, онда аңыз бойынша әйгілі ақын және ғалым Хакім-атаның қызы сұлу жерленген, күйеу жігіті Қараханға сапары кезінде күздің қолайсыз кезеңінде ауырып, кенеттен қайтыс болған. Ғимараттың бұрыштық бағандарындағы жазулардың ішінде "күз, бұлттар өмір әдемі" деген сөздер сақталған. Жергілікті өлкетанушы Ж. Боданов былай деп жазады: "халық арасында Айша-бибі туралы және осы сирек кездесетін сәулет ғимаратының құрылу тарихы туралы көптеген аңыздар бар. Олардың бірі бай ақ-сүйек қызы сұлу Айшаның және жау жүрек әрі батыл жауынгер Қараханның махаббаттағы адалдығы туралы айтады. Оның сезімдерінің күші соншалықты терең болды, ол ата-анасының еркіне қарсы шығып, жеңіс қуанышы мен жеңілістің ащылығымен бөлісу үшін сүйіктісіне барды. Асса өзенінің жағасында Айша өзінің үйлену тойындағы сәукелеге жорғалап бара жатқан жыланның шағуынан қайтыс болды. Есеңгіреген Қарахан сүйіктісінің қабіріне кесене тұрғызуды бұйырды".

Сәулеттік тұрғыдан Айша-бибі кесенесі құрылымдардың центрлік түріне жатады, барлық қасбеттердің бірдей шешімі бар. Қабырғалардың осьтері бойымен терең тауашалардың саңылаулары ланцет доғаларымен жабылған.

Кесенеге даңқ әкелген ең таңғажайып және әдемі нәрсе-оның сәндік дизайны. Сақталған қасбет пен бағандардың бүкіл беті керемет геометриялық және өсімдік үлгілері бар үздіксіз терракоталық қаптаманы ұсынады. Терракоталық плиткалардағы өрнектердің әртүрлілігі таң қалдырады: өрілген көпбұрыштар, кресттер, жұлдыздар, гүлдер, жапырақшалар, сабақтар мен өрнектер түрінде геометриялық. Тегіс беті бар әр түрлі пішінді плиткалар бар. Кесененің қабырғаларын безендіруде әр түрлі пішіндегі және ою-өрнектегі терракоталық плиткалардың 60-тан астам түрі қолданылған. [3]

Ортағасырлық Қазақстанның тағы бір керемет сәулет ескерткіші-Бабаджа-Хатун кесенесі (аңыз бойынша-бай сұлулықты сүйемелдеген күтуші-қызметші). Айша-бибі кесенесінен ол форманың қатаң қарапайымдылығымен, декордың органикалық сипатымен және құрылыс жұмыстарының жоғары сапасымен ерекшеленеді, бұл оның ғасырлар бойы сақталуын анықтады. Сәндік дизайнның ұстамдылығына қарамастан, кесене өзінің қатал сұлулығымен және монументалдылығымен таң қалдырады.

Кейбіреулер Талас өзенінің заңды жағалауында орналасқан Түймекент мегаполисінің бұл рөлі туралы айтады, ал басқалары Плетенка өзеніндегі Талас қаласы, оны белгілі Садыр-Бугор рыцарь қаласы деп түсіндіреді. Осындай тәсілмен салдарынан дошедшим дейін біз писчим ключам сондай-ақ фундаментальному зерттеу археологических қазба жұмыстары, қалашық Тараз очутился ең бірі рыцарским мегаполис қазақ біздің планетада, пережившим емес ондаған орналастырылған торабында, 9 жолдары бойынша Атақты Безответного жолда, глобулиндер Батуы, сондай-ақ Азия. Бұл туралы түркі, Қарлұқ, Оғыз касталары, араб және Иран жауынгерлері оны қорғау кезінде Ойранды бірнеше рет енгізгені туралы көп мәлімет бар. X-XII ғасырларда Тараз қаласында су құбырлары болған, сонымен қатар күйдірілген кірпіштен салынған сауна болған. Оның жанында Айша бибі күмбезі тұрғызылды. Біреу керемет күйдірілген кірпішпен қапталған, қабырғаға өрнектер салынған. Тараздағы Рыцарлық сәулет өнерінің тағы бір ескерткіші-Қарахан қоймасы. Өкінішке орай, сынған Арка XX ғасырдың басында қайта құрылды, оның танымал суреттері де жоғалып кетті. Бізге дейін оның фотосы ғана жетті. Тараз Жетісудың қоғамдық-саяси, қаржылық, сондай-ақ өркениетті өмір сүруінің үлкен орталығы болды. Мегаполис округтерінде Төменгі Барысхан, Хамукет, Джикил, Адахкет, Ден, Нужикет, Онагр, Мерке, Аспара, Жул, Баласағұн, Барсхан ауылдары да тізбектеле жалғасқан. Сонымен қатар, өзеннің жазығында немесе Қойлық, Талхиз, ЕК-Оғыз сияқты мегаполистер бар. XI ғасырда Ясы (Түркістан) қалашығы Шауғар жерінің орталығы болған. Мұнда XII ғасырдың соңында Ахмет Яссауидің күмбезі шағымданады, қала да діни орталыққа айналады. Сырдарияның ірі қаласы-Сығанақ. Керуен жолдарының тоғысқан жерінде орналасқан Қазақстанның Солтүстік-азия провинциясы да XII ғасырда қыпшақ ұйымын құрды. Қазіргі уақытта Сығанақ учаскесінде Сунак-богиня халқы орналасқан. X-XII ғғ. Типтік Азияда, сондай –ақ Қазақстан елінде, жоғарыда аталған жерлерден басқа, бірнеше жаңа елді мекендер-Қарашоқы, Қарнақ, Ашынас, Баршылықкент пайда болды. Сауда қызметі Қазақстан территориясындағы адамдардың қаржылық өмірінде үлкен маңызға ие болды. Дереккөздердің жазушылық тізімі Қазақстанның Жетісу мегаполисінде Византиймен, Иранмен, типтік Азиямен, Кавказбен, Алтаймен, Сібірімен, Шығыс Түркістанмен тығыз қарым-қатынас болғанын көрсетеді.

VI-X ғғ. халықаралық саудада "Ұлы Жібек жолы" үлкен маңызға ие болды. Бұл жол шаштан Газгирдқа дейін, одан Испиджабқа дейін жойылды, содан кейін керуендер Тараз қаласына қарай бет алды. Испиджабтың ішінде бірқатар шағын елді мекендер, сондай-ақ "Жібек жолы" керуен сарайлары Тараздан Адахкет, Дех-Нужикент мегаполисі арқылы қимақам терістігіне өтті. Тараздан "жауапсыз жолмен" Төменгі Барысханға, Оңғарға, одан кейін Меркіге қарай шұбыра жолшыбай Аспара елді мекендеріне, керуендер пафосқа, сондай-ақ Ақсу амбралық Түркістанға өтеді. Оңғарда испиджабпен керуен жолы Құмкент, әже-Құдай, Созақ мегаполисі арқылы терек Достастығында, содан кейін негізгі Қазақстанның далаларына сәйкес Кенгір, Жезді, Нұра жазықтарына бет алды, сонымен қатар өзен, Қимақ-Қыпшақ касталары қоныстанған аймақтар. Маңызды сауда маршруттарында керуен сарайлары, құдықтар, сондай-ақ су қоймалары бар. Өзендерге көпірлер салынды. Елді мекендерде сауда орындары, үлкен базарлар болды. Кәдімгі Азиямен автостекло, құнды тастар, кең қолданылатын өнер нысандары, жылқы жануарлары да полиадельфит экспортталды. хат., бірақ Қытайдан мата, керамика, фарфор импортталады. Басқа елдерден әкелінген өнім-інжу, лапис лазули, Маржан немесе әдемі безендірілген өнім. Елді мекендердің көбеюі, сауданың қалыптасуы, аграрлық өнімге сұраныстың артуы. Бұл мал шаруашылығын да егіншіліктің қалыптасуына ықпал етті. С-жауын-шашынның аздығынан Қазақстан елінде жер көп мөлшерде шашыранды базаға айналды. Землепашество қалыптастырылды зюйде мемлекет, барлық жазық өзендер Сыр-дарья, Арыс, Биологиялық белсенді заттарға, Жетісу, өзенінде не. Негізгі Ел су тапшылығына байланысты тек су басқан, сондай-ақ биік аймақтарда ғана егіншілікпен айналысқан. Мемлекеттің барлық құрамдас бөліктерінде аграрлық мамандықтар мал шаруашылығымен қатар жүрді. IX-

Сарапшылар мегаполистің деп Касрибасты бірауыздан анықтады, бұл туралы осы Тараптың жазбаша кілттерінде айтылады. 1986 жылы глаголь. ко қызметі шығарылды. М.Байпақовтың "елім де Жетісудың орта мәдени штаты" атты еңбегінде Жетісудың Рыцарлық елді мекендерін зерттеу хроникасы, оларды қайта атау мәселесі де жазылған, бірақ хронологиялық жүйелеуден басқа, ерте орта ғасырлардағы елді мекендер саны да IX-XIII ғасырдың негізі болып табылады. ұсынылған құрамы, жүйелеу, үзіліс кезінде, олардың құрылымы, өзіне тән ерекшеліктері, сондай-ақ ұқсастық қалыптастыру муниципалдық өркениеттер кез келген даму сатысында. Экспериментатор Семиречьедегі Қазақстанның Рыцарлық елді мекендерін құру туралы қорытынды жасады. Шу ауданының рыцарь елді мекендеріндегі қала құрылысының сипаттамалық белгілері эксперименттік жұмыстарының жазбаларында да көрсетілген[2, 104б].

Түйінді сөздер: қазақ халқының тарихы, этнография, материалдық және рухани мәдениет, мәдени дәстүрлер, кесене, мазар, туризм, экскурсия.

Ключевые слова: история казахского народа, этнография, материальная и духовная культура, культурные традиции, Мавзолей, Мавзолей, туризм, экскурсия.

Keywords: history of the Kazakh people, ethnography, material and spiritual culture, cultural traditions, Mausoleum, Mausoleum, tourism, excursion.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» [25, 46]. 2017. 12-сәуір.
2. Абдуалы А.Б., Серікбаев Е.Қ., Өтепбергенова Г.С., Тобаджанов Р.Т. Әулиеата өңірі киелі орындарының тарихи аңыздары: Оқу қралы. – Тараз: Тараз университеті, [2018.-104 б]
3. Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. – Алматы: Санат, [2002.- 182б].
4. Байдалиев Д.Д. Жуалы өлкесінің ежелгі тарихы. – Тараз, [2007. 29б].
5. Байпақов К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (6-13 вв.). – Алма-Ата: Наука, [1986.255б].


Мубаракова Назиба Кумаргазыевна,
Фондохранитель Восточно-Казахстанского
музея искусств город Усть-Каменогорск,

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ХРАНЕНИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМ МУЗЕЕ ИСКУССТВ

Музей – своеобразный показатель уровня культуры каждого народа, любой страны. Как инструментарий в развитии исторического сознания нации он призван передать уроки прошлого следующему поколению.

Восточно-Казахстанский музей искусств был создан 1 июня 1990 года. Здание музея расположенное в городе Усть-Каменогорске по ул. Тохтарова, 56, (бывший дом-контора купца-золотопромышленника А.С.Меновщикова) является памятником архитектуры начала XX века и внесено в Реестр памятников местного значения за № 561.039.А2. Площадь музея составляет 1096,2 м². Экспозиционная площадь - 518 м², в неё включены 7 залов: «основной зал», в котором демонстрируются постоянные выставки; залы №1, 2 и 3-ий, в которых экспонируются сменные выставки; на первом этаже - «зал-класс» для музейных уроков, «зал-фойе» - в нем размещена постоянно действующая выставка, «выставочный салон», в нем экспонируются сменные выставки; в «музыкальном зале» размещена постоянная экспозиция

«Эхо земли» (коллекция казахских народных музыкальных инструментов, живопись, графика). Помещения фондохранилищ занимают площадь 107,4 кв.м. на 10216 экспонатов. Согласитесь это не большая площадь на такое количество предметов.



ВКМИ стал своеобразным координационным центром для художников, музыкантов, творческих объединений различного профиля. Это любимый центр досуга для многих усть-каменогорцев, место, где наглядно оживает история, а традиции народа обретают зримые образы в изобразительном искусстве и литературе. Сегодня без участия Восточно-Казахстанского музея искусств немислим процесс эстетического и патриотического воспитания в нашем регионе. Учащиеся и педагоги школ, колледжей, ВУЗ-ов приходят в залы музея, чтобы научиться самому главному – творческому отношению к жизни.


Устройство и оборудование экспозиционных залов должны предусматривать не только создание наилучших условий для показа экспонатов, но и обеспечение их сохранности от преждевременного изнашивания, повреждений и хищения.

Статус музея определяется, прежде всего, качеством его коллекции. Наши фонды объективно отражают историю развития искусства на востоке Республики Казахстан. В том числе общее количество экспонатов *изобразительного* искусства составляет половину общего музейного фонда, также имеются ещё фонды «Литература», «Музыка», «Детское творчество», «Видеофонд», «Фотография», «Скульптура» и «Фарфор».

На 01 января 2023 года музейное собрание Восточно-Казахстанского Музея искусств насчитывает **10216** единиц хранения.

Из них:

- основной фонд (ОФ) - 6469 единиц хранения,
- научно-вспомогательный фонд (НВФ) - 3747 единиц хранения.



Музейные фонды подлежат строгому государственному учету, который обеспечивает их юридическую охрану и создает условия для изучения и рационального использования.

В течение 2022 года для улучшения состояния сохранности экспонатов в ВКМИ была проведена просушка изделий ДПИ, 150 предметов из коллекции «ДПИ». Вредное действие на фонды, общеизвестно, оказывают температура, влажность, а так же газовые засорители воздуха (сероводород, аммиак, сернистый газ и др.) потому необходимо тщательно следить за чистотой участка, окружающее музейное здание. На примыкающей к музею территории запрещается разводить голубей.

Охрана музеев, выставочных и реставрационных учреждений может быть гражданской, вневедомственной, полицейской и комбинированной. Инструкция должна предусматривать обеспечение непрерывной круглосуточной охраны коллекций и помещений музея. Кроме такой охраны, музей должен иметь охранную сигнализацию, гарантирующую непрерывную охрану коллекций и помещений музея в течении суток, связанную с городскими организациями УВД. Характер системы сигнализации и режим ее работы должны быть согласованы с местными органами МВД.

Каждый хранитель должен иметь личный пломбир или печать со своим номером или знаком. Передача пломбира и печати другому лицу категорически запрещается.


В фондовой коллекции ВКМИ хранятся работы большинства основоположников казахстанской школы живописи, графики и скульптуры: Абылхана Кастеева, Гульфайрус Исмаиловой, Айши Галимбаевой, Уке Ажиева, Ария Школьного, Исатая Исабаева, Евгения Сидоркина, Николая Гаева, Фатимы Молдабаевой, Альберта Гурьева, Еркина Мергеннова; основателей и лидеров группы «шестидесятников» – Салихитдина Айтбаева, Шаймардана Сариева, Абдрашита Сыдыханова, популярные на мировом арт-рынке картины Жанатая Шарденова и Магауи Аманжолова, Бексеита Тюлькиева и Ерболат Топебаева, а также произведения современных авторов практически из всех регионов Казахстана.



В 2022 году ВКМИ проведено 14 вернисажей, где к каждому разрабатывался оригинальный сценарий, в залах музея экспонировались 89 выставок: 25 постоянных экспозиции и 44 стационарных выставок. Из них 12 – персональных и 8 – тематических. За год в оформлении экспозиции передвижных и постоянно-действующих выставок было использовано 1201 экспонат из фондов ВКМИ, также сотрудниками музея выполнено 25 научно-популярных публикаций, 77 публикации и интервью о деятельности музея в периодической печати, на телеканалах и веб-сайтах, где в процессе подготовки изучались творческие биографии авторов, проводился искусствоведческий анализ экспонируемых работ, привлекались творческие коллективы. Сотрудники музея приняли участие в работе 9 семинаров и конференций.



Наш музей показывал свою коллекцию в Астане, в Президентском центре культуры. С передвижными выставками мы выезжали в районы области и города Петропавловск, Алматы, Семей, Кызылорду, Павлодар. С 1998 года в музее была основана существующая до сих пор традиция проведения конкурсных детских художественных выставок. Созданы музейные каталоги «Живопись», «Графика», серии книг «Арт-елі», посвященные творческим людям нашего региона: Шангерю Ибраеву, Талгату Татиеву, Борису Французову, порядка десяти каталогов выставок детского творчества, книга стихотворений Ларисы Мартыновой.



Музеем за 2022 год было проведено 7 благотворительных мероприятий: ГО «Городской территориальный медико-социальный центр для пенсионеров «Улыба», Полустационарное отделение «САД» (социальная адаптация уч-ся.) при Общественном объединении женщин-инвалидов «Алтын Ай», Дворец творчества школьников, военнослужащие срочной службы ВЧ 5518, ВЧ 3477.



В течение ряда лет в музее проводился поэтический конкурс «Свободной музы приношение», при музее работали творческие клубы авторской песни «Зелёная карета» и «Горный ручей», в 2011 году в Музыкальном зале была оформлена и до сих пор действует постоянная экспозиция казахских народных инструментов «Эхо земли». Здесь можно увидеть домбры, кобыз, жетиген, изготовленные знаменитым мастером Жолауши Турдыгуловым, сыбызгы, сделанный известным музыкантом Калеком Кумакайулы



Здание музея имеет уникальное украшение интерьера музыкального зала (высота зала в два этажа) - это декоративные витражные композиции из цветного стекла на всех окнах, в исполнении двадцать лет назад местным художником Валерием Дранишниковым.



Ведется активная музейная работа и вопросы о сохранности экспонатов, думаю, что для всех музеев, встают в полный рост:

- 1) должно быть большое, хорошо проветриваемое помещение: увеличение площади хранения для ВКМИ от 250 квадратных метров;
- 2) центральное отопление должно быть с регулятором тепла, чтобы в помещении поддерживать температуру 16-18 градусов;
- 3) влажность не только фиксируется, но и должна регулироваться самыми современными способами (оптимальная норма влажности 50%);
- 4) нужны средства на приобретение специальных стеллажей для музея (размещение экспонатов на сетках уменьшает риск возможного повреждения экспонатов при хранении). При необходимости в состав системы передвижных стеллажей может входить стационарный с сетчатым каркасом.
- 5) Желательна и современная подвесная система для развески в залах: раздвижные стеллажи с сетками для развески картин; музейные компактные на рельсах стеллажи и шкафы; шкафы-драйверы музейные горизонтального хранения;

Восточно-Казахстанский музей искусств служит народу 32 года и мы надеемся, что при правильном хранении экспонатов донесем в целости и сохранности наследие прошлого.

Краткое содержание:

Деятельность Восточно-Казахстанского музея и актуальные вопросы хранения экспонатов на сегодняшний день.

Шығыс Қазақстан өнер музей қызметі және бүгінгі таңдағы экспонаттарды сақтаудың өзекті мәселелері.

The activities of the East Kazakhstan Museum of Art and topical issues of storage of exhibits today.

Используемая литература:

1. Годовой отчет ВКМИ за 2022 год
2. Инструкции по учету и хранению экспонатов музейного фонда, 2015г
3. Каталог фондовой коллекции ВКМИ графика, 2017
4. Каталог фондовой коллекции ВКМИ живопись, 2017
5. Каталог Республиканского пленера в ВКО «Алтай-жемчужина Казахстана», 2018
6. Фотоальбом Международного пленера в ВКО «Палитра Великой степи», 2019
7. Каталог ВКМИ «Дала Дидары», 2022

Шаметов Сакен Таласбекұлы

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК
ғылыми қызметкер

Арынова Динара Суиндиқовна

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК
ғылыми қызметкер

Джалишева Индира Қазыханқызы

«Әзірет Сұлтан мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық музейі» РМҚК
Ғылыми қызметкер

**СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ТОПОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ**

Әлемдік экономикада өзіндік орны мен салмағы бар «Ұлы Жібек жолының» пайда болуы жол бойында бірнеше қалалар мен бекеттер қалыптасуына ықпал етті. Бірнеше қалалар өз кезегінде білім мен өркениеттің, қолөнер мен сауданың, саясат пен экономиканың орталығына айналды. Солардың бірі Сығанақ қаласы.

Қала Қыпшақ хандығының (XI-XIII ғғ), Ақ Орданың (XIV-XV ғғ), қазақ хандығының (XV-XVI ғғ) астанасы болған. Қала туралы алғашқы мағлұматтар қалдырған Перовск уезінің бастығы В.А.Каллаур. Оның жазғандарына қарағанда қала дуалмен қоршалған. Қызыл кірпіштен жасалған мешіт күмбездері жартылай сақталған.

Сығанақ қаласының атауы туралы Жәміл Ержановтың «Сунақтар және Сунақ қаласы» атты еңбегінде «Қазақстан территориясында арабша үш түрлі жазу үлгісі (письменность) өтті: қадыми (көне классикалық араб жазуы), жәдит (1917 жылға дейін) және төте жазу. Көне жазу бойынша арабтың «А» деген бір әріпінің өзі асты-үстіне қоятын белгілерімен тоғыз түрде айтылады. Осыған байланысты классикалық араб жазуы бойынша харақаттар (фатқа, кесра, дамма) транскрипциясы және үстіне жазылатын секин (о) сияқты тағы басқа да белгілер арқылы «Сунақ» деген сөзді анық және дұрыс жазуға болады. Бұл белгілерді дұрыс пайдалана білмесе «Сунақ» деген сөздің орнына «Сувнақ», «Сугнақ», «Сыгнақ», «Суннақ», «Сагнақ», «Сығнақ» деп транскрипциясын бұрмалап дұрыс аталмайтын, яғни дұрыс жазылмайтын мүмкіншіліктердің де бар екені анықталып отыр» деп жазады (Ж.Е.Ержанов. Сунақтар және сунақ қаласы. Алматы. «Ғылым» 1996 ж.).

Сығанақ қаласының бұрын Сунақ аталғанын бүгінгі тарих ғылымы да теріске шығармайды. Дегенмен, Сунақ болсын, Сығанақ болсын екі атауға да ортақ «нақ» жұрнағы құпиясын ішіне бүккен жұмбақ болып отыр.

Т.ғ.к., Зікірия Жандарбек, ««нақ» жұрнақты атаулар Карчи жылнамасында бір мағына берумен шектелмейді. «Нақ» жұрнақты сөздер тек, елді мекеннің, жердің атын білдіріп қоймайды, елдің, жұрттың атауына, ру-тайпалар атауына жалғасатынын көреміз» (З.Жандарбек. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер табылды. <https://abai.kz/post/77035>) десе тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев, «Қарнақ құпиясы: тарих және сабақтастық» атты мақаласында ««нақ» жалғауы бар сөздер бір дүниені ұлғайту мақсатында қолданылса керек деген пікірмен келіспейміз. Керісінше, «нақ» жалғауын қазақ тіліндегі «нақты» деген ұғыммен байланыстырған жөн. Егер бұл сөздің тамырын қуалайтын болсақ, онда тым ерте, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі үшінші-екінші мыңжылдықтардағы арий-тур сөздік қорындағы «нақ» сөзіне барып жалғанатынын анықтаймыз. Түркі тілдерінде бұл көне сөз – қазақтың нақ, нақты деген ұғымдарында, хорезм түріктерінде саяси мағынадағы – инак атауында сақталған. Инак сөзінің мағынасы жақын дегенді білдіреді, яғни ханның жақыны, жанашыры, ақылшысы. Орыс тіліндегі анықтамасы: «инак- букв. “доверенное лицо»; как должность и титул в разное время и в разных местах имело разные значения; в нашем

тексте, означает придворных, лично близких к хану». Сонымен нақ сөзінің көне мағынасын қабылдасақ, Сунақ – суға жақын қала, Ташанак – тасқа жақын қала, Қарнақ – Қаратау баурайындағы, Қаратауға жақын елді мекен» (Жамбыл Артықбаев т.ғ.д. <https://egemen.kz/article/166506-qarnaq-qurıyasy-tarikh-zhane-sabaqtastyq>) деп тұжырым жасайды.

Т.ғ.к М.Тұяқбаев «Жалпы, соңғы буыны «нақ» жалғауымен аяқталатын атаулар әлемнің түкпір-түкпірінен кездеседі. Мысалы, Өзбекстанда Мойнак деген станция, Питнак деген елді мекен бар, Қазақстанда Шанақ деген ауыл, АҚШ-та (Аляска) Шангнак деген елді мекен, Түркияда Ширнак деген қала, Молдовияда Ченак деген қала және т.б қалаларды келтіруге болады»-дейді (К.А.Ақышевтың 90-жылдығына арналған «»Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары Алматы. 2014ж. 626-633 бб).

«Түркістан жазирасын «нақ» жалғауымен аяқталатын атаулар ең көп шоғырланған аймақ десек қателеспейміз. Бізге белгілі Шобанақ, Шорнақ, Қарнақ, Ташнак, Иуғнақ атауларына соңғы жылдары Сунақ, Шағанақ және көрші Жаңақорған ауданындағы Сығнақ атаулары қосылды. Бұларға бүгінде Жоғарғы Ташнак пен бұрынғы «Коммуна» елді мекенінің ескі аты Жүйнек - Иуғнақ қосылып «нақтардың» саны онға жетіп отыр» (К.А.Ақышевтың 90-жылдығына арналған «»Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары Алматы. 2014ж. 626-633 бб).

Бірнеше тарихшы, филолог, түркітанушы ғалымдардың әртүрлі пікірлерін келтіре отырып «Дегенмен, біз Ташнақтан басқасын этнотопоним (тайпа аты) деп жобалаймыз»- деп «нақ» жұрнағына сипаттама береді. (К.А.Ақышевтың 90-жылдығына арналған «»Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары Алматы. 2014ж. 626-633 бб).

Келтірілген деректерді салыстыра, саралай келе елді мекендердің атауындағы «нақ» жұрнағы Оғыз тайпасының атуы деген тоқтамға келуге болады. Себебі, «нақ» жұрнағымен бітетін елдімекендер негізінен Түркістан мен Отырар жазираларында орналасқан. Ал, бұл территория IX-XII ғасырларда Оғыз қағанатының құрамына кірген. «Тарихи карталарда олардың (оғыздардың) орналасқан жері Сыр бойында Сығанақ қаласының оңтүстігімен өткен деп белгілейді» (Амлас Tartarica. Казань-Москва-Санкт-Петербург, 2005ж.-). Стени Евразии. X-XI вв. с.202-203..).

Сығанаққа байланысты тағы бір мәселе қала қақпасының орнын анықтау болып отыр. Сығанақ қаласының ортағасырлық саяси және экономикалық даму тарихын зерттеуде қақпа кешенін зерттеу жұмыстары маңызды қызмет атқарары анық.

Қала топографиясында қақпа орны анық байқалуына байланысты, қала зерттеушілері осы насанға көңіл аударғаны заңды мәселе екенін айту қажет.

XIX-XX ғасырларда зерттеушілердің еңбектерінде қала қақпасы туралы қысқаша мәлімет берген, дегенмен, графикалық сызбалар мен фотосуреттерге қарап зерттелу тарихы туралы ой-пікір қалыптастыруға болады.

Зерттеушілерінің ішінде алғашқы болып осы мәселеге көңіл бөлген В.А. Каллаур болды. Қызмет бабымен іс-сапарда жүрген кезінде 1898 жылы Сығанақ қаласының қалдықтарына арнайы барып, қала топографиясының сызбасын жасап, сипаттама береді (*Каллаур В. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингисханом в 1219 году. // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Туркестан, 2011. с. 206.*).

Бұл еңбегінде қала қақпасы туралы арнайы ақпарат бермегенімен, топографиялық сызбасында орнын және қақпа алды құрылысын анықтап көрсетеді.

Сыртқы қорған дуалын айналдыра қоршап қазылған фортификациялық ор XIX ғасырда, сызбаға қарағанда, анық көрініп тұрған және де қақпа алдында оның ені кеңдеу болып келеді. Қалаға кіретін қақпа жолында ордың іздері жоқ. Соған қарағанда ең соңғы жөндеу жұмыстары барысында орды көміп тастаған болуы мүмкін. Күйдірілген кірпіштен салынған құрылыстардың іздері де В.А. Каллаурдың сызбасында байқалмайды, яғни, XIX ғасырдың соңында қақпа және оның бойындағы құрылыс кешендері толығымен бұзылып кеткен.

Қақпа туралы ақпараттарды келесі зерттеушінің еңбектерінде көруге болады. 1927 жылы ГАИМК-ның, көнелерді және табиғатты қорғау Орта Азия комитетінің және Шымкент қаласының облыстық музейінің архитектура және өнер туындыларын зерттеу, реставрациялау және қорғау мақсатында ұйымдастырған экспедицияның құрамында қызмет атқарған А.Ю. Якубовскийдің есебінде қала қақпасы туралы құнды мәліметтерді табуға болады. Бұл туралы экспедицияның нәтижелерінің негізінде жазылған «Развалины Сыгнака» атты мақаласында көрсетеді (*Археологические экспедиции Государственной Академии истории материальной культуры и Института археологии Академии наук СССР. 1919-1956 гг. Указатель. - М., 1962, с. 54;*).

Бұл мақалада А.Ю. Якубовский қаланың қақпа кешені туралы толық сипаттама бермегенімен, қақпа қаланың оңтүстікке қараған қорғанында орналасқан және қала жұртындағы көзге көрінетін жалғыз қақпа деп көрсетеді. («Только в одном месте, в южной стене, видны следы ворот; другие стены идут сплошной непробиваемой линией. Наличие одних ворот не должна нас смущать, ибо в Пайкенде, который по описанию Л.А. Зимина, имел городскую стену протяженностью 678 с. (несколько больше Сыгнака) были также одни ворота.» (*Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИИМК. Т. II. - Л., 1929, с. 152-154.*).

Сонымен қоса қала қақпасы орнының суретін береді. Фотосуретте қала қорғаны дуалының жоғарғы бөлігі, осы жерден қақпа өткелінің және қақпа алды құрылысы дуалының үйіндісі анық көрініп тұр. Осы фото суретке қарағанда 1927 жылы қала қақпасының жағдайы қазіргі тұрпатына жақын болғандың байқауға болады.

II дүниежүзілік соғыстан кейін яғни, 1947-49 жылдары Сығанақ қалашығын А.Н. Бернштам бастаған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттейді (*Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане. // Краткие сообщения ИИМК. - Вып 26. - М, 1949. - с. 131-133.*).

Бұл экспедицияның есебі сақталмаған, сондықтан экспедиция мүшелерінің баспадан шығарған мақалаларына сүйенуге тура келеді. А.Н. Бернштам мақаласында Сығанақ қақпасы туралы нақты ақпарат бермеген. Қақпа туралы ақпаратты 1947 жылы мақалада берген Г. Кушаевтың түсірген топографиялық жобадан алуға болады (*Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН КазССР. Серия археологическая. Вып 2. - 1949. - с. 59, 86-87.*).

Сонымен қатар, 1947 жылғы экспедицияның құрамында жұмыс атқарған Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің 1958 жылы жарық көрген монографиясында «вход внутрь городища сохранился в северном конце юго-восточно-восточной стороны в виде узкого, длиною около 20 м коридора, образованного выступами земляного вала, охватывающего площадь городища» (*Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. // Труды института истории, археологии и этнографии. Том. V. Археология. Отдельный оттиск. - Алма-Ата, 1958. - с. 96, 97*) деп Сығанақ қала жұртының толық сипаттамасын береді. Кушаевтың түсірген топографиялық жобасы осы сипаттаманы толықтыруға мүмкіндік береді. Жобаға қарап қала фортификациялық қорғанының және қақпа алды құрылысының биіктіктерін анықтауға болады. Қақпа алды құрылысы дуалының биіктігі қала қамал қорғанымен қосылған жерінде бір деңгейде болған. Қақпа алды құрылысы ассиметриялы болып келеді. Бұл ерекшелікті В.А. Каллаурдың да жобасында байқауға болады.

Қазақ даласы арқылы өтетін Жібек жолы бойындағы қалалар егін шаруашылығы мен сауда жүйесі дамыған мәдени, экономикалық аймаққа айналып, әлемдік дамуға өзіндік үлесін қосқан ірі өркениет орталығы бола білді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. // Труды института истории, археологии и этнографии. Том. V. Археология. Отдельный оттиск. - Алма-Ата, 1958. - с. 96, 97

2. Артықбаев Жамбыл. Т.ғ.д. <https://egemen.kz/article/166506-qarnaq-qurıyasy-tarikh-zhane-sabaqtastyq>
3. Археологические экспедиции Государственной Академии истории материальной культуры и Института археологии Академии наук СССР. 1919-1956 гг. Указатель. - М., 1962, с. 54; Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИИМК. Т. II. - Л., 1929, с. 152-154.
4. Атлас Tartarica. Казань-Москва-Санкт-Петербург, 2005ж-С. 202-203. Степи Евразии. X-XI вв.
5. Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане. // Краткие сообщения ИИМК. - Вып 26. - М, 1949. - с. 131-133.
6. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана Известия АН КазССР. Серия археологическая. Вып 2. - 1949. - с. 59, 86-87.
7. Ержанов.Ж.Е. Сунақтар және сунақ қаласы. Алматы. «Ғылым» 1996 ж.
8. Жандарбек З. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер табылды. <https://abai.kz/post/77035>
9. К.А.Ақышевтың 90-жылдығына арналған ««Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары Алматы. 2014ж. 626-633 бб.
- 10.К.А.Ақышевтың 90-жылдығына арналған ««Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары Алматы. 2014ж. 626-633 бб.
- 11.К.А.Ақышевтың 90-жылдығына арналған ««Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары Алматы. 2014ж. 626-633 бб.
- 12.Каллаур В. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингисханом в 1219 году. // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Туркестан, 2011. С. 206.
- 13.Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИИМК. Т. II. - Л., 1929, с. 142

М.Тұяқбаев,
т.ғ.к., «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей қорығының
археологы

Н.Таджибаев,

ТҮРКІСТАНДАҒЫ «МҮРИЧӘ» МОНШАСЫ

Әрбір ортағасырлық қаланың қорған қабырғасы, қақпалары, керуен-сарайлары, мешіттері, медреселері, базарларымен бірге міндетті түрде болуы тиіс қоғамдық құрылыстарының бірі - монша болып табылады. Моншалар негізінен екі түрде кездеседі, олардың ең ірі көлемдегілері «хаммам» деп аталады және олар қаланың қақпаларына жақын орналасады (мысалы, Түркістандағы үлкен монша Мүсәллә қақпасына жақын орналасқан). Екінші түрі «хаммами мұхтасар» - бұл орта көлемдегі монша, негізінен үш-төрт махәлләға (кварталдарға) қызмет еткен, оның екінші атауы - «мурича». Бұл моншалар бірнеше бөлмеден тұрады, ең көп тараған түрі махалләлік мешіттерге жақын немесе мешітпен бірге бір аулада орналасқан түрлері. Мұның үлкен қалалық моншадан айырмашылығы тек ер адамдарға қызмет ететіндігі және жуынатын жылы суды «қадымша» деп аталатын монша қызметкері «науа» деп аталатын құбыр жүйесі арқылы төбеден құйып отырғандығы. Қазіргі заманға «душ» сияқты болғанымен бұл моншаның едендері астымен жүргізілген кендер және қабырғаларымен жүргізілген мұржалар оның бөлмелерін қатты қыздыртын болған, оларды «кан» және «дудбаро» деп атаған. «Хаммами мұхтасар» деген атаудағы «хаммам» сөзі арабша да, парсыша да «монша» деген мағына береді, ал, «мұхтасар» сөзі арабша - «қысқа» деген сөз, яғни «қысқартылған (кішірейтілген) монша» деген мағынада айтылған [3, 162, 172 бб.].

Ал, «мурича», «мурча» деген сөзді ғалым А.М.Мұхтаров «құмырсқа илеуі сияқты монша» (баня-муравейник) деп аударады. Ғалым С.М.Мамаджанова болса «мурча» деген сөз тәжіктің «мури» - ошақтың үстіне арқа түрінде салынған түтін тартқыш – мұржа (камин пештеріндегі сияқты), немесе дуал-қабырғадан су арығын өткізу үшін ойылған тесіктен шыққан дейді. Бұған қосымша дәлел – балшықтан жасалған артық суды ағызып жіберетін құбырды (водотводная труба) да «мури» дейді. Бұдан шығатын қорытынды – моншаның бұл түрінің «мурича» немесе «мурча» аталуы еденін жылытуға да, қабырғаларын ысытуға да, тіпті төбеден су құюға да «кан, дудмури (дымоход), обмури (водопроводная труба)» сияқты түтін; ыстық ауа, су жүретін құбырлар пайдаланылғандынан шыққан дейміз [3, с.172].

Түркістан мурича моншасы 2020 жылы қаланың оңтүстік-батыс бетінде Қазақстан мәдениеті ғылыми-зерттеу институты (А.Хазбулатов) жүргізген кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары барысында табылып, аршылды. Мұнан бұрын мұндай моншаның екі бөлмеден тұратын түрі Сауран орталық мешітінің ауласынан 2010 жылы табылған болатын. Орталық Азия

калаларында мұндай мүричә моншасы әрбәр мешіт пен махәлләда кездесетін болған.

Түркістан мүричәсының құрылымы бір-біріне жалғаса орналасқан алты бөліктен тұрады, мұның ортадағы жуыну бөлігі (1 сурет, V) ең алғаш пайда болған, екі жағындағы киім шешу (1 сурет, III, VI), дем алу (IV), уқалау (массаж), ем қабылдау (I) бөліктері бірте-бірте жапсырлана салынып монша көлемі де, қызмет түрлері де ұлғая берген. Моншаның жалпы ұзындығы 27 метрге, ені 10 метрге дейін ұлғайған. Сызбадағы I бөлік негізінен түрлі ерітінді, тұнбаларды, тотықтарды пайдаланып ем-дом қабылдайтын (1 сурет, I – 3,4,5,6) және уқалау арқылы денеге массаж жасайтын (1 сурет, I – 1,2,7) кабиналар топтастырылған көлемі 7,2x5,3 м алып бөлме. Тәжікістандағы моншаларда мұндай бөлмені «малеш дадән» және «дәрман кәрдан» (уқалау, ем қабылдау) деп атаған. Көрші VIII бөлме ем-домға қажетті түрлі металл тотықтары, қайнатпалар, өсімдік тұнбаларын сақтайтын қойма және отынхана болған сияқты. Тағы бір жапсырлас II бөлікте құдық және оның үстінде салынған күмбез тектес құрылыс (сардобаға ұқсас) орналасқан, мұнымен қоса бөлменің оңтүстік бұрышында астау сияқты ыдыс арнайы тұғырға орнатылған, бұл анық металл тотығынан қайнатылған тұнба сақтайтын ыдыс деп есептейміз (1 сурет, II – 1,2,3). Құдықхананы «чоxxона» деп атаған.

Келесі III бөлікте киім шешу (III) және қырыну (IX-X), от жағу пеші (XIII) орналасқан, бұл пеш арқылы I-ші және III бөліктердің едендері, қабырғалары арнайы кендер, мұржалар арқылы жылытылған болуы керек, мұндай бөлмелерді «чомахона» (III), «гулхан» деп атаған. Бұл бөлікте бірнеше су сақтайтын орындары (1 сурет, III, IX, X, VI, VII) жылуды арттыратын көптеген сандал ошақтары сақтаған (III, IX, X – 1,2,3,4,5,6,7).

Мұндағы тағы бір ерекшелік, бұл II бөліктегі құдықтан алынған суды жоғарыда аталған резервуарларға және V бөліктегі ошақтарға жеткізетін «науа» деп аталатын құбыр жүйесінің тұғыры сақтанғандағы, ол II бөлктің солтүстік-батыс бұрышынан қиялай III бөліктің ішімен өткен.

Орталық негізгі бөліктің солтүстік бетінде жапсарласа IV және оның шығыс бетінде VII бөліктер орналасқан. Көлемі 4,3x5,3 м аса үлкен (IV) бөлменің төбе жабынын алты ағаш ұстын (колонна) көтеріп тұрған, олардың табанына жалпақ тастардан тұғырлар жайластырылған. Бөлменің шығыс бетінде көлемі 1,3x1,7 м ванна (хауз) орыны шұқыр түрінде сақталған, одан төменірек екі резервуар орындары шұқыр түрінде байқалады. Мұндай бөлмелер, негізінен ыстықтан шаршаған адамдар дем алып, салқындап, шәй ішіп, бой жазу үшін барлық моншада жасалған және олар «чойхос» деп аталады. Бөлмеге жалғас шығыс бетінде дем алатын жайлары бар салқын бөлме «хунук хона» орналасқан, ондағы суфаға орнатылған үш дана сандал ошақ қыс айларында жылулықты сәл де болса сақтау үшін жасалынған. Келесі ортасынан екіге бөлінген бөлік (VI) сырт киімді шешетін (чома хона) және жалаңаш адамадр әбүйірлерін жауып тұратын алжапқыш «лунги» байлайтын (лунги хона) бөлмелерінен тұрады. Бұл бөлменің солтүстік

бетінде моншаға кіретін негізгі есік орналасқан болуы керек. Ең негізгі жуынатын бөлік V-шінің ортасында сабынданатын бөлме «саршуй» орналасқан, оның шығыс бетінде едені бүтін кірпіштермен көмкерілген екі кабина, оңтүстік-батыс бетінде от жағатын «гулхан» бөлмесі (XI) мен одан төменірек батыс бұрышында екі ыстық бөлме, бу хана – «гармхана» (XII) жайғасқан. Ыстық бөлменің солтүстік бетіндегі дәліз (коридор) бөлмесі арқылы денедегі барлық түкті қырылатын жайға (4) және діни дәрет алатын (5) «тахаратханаға» өтуге болады. Бұл бөлмедегі (5) шұқыр тахаратхана суы кететін «септик» орны болуы керек. От жағатын бөлмедегі (XI) пештерден тараған еден астындғы кендер арқылы барлық бөлмелер, кабиналар қызатын болған, ал, қабырғалар ішімен жүргізілген түтін жолдары – «дудмурилер» арқылы барлық қабырға жылитындығын тап осындай мүричә моншаларын көзімен көрген Ходжент, Ұратөбе калалары тұрғындары баяндайды (2,3 сурет) [3, 172 б.; 2, 153 б.].

Мүричә моншалары негізінен жылуды сақтау үшін жерді қазып, шұқырға салынып, үсті топырақпен көміліп тасталатын болған. Олардың жер бетіне тек күмбездерінің ұшы (терезе ойығымен) және әрбір дуал қабырғаның бітер жеріндегі түтін, ыстық ауа шығатын мұржалары ғана шығып тұрған. Қабырғалары күйген қыш пен саз кесектен (саман) де тұрғызыла берген, олардың сырты «қыр» деп аталатын су өткізбейтін цемент түрімен сыбалып тастаған. Қыр ерітіндісін құм, әк суы, қияқ қамысының күлі, жұмыртқа және жүзім шырынын араластырып дайындаған (ғылымда мұны «пуцолановый цемент» дейді) [3, 164 б.]. Бұл ерітіндімен (раствор) моншалар, сардобалар (су жинайтын резервуар), көпірлердің суға батып тұратын тұғырларын қалайтын болған. Түркістандағы XVI ғ. Шығыс монасы мен Әзірет Сұлтан кесенесінің қабырғаларының төмені бөлігі, Рәбия Сұлтан Бегм, Есімхан кесенелерінің жер астындағы мұрдеханалары (склеп), осы «қыр» ерітіндісімен қаланған, яғни, біз қарастырып отырған мүричә моншасын тұрғызуда да бұл ерітінді көптеп қолданылған. Әрбір 3-4 махәллә бірігіп бір мүричә моншасын, мешітін салуға тиіс болған. XIX ғ. 60-шы жылдары Түркістанда 1200 үй мен 20-дан аса мешіт болған, 1864, 1875 жылдардағы қала план-картасында 65 махәлләні көруге болады, яғни 20-дан аса мешітке 3 махәлләдан келеді [5, 266 б.]. Бұдан шығатын қорытынды – әрбір мешіттің жанында өз мүричә-моншасы болған деп есептесек моншалардың саны да 10-15-ке жетіп жығылады. Ол заманда бес уақыт намазды үйде оқуға қатаң тиым салынған, сондықтан махәллә тұрғындары бірігіп салған өз мешіттеріне күніге бес рет баруға мәжбүр болған, моншаға кіріп «ғұсыл» дәретін (төбеден су құю арқылы денені толық шаю) күнде болмаса да, күнара, екі күнде бір рет алып тұру әдетке айналған. Әдетте, мүричә моншасы жартылай жер астында болғандықтан онша байқала бермеген, сондықтан Ресей шығыстанушылары, шенеуніктері алғашында байқамаған, тіпті архитектор В.Л.Воронинаның өзі Ұра төбедегі мүричә моншаларын дәни дәрет алатын құрылыс деп қана есептеген. XIX ғ. ортасында Ұра төбедегі 64 махәлләда 7 мүричә жұмыс істеген, 1910 ж. санақ

бойынша қала халқы 25000 адам болған. Бұхарада 70000 халыққа 18 монша қызмет еткен, бұлар санға мүричеларды қоспаған. Түркістан қаласында 1908 ж., 3616 үй, 41 мешіт, 22 мектеп болған, бұлардан басқа 3 училище, орыс-түзем мектебі, әйелдер мектебі жұмыс істеген [5, 267 б.]. Әр үйде 5-6 адам тұрған деп есептегеннің өзінде қала халқы 18000 шамасында болған, ал жергілікті халық баланың санына шек қоймағандығын есепке алсақ қала саны 20000-ға жақын болып шығады. Осынша халыққа қалалық үлкен монша мен жаңадан аршыған мүричә моншасы ғана қызмет еткен деу құлаққа кірмейді, яғни, бұлардан басқа да мүричелар (2-3 бөлмелі) болғандығы анық.

Мүричә моншаларының басты ерекшелігі – мұнда кірген адамдар қалағанынша ыстық-суық суды өздері ала алмаған, жылы су тек арнайы құбыр арқылы төбеде құйылатын болған. Моншаға кірген адам арнайы бөлмеде киімдерін шешіп (1 сурет, VI бөлік), демалатын бөлмеде денесін жылытып (IV бөлік), сабынданатын бөлмеге өтіп (V бөлік) қабырғаның жоғары жағынан сорайып шығып тұрған құбырды шертіп су құюшы – «қадымшыға» белгі берген. Бір адамға «дастқада» деп аталатын қауақтан (қабақ – асқабақтың бір түрі) жасалған 4-5 литрлік ыдыспен үш рет қана жылы су құйылатын болған. Бірінші сумен шаң-тозаннан арылып, сабынданған соң екінші сумен шайынған; үшінші сумен басына айран жағып барып толық жуынған [3, 164-165 бб.]. Әрбір мүриченің өз құдығы немесе қысқы кезде су сақтайтын сардобасы (II бөлік), отынханасы (VIII бөлік) түрлі емдік шараларға қажетті өсімдіктер, металл тотықтары т.б. сақталатын қоймасы (II, VIII бөлік), емханасы (I бөлік) болуы тиіс еді, ал, мешіттердің ауласына орналасқан кішігірім мүричелар 3-4 бөлмеден ғана тұратын (3 сурет) құрылыс болған.

Мүричә типтес моншалар өте ертеден белгілі, ортағасырлық IX-X ғғ. жазба деректерде мүричалар «кадух» (соғды тілінде – үй деген сөз), «гармоба» (тәжік тілінде – ыстық су) деген атаулармен кездеседі. Мысалы, Балх қаласында қоғамдық ірі моншалармен бірге 500-ден аса мүричелардың болғандығы белгілі. Олар, әрбір махәлләда бірнешеуден және ірі мемлекет қызметкерлерінің, саудагерлерінің, оқымыстылардың, ақындар мен т.б. белгілі, атақты адамдардың үйлерінде орналасқан болатын [3, 166 б.№]. Балх қаласы б.з.д. VII-V ғғ. бері келе жатқан (Бактрия мемлекетінің астанасы) аса ежелгі және аса ірі қала (550 гектар), 630 жылы мұнда болған Сюань Цзянь каланы қоршаған қорғанның ұзындығы 10 км жететінін жазған, қалада буддалық 100 ғибадатхана, 3000 монах қызмет еткен [4, 194-195 бб.].

Өкінішке орай, XIX ғ. Ресей саяхатшылары, шығыстанушылар т.б. өз еңбектерінде тек ірі қалалық моншалар ғана есепке алып, мүричеларды мүлдем есепке алмаған. Бұл құбылыс мүричелардың көбіне жартылай немесе бүтіндей жер астына және мешіттердің аулаларына жақын орналасқандығынан болса керек, көбінесе оларды «тахаратхан» құрамындаға тазару құрылысы ғана деп есептеген болуы мүмкін [3, 162 б.].

1. Шишкина Г.В. Городской квартал VIII-IX вв. на северо-западе Афрасиаба // Афрасиаб. Вып.II. – Ташкент, 1973. – С.117-156.
2. Мамаджанова С.М. К вопросу о планировке Ходжентской городской бани и освоении народных традиций // Исследования по истории и культуре Ленинабада. Душанбе, 1986. – С.152-159.
3. Мирбабаев А.К. Ходжентские квартальные бани «мурича» - одна из древнейших традиций среднеазиатской миниатюрной бани // Исследования по истории и культуре Ленинабада. Душанбе, 1986. – С.160-174.
4. Ртвеладзе Э.В. Бактрия, Бактры // Великий Шелковый путь. Энциклопедический справочник. Древность и средневековье. – Ташкент, 1999. – С.192-195.

Байсейіт Сұлтан

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК
ғылыми қызметкер

Оразов Талғат

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК
ғылыми қызметкер

Үркінбаева Айлүл

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҰРҒЫДА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНЕ ҰҚСАС ҒИМАРАТТАР: ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

VII ғасырда исламның пайда болуы өзінің қарамағына алынған мәдениеттердің өркендеуіне үлкен серпіліс берген болатын. Исламға дейін қарапайым халық саналған арабтар жаңа дін арқылы таңқаларлықтай өзгеріске түсті, бұны біз парсы мен түркі мәдениеттеріне де қатысты айта аламыз. Исламның келуі олардың жасырын болып жатқан потенциалдарын жаңа деңгейге шығарды. Осының барлығы керемет бір синтезге түсе ғылымда, өнерде, архитектурада таңғажайып өзгерістерге алып келе, өзіндік бір стильді тудырған болатын. Олардың барлығы тұтас бір Ислам символикасы астында айқындалғанымен, әрбір Ислами аймақтың, тек қана өзіне тән, оның спецификасын анықтайтын ерекшелігі де болды.

Жалпы орта азиялық архитектуралық құрылымдардың ішіндегі ең кең тараған діни сипаттағы ғимараттардың кесене, ханака, мақсура және т.б портал-күмбез пішінді формада болуы оны басқаларынан ерекшелейді. [1, 51]

Дін және мәдениет кітабын жазушы Доусон да ислам діні барлығына ортақ болғанымен, әртүрлі елде ислам архитектуасының диапазоны әртүрлі екендігіне мән бере кетеді. [2, 23-24]

Әдетте Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікістан, Түркіместан, Өзбекстан жататын орталық азия сәулет өнеріне патшалық және советтік билік кезіндегі орыс сәулет өнері, одан бұрынғы ислам архитектурасы және де парсы мен қытай сәулет өнері әсер еткен еді. [3]

Шын мәнінде әуелде мәңгілік өмір мен өліммен байланысты Ислам кесенесінің архитектуралық бейнесі адам мен Аллаһтың өзара қарым-қатынасын символдық түрде жүзеге асыруға бағытталған. Және бұл үшін ең тән пішін куб пен күмбезді біріктіретін композиция болды. [4, 120]

Ахмет Ясауи Кесенесі өзінің рухани маңыздылығы ғана емес, сондай-ақ сәулеттік тұрғыда әлемде сирек, тіптен кездеспейтін архитектуралық құрылыстардың бірі десек қателеспейміз. Ахмет Ясауи кесенесін басқа архитектуралық ғимараттардан ерекшелігі неде, ұған ұқсас, егіз, жақын қандай тағы да басқа ғимараттар бар. Міне, мені осы сұрақ қызықтырады.

Исламның келуімен қайтыс болған адамдарды ашық жерде қарапайым түрде, топырақпен үйіп жерлейтін. Алайда IX ғасырда исламға дейінгі практикаларға қайта оралу тенденциясы пайда болып, құдіретті билеушілер мен рухани көшбасшыларды мәңгі есте қалдыру қажеттілігі туа бастайды. Жалпы алғанда, кесенелер орта ғасырлық бұзылмай сақталған ғимараттардың ең жиі кездесетін түріне жатады: оның бірнеше себебі бар: ең алыдмен, маңайдағы халық кесенелерге аса құрметпен қарайтын, және да соғыс болған

күннің өзінде, жаңадан келген жаулаушылар ырымшыл қорқыныштан мұндай ғимараттарға зақым тигізуден аулақ жүретін. Орта Азияда пайда болған ең ерте кесенелерге Бұхарада IX немесе X ғасырдың басында салынған Саманидтер династиясының кесенесі жатады.

Көріп тұрғанымыздай кесененің пішінінің, ондағы формалардың өзінің нақты бағытталғаны символдық астары бар. Бұл жәй ғана эстетикалық тұрғыда емес, сондай-ақ дүниетанымдық мағынада да көрініс табатын формат. Бұл бірліктің ең алдымен, ислам діні және араб жазуы негізінде түрік-парсы тілдік симбиозы құрады. [5, 6]

«Егер біздің қуатымызға күмәнің болса – біздің құрылыстарымызға көз таста.»

Бұл сөз Сахибқиран Әмір Темірге тиесілі. Сахибқиран атағы "жұлдыздардың бақытты үйлесімінің иегері" дегенді білдіреді. Оның империясының бұрынғы Астаналық орталықтары Самарқандта, Кеште (Шахрисабзе) сақталған сәулет ескерткіштерін, Шаи (Ташкент), Ясыда (Түркістан) салынған зәулім құрылыстарды жасампаз-Темур жазған кітап ретінде оқуға болады.

Тамерланның алғашқы архитектуралық құрылымы 70-ші жылдардың басында Кеште тұрғызылған Шайық-сопы Шамс-ад-Дин Кулял кесенесі болды. Кесененің құрылысы оқушының мұғаліміне деген құрметі ғана емес, оның жалпы стратегиялық бағыты - сопылық шейхтерге деген құрметін нығайтуды көздегендігін айқындады.

Дерлік аталмыш кесенемен қатар Самарқандта «Он төртінші кутб» (сопылардың ең жоғарғы рухани сатысы) атымен танымал Нуриддин Басир шайыққа арнап тағы да бір кесене тұрғызады. 1881 жылы әулиені қайта жерлеп, ғимаратын бұзып тастайды.

Әмір Темір заманындағы өзінің сыртқы құрылысы жағынан ең қарапайым кесенелердің бірі – Рухабат (Әруақ мекені). Оның негізінде куб жатыр, оның үстінде басты өстерінде жарық түсіріп тұратын терезелер орналасқан аркалық сегізқырлық салынған. Құрылысты сүйір сфералық күмбез аяқтап тұр. Кесенеге үш жол алып барады – солтүстіктен, батыс пен оңтүстіктен. [6]

Бұл архитектураның айрықша ерекшеліктері - сән-салтанат, орасан зор, дизайнның ұлылығы және де бай декор. Қала құрылысында ансамбль идеясы негіз болғанын байқасақ болады. Қала орталығында цитаделі бар алаң (өзб. майдон: Регистан) орналасқан. Суды жеткізіп отыру арықтар жүйесінің көмегімен жүзеге асырылды. Саяхатшылар мен саудагерлердің қажеттіліктері үшін Хакана-қонақ үйлері салдырылып отырған. Қоғамдық ғимараттар мешіттермен (көк мешіт), медреселермен, сарайлармен (Көк сарай) және Керуен сарайларымен ұсынылды. Ұлықбек обсерваториясы биіктігі 30 метр болатын үш қабатты цилиндрлік құрылым болып табылды. Ғимараттың ішінде көп жағдайда аула орналасатын. [7]

Жалпы алғанда Әмір Темір дәуірінің архитектуралық ерекшеліктерін қысқаша былай келтірсек болады:

1. Зәулім кіреберістер
2. Ислам каллиграфиясы және геометриялық өрнектер
3. Көк плитка
4. Күмбездер
5. Ислам сәулетінің элементтері [8]

Ендігі кезекте біздің кесенемізге ұқсас сәулет туындыларын қысқаша атап оның басты ұқсас қырларын атап кеткім келеді.

Самарқандтағы Регистан

Әрине, Тимуридтік сәулет өнерінің басты мұрасы, әрине, Самарқандтағы Регистан. Комплекс үш басты ғимараттан тұрады: Ұлықбек медресесі, Шердор медресесі және Тилля-Кари медресесі. Регистанның үш медресесінің әрқайсысы астрология, математика және теология сияқты Тимуридтердің Қайта өрлеу дәуірінде танымал болған әртүрлі пәндерді үйрету үшін салынған. Ондағы стиль жоғарыда атап кеткен элементтердің негізінен тұрады.

Бибі Ханым мешіті

Бибі Ханум мешіті-Самарқандтағы Тимуридтер империясы салған тағы бір керемет ескерткіш. Самарқанд 1370 жылдан бастап 1405 жылы Гератқа көшірілгенге дейін империяның бастапқы астанасы болды. Самарқанд оазис ретінде белгілі, құрғақ шөл даланың арасында шырынды жасыл желектің үлкен бөлігі. Көптеген саудагерлер Самарқандта тоқтап, шығыста Қытайды Иранмен, Египетпен және батыста Жерорта теңізімен байланыстыратын Ұлы Жібек жолымен жүрді. Неліктен Тимур өзінің стратегиялық орналасуына байланысты Самарқандты өзінің астанасы етіп таңдағанын түсіну оңай. Әрине, Тимур өзінің байлығы мен күшін көрсету үшін өзінің ұлы астанасын әсерлі сәулет туындыларымен толтырғысы келді.

Тимурдың өзі Самарқандты қуатты Ислам қаласы ретінде заңдастыру үшін Бибі Ханым мешітін салуға бұйрық берді. Құрылыс 1399 жылы басталды және алып сәулет туындысының көп бөлігі 1404 жылға дейін аяқталды. Мешіт бірінші кезекте екі монументалды аркасымен танымал.

Шахи-Зинда

Шах-и-Зинда-Самарқандта орналасқан қорым, ол 11 ғасырда құрылған, ал өзінің қазіргі келбетін Тимуридтік Ренессанс кезінде алған. Оннан астам түрлі кесенелер бар, олардың әрқайсысы орталық аллея бойында орналасқан. Әрбір кесене бірегей, бірақ олардың барлығы Тимуридтік сәулет өнерінің әртүрлі элементтерін көрсетеді. Қабірлер бірнеше түрлі стильдегі күмбездермен және Самарқандтың кез-келген жерінен табылған ең әшекейленген тақтайшалармен безендірілген.

Көк мешіт (Мазари Шариф)

Бүгінде Мазари-Шариф Ауғанстандағы үлкендігі жағынан төртінші қала, ал 15 ғасырда ол Тимуридтер империясының көрнекті қалаларының бірі болған еді. Мазари-Шарифтегі көк мешіт 1481 жылы Гераттағы астанасынан аймақты басқарып отырған Хусейн Байкара мырзаның кезінде аяқталды. Мешіт барлық негізгі элементтері бар Тимуридтік сәулет өнерінің типтік

түрінде жасалған. Алайда, бұл мешітті басқалардан ерекшелендіретін бір нәрсе - оның түстерінің қарқындылығы. Негізгі кіреберіс терең қызыл және сары түстермен безендірілген, ал күмбездердегі көк плиткалардың көпшілігі ашық көк реңкке ие. Жиі қалпына келтіру жобаларына байланысты қаптаманың көп бөлігі түпнұсқа болмаса да, ғимараттың жалпы стилі Тимурид дәуіріндегі бастапқы ғимаратқа өте ұқсас.

Әмір Темір заманында басталып одан кейінгі билеушілермен жалғасқан өзіндік дәуірді, қайталанбас өркениеттің нышаны болып табылатын бұл таңқаларлық сәулет өнерінің туындылары әлі күнге дейін жұртты аузына қарататын аса қастерлі құрылыстар. Әйткенмен оның ішінде Ахмет Ясауи кесенесі ол қалдырған ең үздік туындысы десең қателеспеспіз. Бір ғимараттың соншама халқы бар қаланы әлемге танытып отыруы, оның ЮНЕСКО-ға енуі әлбетте жәйден-жәй емес. Көріп тұрғанымыздай Ахмет Ясауи кесенесі салыстырмалы тұрғыда Орта Азиядағы бірнеше ғимаратқа дизайн, безендендіру, құрылысы жағынан ұқсас болғанымен жеке ғимарат, тарихи бэкграунды бар туынды ретінде қарастырсақ ол әлемдегі ешқандай ғимаратқа ұқсамайтын өзінше теңтүпнұсқалығы бар құрылыс. Менің ойымша кесененің біз білмейтін қаншама сырлары бар, оны менің мақаламдағыдай салыстырмалы әдісті қолданып зерделесек болашақта өзінің жемісін береріне шүбәм жоқ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Journal of Islamic Thought and Civilization. - Volume 2, Issue 2 . - Fall 2012. – 51 бет.
2. Доусон К. Г. Д 71 Религия и культура / Пер. с англ., вступ. ст., ком- мент.: Кожурин К. Я. — СПб.: Алетейя, 2000. — 281 с. — (Миф, религия, культура). — 23-24
3. <https://www.hisour.com/de/architecture-of-central-asia-29844/>
4. ¹ Статъя опубликована в ежегодном издании Московского отделения. Международной Академии Архитектуры. – М., 2002, С.120-125. 120 бет.
5. Художественная культура Центральной Азии и Азербайджана IX-XV вв. Том IV. Архитектура. - Самарканд-Ташкент: МИЦАИ, 2013. - 280 с. - 6 с
6. <https://comunicom.ru/interesnoe-pro-tajikistan/255-nasledie-tamerlana-v-arkhitecture>
7. ru.wikipedia.org/wiki/Тимуридская_архитектура#cite_note-2
8. <https://architectureofcities.com/timurid-architecture>

Түйін

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ең алдымен Орта Азиядағы сәулет өнерінің туындылармен ұқсастығы, байланысы стилистикасы тәрізді

критерияларды салыстыру әрекеті жасалған. Салыстыру бірінші кезекте Тимуридтер дәуірінде салынған құрылыстарді зерттеуге бағытталған.

Резюме

В статье сделана попытка сопоставить критерии мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави, в первую очередь, схожие с произведениями архитектуры Средней Азии, стилистику их связи. Сравнение в первую очередь направлено на изучение построек, построенных в эпоху Тимуридов.

Summary

The article attempts to compare such criteria as the similarity of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi with the works of architecture in Central Asia, the stylistics of its connection. The comparison focuses primarily on the study of structures built during the Timurid era.

ТАСТАНБЕКОВ М.М.

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени музей-қорығы
Директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары,
Тарих ғылымдарының кандидаты

ШАМЕТОВ С.

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени музей-қорығы
Ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ КЕСЕНЕСІ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘРТЕБЕГЕ ИЕ ЕСКЕРТКІШ

Бүгінгі таңда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы құрамында 23 ескерткіш республикалық маңызға ие болса, солардың ішінде Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінің тарихы өзіндік ерекшелікке ие.

Ұлттық арнадан «Қазақ хандығы» фильмінің көрсетілуі тарихи ескерткішке деген қызығушылық пен келушілердің сұранысын өсірді. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі музей-қорыққа 1989 жылы тарихи-ескерткіш ретінде алынған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бас порталынан 60 м жерде орналасқан тарихи-ескерткіштің бес ғасырдан астам тарихы бар.

Рәбия Сұлтан Бегім өз заманында мемлекет ісін басқаруға да қатысқан санаулы мұсылман әйелдерінің бірінен саналады. Тарихтан белгілі Мәуреннахр билеушісі Әмір Темірдің шөбересі, Самарханд ханы, ғалым Ұлықбектің қызы болған Рәбияның Әбілқайыр ханның жұбайы, қос бірдей Сүйінші және Көшкінші хандардың анасы ретіндегі өмір тарихы қазақ хандығының алғашқы құрылу кезеңімен тұспа-тұс келеді.

М.Тұяқбаев 2022 жылы Ясауи мұрасы газетінде «Түркістан қаласында жерленген Әмір Темірдің ұрпақтары» атты мақаламызда біз Рәбияны Ұлықбектің тұңғыш қызы болуы керек деп қате болжам жасағанбыз», деп жазады. Рәбия Сұлтан Бегім Ұлықбектің әйелдерімен тең дәрежедегі кәнізегі Рукайиадан 1420-1430 жылдар аралығында туған болуы керек және ол Ұлықбек қыздарының ең кенжесі – 10-шы қызы», деп жазады.

Тарихтан Ұлықбектің бес әйелі мен он үш кәнізегі болғандығы белгілі. Сонымен бірге 10 ұлы мен 10 қызы осы әйелдері мен кәнізектарынан туған. Рәбия Сұлтан Бегімнің анасы Рукайиа-хатун арлат тайпасының көсемінің қызы. Ол Ұлықбектің әйелі емес, ең бірінші үйленген кәнізегі. Сондықтан да оның ұлдары мен қыздарын Ұлықбектің әкесі шахрухтың бәйбішесі Гаухар-шад-аға кішкентайынан қолына алып, тәрбиелеп өсірген. Ұлықбектің оныншы ұлы Әбд әл-Ләтиф және қарындастары Сұлтан Бахт, Ақ Баш және Рәбия Сұлтан Бегім осы Рукайиадан туған. Рәбия ең кенже қыз болғандықтан Шарух өз қызындай көрген болуы керек, оның есімінің Ұлықбектің қыздарының тізімінде де, Темір әулиеті шежіресінде де жоқ болуы осы себептен болуы керек.

XV ғасыр ортасында Темір әулетінің өзара қырқысы қыза түсіп, үшінші ұлы Мираншахтың Мұхаммед деген ұлынан туған, тарихта Әбу-Саид Сұлтан (1451-1469 билік құрған) деген атпен белгілі шөбересі көшпелі өзбек мемлекетінің ханы Әбілхайырдан қолдау алып 1451 жылы Самарханды басып алады. Кезінде Ұлықбек сұлтанның қызметінде болып, оған бірнеше мәрте сатқындық жасаған Әбу-Саид Сұлтан сол жылы Дешті Қыпшаққа қайтуға жиналған Әбілхайырға Рәбия Сұлтан Бегімді (жасауымен, қызметшілерімен, күндерімен т.б. қоса) ұзатады.

Әбілхайыр хан мен Рәбия Сұлтан Бегім үйленген жылы хан 39 жаста, Рәбия 26 мен 30 жастың аралығында болған сияқты. Рәбия Сұлтан Бегім - Түркістанда жалпы отыз жылдан аса уақыт өмір сүрді [1, 357]. Әбілхайыр хан 1468 жылы қайтыс болған соң, Түркістанда 17 жыл шамасындай өмір сүріп, қайтыс болған [2, 6.]. Түркістан қаласында 1485 жылы **шамамен 60 жасында** дүниеден қайтқан Рәбия Бегім Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленеді. Рәбия Сұлтан Бегімнің аса көрікті кесенесі бой көтерді [3, 15]. Осы жерде кейбір орыс деректерінде кездесіп қалатын «Ясауи

кесенесінің салынуына Әмір Темірдің сүйікті шөбересі Рәбия Сұлтан Бегімнің жас кезінде қайтыс болуы себеп болып, оны есте қалдыру мақсатында Әзірет бейітінің үстіне ғибадатхана тұрғызды» [4, 357] деген пікірлерді негізсіз деп айта кеткіміз келеді. Рәбия Бегімнің кесенесінің құрылысына қатысты жазбалар кездесетін тарихи деректерге тарихнамалық шолу жасап өтейік.

Рәбия Сұлтан Бегім қайтыс болғаннан кейін он жыл өткенде Әбілқайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани хан Түркістан қаласын жаулап алады да, ол жерге өзінің ағалары Көшкінші мен Сүйінішті билеуші етіп тағайындайды. Рәбия Бегімнің екі ұлы Көшкінші мен Сүйініш қожа хандар Шайбанилер әулетінің тарихында белгілі орын алатын тұлғалар. Мұхамед Шайбани хан 1410 жылы қайтыс болған соң билік Көшкінші ханның қолына тиіп, 20 жылдай елді басқарады. Рәбия анамыздың кесенесі осы уақытта салынған деуге толық негіз бар. Көшкінші ханның сүйегі де осы Түркістан қаласында жерленген.

Рәбия Сұлтан Бегім кесенесін тарихи-библиографиялық тұрғыдан зерделеген ғалымдар салыну мерзімі 1495 жылға дейін, немесе 1510-30 ж. арасында салынды деген тұжырым айтады [1, 357].

Қазақстанның оңтүстігінде кесенелер салу тәжірибесінің кең қолданылуына орай архитектуралық пішін мен құрылымдық әдістердің бірнеше түрлері пайда болды. Бұл дұға оқуға арналған (Созақтағы) бір бөлмелі құрылыс, қабырғасында терең ойығы бар бір бөлмелі (Тұрбаттағы), бірнеше бөлмелі (Әбдел-Әзизбаб Сайрамдағы), сағанамен және сағанасыз кесенелер (Түркістан қаласындағы Рәбия Сұлтан Бегім, Есім ханға арналған). Кесенелердің жобасы өзгерді: төртбұрышты немесе тік бұрышты (басым көпшілігі), көпқырлы (Түркістандағы Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі 8 қырлы), дөңгелек (Домалақ ана кесенесі); көлемі мен кеңістік шешім жасауда да қасбетсіз (Түркістан қаласындағы аты белгісіз кесене), қасбетті ғимарат тұрғызу, көбінесе, кейінгі кезең ескерткіштеріне тән. Шатырмен жабылған (Тұрбат), күмбезбен жабылған, т.б. кесенелер. Кесенелердің құрылыстың шешімі мен олардың көркемдік жабдықталу жүйесінде өзгерістер болды. Бұл күмбезді, бірнеше бөлмелі сағана салыну үлгісі бойынша Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі ХҮ ғасырда мерзімделген [1, 357].

Рәбия Сұлтан Бегімнің кесенесі әуелде 8 бұрышты бір камералы, цилиндр тәріздес барабанға бекітілген биік күмбезі бар құрылыс ретінде бастаған екен. Кейін оны көп камералы етіп толықтырған. 5 бөлмелі кесененің алдыңғы беті сүйір ұшты биік арка түрінде жасалған. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінің орт. бөлігі цилиндр тәрізді биік барабанға орнатылған күмбезбен жабылған. Кесененің Оңтүстік-шығыс бөлігінде жерасты қабірханаға кіретін есік бар. Қабірхана сыланып, боялған. Қабірханада ағаш табыттар қойылған. Бүгінгі күнге сол заманнан сыр беретін нақтылы ескерткіштердің бірі Рәбия Сұлтан Бегімнің өзіне қойылған ескерткіш-құлыптасы. Ол сұр түсті мәрмәр тастан көлемі 176x36x54см етіп, дайындалған [2, 8]. Онда: «Бұл күдіретті Әмір Темір Көрегеннің ұлы, азапты

ажалдан қаза тапқан, құдіретті ұлы сұлтан Ұлықбек Көрегеннің қызын, аксүйек (құдай) кешіріп, рахымшылық жасаған, ізгі жанды Рәбия Сұлтан Бегімнің тыныштық тауып жатқан жері» [5, 21]. деген жолдар бар.

Рәбия Сұлтан Бегім бейіті туралы деректер өткен ғасырда өмір сүрген тарихшылардың, археологтардың, сәулет өнері мамандарының зерттеу жазбаларында көптеп кездеседі. Мысалы, Түркістан уезінің бастығы Греймердің Түркістан генерал-губернаторына жолдаған рапортында және инженер Абромовичтің хабарламасында кесене жайлы мағұлматтар бар. 1879 жылдың 18 шілдесінде жазылған бұл рапортта биіктігі - 105 фут, жалпы көлемі - 25 құлаш келетін ескерткіштің сол кездегі мүшкіл халі туралы баяндалады және онда тез арада қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі аталып өтеді [6, 111]. . Мавзолей құрылысының ауыр жағдайда тұрғандығын 1866-72 жылдары белгілі этнограф-ғалым А.Л.Кунның басшылығымен жасалған «Түркістан альбомындағы» фотосуреттерден де байқауға болады. Сонымен бірге ескерткіш туралы П.Лерхтың (1879.), Пашиноның (1866.), М.С. Бекчуриннің (1879.) жазбаларында да мәліметтер берілген [2, 10-11].

1866 жылы Түркістанда болған П.И. Пашино өзінің жолжазбасында 1864 жылы жаз айында кесене қабырғасын зеңбірек оқтарымен атудың нәтижесін, ондағы ойықтардың кесененің көркін бұзып тұрғанын жазады. Жазбасында Әзірет Сұлтан кесенесіне көпір арқылы өткенін баяндайды. Ол кезде Рәбия Сұлтан Бегімнің кесенесі қару-жарақ қоймасы ретінде қолданылып, кілттеліп қойылғаны баяндалады. Түркістанға орыс әскерлері келгеннен кейін 1864 жылдан соң, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі әскерилердің азық-түлік дүкеніне, Рәбия Сұлтан Бегім мазары қоймаға айналған. Кесененің оңтүстігінен 75 м жерде орналасқан Рәбия Сұлтан Бегім мазары 1895 жылы құлаған [7; 419]. 1865–1866 ж.ж. Түркістанда болған М. Бекчурин Әзірет Сұлтан кесенесін, оның жанында орналасқан күмбезді ғимарат Рәбия Сұлтан Бегім мазарын сипаттап жазады [8, 61]. Түркістан альбомында да кесене, оның ішкі сипаты, нақты айтқанда қазандық, есіктері, сырты, айналасында орналасқан кесенелер, атап айтқанда Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі көрсетілген. Осыған байланысты Түркістан альбомының дерек ретіндегі орны ерекше [9; 238]. Американдық консул Юджин Скайлер өз көзімен көргендерін кітапқа жаза отырып оған тамаша иллюстрацияларды тауып енгізген. Осы басылымда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің атақты суретші Верещагин салған екі көрінісі берілген. 70-бетте Түркістандағы Хазрет мешіті деген атаумен қорған қабырғасы ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қасбеті-оңтүстік фасады, Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінің күмбезі көрінісі салынған. Ал 73-бетте Қожа Ахмед Ясауи кесенесінің артқы беті – солтүстік фасады және Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінің күмбезі көрінісі бейнеленген [10, 121]. «Осымен қатар», дейді мақала авторлары, «М.Бекчуриннің мақаласында кездеспейтін мәліметтер де кездеседі. Мысалы, Рәбия Сұлтан Бегімнің қасында оның бір ұлы жерленгені туралы хабар М.

Бекчуринде жоқ. Бұл мәліметті Юджин Скайлер Түркістанда болған кезде естіген болса керек».

Өмір Темірдің шөбересі Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінің өрнектік әрленуі Ахмет Ясауи кесенесіндегі әрленуге ұқсайды. 1897 жылы 16 қазандағы Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің протоколында 1895 жылы тамызда Рәбия Сұлтан Бегім мазарының құлағаны айтылады. Кейінгі зерттеуші ғалымдар жүргізген қазба жұмысы кезінде кезінде түрлі әрлеуге арналған көк, аспан көк, ақ түсті көркем тақтайшаларды тапқан. Кесенені әрлеуде куфи жазуы, өсімдік тектес, эпиграфикалық өрнектер қолданылғаны белгілі болды [8, 132 б.].

1895 жылы Ә.Диваев П.Н.Ахмеровке Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың, солардың ішінде қабіртастардағы жазулардың көшірмесін жібереді. П.Н.Ахмеров өз кезегінде жазуларды аударған және солардың ішінде Рәбия Сұлтан Бегім қабіртасындағы жазулар қамтылды. Рәбия Сұлтан Бегім қабіртасындағы жазуларды 1867 ж. П.Лерх, 1896 ж. П.Н.Ахмеров, 1928-30 ж. М.Е.Массон, 1978-82 ж. А.Дербесәлиев, 1995 ж. Б.М.Бабажанов, А.К.Муминов оқып аударған. Қабіртасындағы жазуға қарағанда, Рәбия Сұлтан Бегім «жақсы іс әрекеттерімен, мейірімді істерімен, бекзаттығымен белгілі болған тұлға» [11]. **Рабия Сұлтан Бегім құпытасының эпиграфиялық аудармасы 1905 жылы Түркістанға арнайы экспедициямен келген Н.И.Веселовскийдің еңбегінде берілген** [12; 13]. . 1928 жылы құлпытастарды М.Е.Массон да көріп зерттейді, ол да Рабия мен Сүйініш-Қожа хан тастарындағы жазуларды аударып т.б. осында жерленген бірнеше адамдардың аты-жөнінен хабар береді [13; 8,20]. Рабия Сұлтан Бегімнің қайтыс болған жылын Ә.Дербісәлиев хижра бойынша – 870 ж., яғни 1465 жыл деп қате берген. Кезінде П.И.Лерх та – 870 (1475-1476 ж.ж.) деп қателескенімен, кейіннен хижра бойынша 890 – 1485 жыл деп түзетеді. Ал, М.Е.Массон бірден ақ, - «890 – 1485 жыл» деген дұрыс пікірде болған.

Рабия мен Әбілхайыр ханның баласы Сүйініш Қожа хан, немересі Келді Мұхаммед Сұлтан жерленген. Бұған дәлел ретінде 1485-1556 жылдары өмір сүрген тәжік тарихшы-жылнамашысы, ақын-шарадист Заин ад-дин Васифидің «Таңқалалардық оқиғалар» деген естелік кітабында дерек келтіреді. Онда, Келді Мұхаммед Сұлтан қайтыс болған соң Ахмет Ясауи кесенесінің маңына жерленгендігін, ал өзіне құлпытасқа арнап қаралы жыр «марсийа» жазуды тапсырылғандығын, Самарқаннан келген каллиграф бәдізшілердің бұл жырды көптен күтіп жатқандығын хабарлайды.

Сондай-ақ, кесенеде Келді Мұхаммедтен туған туған үш шөбересінің құлпытастары сақталған. Тастардың алғашқысы – Мүбарак Шах Сұлтандікі (хижра бойынша 930 – 1524 ж.қ.б.), онан кейінгісі – Құл Мұхаммед Сұлтандыкі (хижрамен 925 – 1519 ж.қ.б.) (Массон оның тасын Кіші Ақсарайдан көргендігін жазады . Ең соңғысы Келді Мұхаммедқызы Мәстүра Ханымдыкі, ол да хижра бойынша 925 – 1519 ж.қ.б.

М.Тұяқбаев олардың аталары Сүйініш Қожа ханнан бұрын қайтыс болғанына қарап, ауры-сырқаудан жастай қайтқан болу керек деп болжайды.

1950 жылдары Рабия Бегім кесенесінде қазба жүргізген Т.Карумидзенің күнделігі, Шахрухиннің есептеріне қарағанда Рабия Сұлтан Бегім кесенесінің жер астындағы сағанасында жатқан балалар сүйектері осы адамдыкі болуы мүмкін екендігіне назар аударған.

Жоғарыда айтылғандай, Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінің 1895 жылы қирап, құлағаны белгілі. М.Тұякбаев кесененің құлуы туралы бір күнде құлады десе, «Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының оңтүстік шығысында соғылған күмбезді 1895 жылы Ресей әскерлері «ескі, бір күні құлап қалуы мүмкін» деген сылтаумен қиратып тастаған» деген пікір де басым. Жергілікті көнекөз қариялар мен тұрғындардың айтуы бойынша, күтімсіз қалған кесененің күмбезі 1895-96 жылдары құлап қалғанға ұқсайды, ал қираған құрылыс қыштары 1930-40 жылдары қаладағы май зауытын салу үшін тасып әкетілген. Рәбия Бегімнің қабіртасы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталып келген [1, 357].

Кеңес дәуірінде XV ғасырдың сәулеттік өнер туындысын алғаш рет толық зерттеуге Б.Засыпкин ғылыми жетекшілік етті және де оған археолог К.Шахурин, сәулетші Т.Карумидзе қатысты. 1952-55 жылдары К.А.Шахрухин 1895 жылы құлаған Рәбия Сұлтан Бегім кесенесін қазып тапты. 1952-57 жылдары жүргізілген бұл жұмыстардың нәтижесінде негізгі ғимаратпен жапсарлас бөлмелердің де бар екендігі анықталды. Кейіннен К.Шахуриннің (1958 ж.) жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде кесененің іргетасы мен қабырғаларының құрылысы туралы мәліметтер жинақталды.

Барлық зерттеушілер өз еңбектерінде кесененің құрылысына «Қожа Ахмет Ясауи» ескерткішінің әсері болғандығын атап көрсетеді. Атап айтқанда, Ясауи кесенесінің негізгі өлшем бірлігі ретінде алынған «кез» өлшемі Рәбия бейітінде де пайдаланғандығы, қабірхана күмбезінің мойындығындағы ақ түсті бояумен жазылған араб жазуларының қайталануы туралы ұқсастықтарды сәулетші Л.Ю.Маньковская жазған болатын [2, 13]. Ал 1980 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қайта қалпына келтіру жұмыстарын басқарған, бас сәулетші Б.Т.Тұякбаева эпиграфиялық өрнектелу ерекшелігін зерттеу еңбегінде XV ғасырдағы шеберлердің күмбез мойындығындағы ақ түсті араб жазбаларын түсіруде сәл болса да мүлт кеткендіктерін, яғни Ахмет Ясауи қабірханасы күмбезіндегі жазуларды дәлме-дәл сыйдыра алмай аяқталмай қалған фрагмент күйінде қалғандығын атап көрсетеді [12, 74].

Күйдірілген кірпіштен салынған, қас бетті, беті Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталған сағана болған. Қас беттің ені – 12,2 метр, ойығының тереңдігі – 3 метр. Кесененің оңтүстік-шығыс қабырғасында мұрдеханаға кіретін күмбезді, баспалдақты, ені – 1,1 метр дәліз болған. Күмбез ернеулеріне түсірілген жазулар гүлденген куфи өрнегімен түсірілген. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі маңынан түрлі әрлеуге арналған көк, аспан көк, ақ түсті көркем тақташалар табылды. Кесенені әрлеуде куфи жазуы, өсімдік, эпиграф. өрнектер қолданылғаны белгілі болды. Бұл өрнектер 14 ғасырда

әрленген өрнектермен сәйкес келеді. Кесене күмбезінің ұшында үш шар сипатын бейнелеген кубба болған, оның төм. жақтарында шыңылтыр жазулар жақсы сақталған. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі зерттеулер бойынша 12-15 ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанда сегіз қырлы, қас бетті, күмбезді мавзолейлерді салудың дәстүрлері қалыптасып дамыған үлгісін көрсетеді [1, 357].

Кесененің астында мүрде қоятын «Сағана» деп аталатын бөлмесі бар. Оның формасы жоғары бөлігінің құрылысын толық қайталайды. Кесененің оңтүстік-шығыс жағында сағанаға түсетін ойық сақталған, сол жерден қайтыс болған адамды төменге алып түсіп жерлеп болған соң, ойықты қайта бекітіп отырған. 1980 жылдардағы археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде сағанаға түсетін ойық кесененің шығыс жағынан табылды. Сағана күмбезінің оңтүстік жағынан бір шетінің арнайы бұзылғандығын байқауға болады. Кезінде кейбір тонаушылар ашып көрген болуы мүмкін деген жорамалды 1954 жылғы археологиялық зерттеу кезіндегі К.Шахурин мен Карумидзенің есептерінен кездестіреміз. 1993-99 жылдары Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі ішінде Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіндегі Түркия мемлекетінің жүргізген қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде қайта жерленгенге дейін сыртқа шығарылған бабалар сүйектері мен Ясауи кесенесінен шығарылған құлпытастар сақталып келген.

Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі өзінің құрылыс ерекшелігіне қарай Орта Азия мен Қазақстандағы ортағасырлық сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып саналады. Ол екі қабатты күмбезбен көмкерілген, сегіз қырлы порталды-күмбезді құрылыс, биіктігі - 20,6 метр. Кесене бес бөлмеден тұрады: құрылыстың ортасында орналасқан сегіз қырлы негізгі бөлме, қалғандарының екеуі төртбұрышты және екеуі тік төртбұрышты болып келеді.

Кезінде кесене қабырғалары сыланып, күмбездің ішкі беті сталиктитпен әшекейленген. Қазіргі кезде сталактит формаларының сақталмауына байланысты, кесене күмбезінің сыртқы беті төртбұрышты жасыл-көк түсті шыңылтырлы кірпіштермен қапталған. Күмбездің ішкі беті күйдірілген кірпіштермен өрілген, ішкісі - құрылыстық, сыртқысы - көркемдік міндетін атқарады. Орталық бөлме құрылымы бойынша сегіз қырлы болып келген, оның төртеуінде терезе ойықтары бар. Кесененің күмбезі биік мойындықпен көтерілген, оның диаметрі - 8,65 м. Күмбездің мойнында «Куфи» қолтаңбасымен жазылған ақтүсті шыңылтырлы кірпіштен құрастырылып, ірі көлемде етіп араб жазулары түскен. Онда «Алланың билігі» деген сөз тіркестері сегіз рет қайталанып жазылған. Кесененің қазіргі көрінісі, 1866-1872 жылдары түсірілген әйгілі «Түркістан альбомы» жинағында сақталған фотосурет бойынша, қаланың 1500 жылдық мерейтойы қарсаңында толығымен «Казпроект реставрация» мекемесінің жобасымен қайта қалпына келтірілген [2, 15]. Қазқайтажаңғырту мекемесі Рәбия Сұлтан Бегім кесенесінде 2020-21 жылдары қайтақалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, кесене порталы бой көтерді.

Дегенмен, Рәбия Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі жөнінде көпшілікке қолжетімді мәліметтердің болмауы тәуелсіздік алған жылдардан кейін жарық көрген энциклопедиялық анықтамалықтардан да айқын аңғарылады. Ондағы мәліметтер бірізді, мазмұндас болып келеді [13-15]. Кесене ішіне Рәбия Сұлтан Бегімнен бөлек, немересі Келді Мұхаммед Сұлтан Сүйінішқожаұлы, шөберелері Мәстура ханым Келдімұхаммедқызы, Мүбәрәк Шах Келдімұхаммедұлы, Құл Мұххамед Сұлтан Келдімұхаммедұлының жерленгені белгілі. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі өзінің терең тарихымен және архитектуралық ерекшелігімен келушілердің назарын әлі талай ғасыр өзіне аудара берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Түркістан – Руханият бесігі. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші кітап. – Нұр-Сұлтан: Нұрнама. KZ, 2019. – 504 бет. ISBN 978-9965-23-503-0
2. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі. Буклет. – Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2012. – 16 бет. ISBN 978-601-7316-06-8
3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. 208 б. ISBN 9965-9746-1-6
4. Кожа М., Елгин Ю.А. Туркестан и Отрар в неопубликованной рукописи Н.И.Веселовского о древних городах Сырдарьи // Новые исследования по археологии Казахстана. Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения -15» - Алматы, 2004. – С. 237-241
5. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер: деректі тарихи-танымдық жинақ. – Алматы: «Информ-Арна» баспасы, 2016. – 160 бет. ISBN 978-601-7107-48-8
6. Жүзбаева Р. Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі // Ясауи әлемі. №2 (7). – 2011, - 111-116 бб.
7. Мұстапаева Д. Түркістан аумағындағы ахмет ясауиге байланысты тарихи орындар // Ясауи университетінің хабаршысы, №1 (127), 2023, 418-429 бб.
8. Түркістан альбомы. – Астана: Елорда, 2005. – 228 б.
9. Мұстапаева Д. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жөнделу жағдайы, зерттелуі (XIX ғ.–XX ғ. басы) // Ясауи университетінің хабаршысы, №2 (120), 2021 237-245 бб.
10. Қожа М.Б., Әмзе Н. Ясауи кесенесі туралы ағылшын тіліндегі кейбір еңбектер // Түркология, № 6, 2016 - 116-126 бб.
11. <https://qazaquni.kz/2017/01/29/64096.html> / Рәбия Сұлтан Бегім туралы деректер неге аз?
- 12.
13. Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. – Алма-Ата: Өнер, 1989. – 176 с. ISBN 5-89840-076-1

14. «Түркістан». Халықаралық энциклопедия / Бас.ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000 – 656 бет. ISBN 5-89800-145
15. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас.ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2005 – 728 бет. ISBN 9965-9746-5-9
16. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005 – 560 бет. ISBN 9965-9746-1-6

ТАСТАНБЕКОВ М.М.

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени музей-қорығы
Директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары,
Тарих ғылымдарының кандидаты

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ЮНЕСКО-НЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕНІНЕ - 20 ЖЫЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі қолданыстағы заңнаманы қабылданған «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңына [1] сәйкестендіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына [2] да қол қойды. Аталған тарихи құжаттың арқасында енді елімізде мың жылдық мәдени мұраларды мемлекет заңдық тұрғыдан қорғайтын болады.

Бәріміз білетіндей, 2003 жылыдың маусым айында Франция астанасы Париж қаласында ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясы өткен болатын. Дәл осы алқалы жиында Түркістан облысының (Сол кезде Оңтүстік Қазақстан облысы) орталығы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілген еді. Содан бері атақты кесенені Қазақстан халқы көзінің қарашығындай қорғап келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан өзі туралы әлемдік ақпараттық-мәдени кеңістік аясындағы халықаралық ынтымақтастықтың белсенді қатысушысы ретінде мәлімдей алды. 1992 жылғы 22 мамырда еліміз ЮНЕСКО (БҰҰ білім, мәдениет және коммуникация мәселелері жөніндегі ұйымы) қатарына кіріп, гуманитарлық саладағы қарқынды дамуды және мәдени байланыстар мен алмасуларды кеңейтуді қамтамасыз етті. Ауқымды және маңызды жобаларды жүзеге асыру үшін 1993 жылы Қазақстанда ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия құрылып, аталған халықаралық ұйыммен өзара іс-қимылдың негізгі векторларын анықтады. Келесі қадам Қазақстанның 1994 жылы Дүниежүзілік

мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға қосылуы болды. Сондай-ақ 1995 жылы қол қойылған білім, ғылым, техника, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, мәдениет, коммуникация, ақпарат және информатика сияқты бағыттарды қамтыған Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум және Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда өз қызметін өрістеткен ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Кластерлік Бюросы бұл халықаралық ұйыммен табысты ынтымақтастықты дамытудың басты басталуы болды [3].

ЮНЕСКО-ның 2001 жылдан бергі тұрақты өкілі, ақын, қоғам қайраткері, Невада-Семей қозағалысының төрағасы Олжас Сүлейменов кезекті бір сұхбатында «Маған бұл жұмыс тіптен ұнайды. Өйткені бұл білім мен мәдениет саласына жақын, сырт қараған да бұл жұмыс оңай болғанымен қағазы көп үкіметтік қызметтердің бірі деп айтуға болады. Менің бір орындалған арманым Колизей мен атцтек пирамидаларының қатарына Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қостық. Енді мұраның сақталу мен қорғалуын әлемдік ұйым қадағалап отыратын болады», деген еді, деп жазалды Ықылас Олжай [4].

Сол жылдардағы музей-қорықтың директоры болған Рыскелдиев Темірхан ағамыз өз естелік кітабында «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Елбасының қолдауының нәтижесінде қайта қалпына келтіріліп, ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұралар» тізбесіне енгізілді. Мұның өзі халықаралық талаптарға сай саулет ғимаратының биік мәртебесін көрсетсе керек» деп еске алған екен [5; 56 б.].

1992 жылдан бері Қазақстанда ЮНЕСКО ауқымында өткізілген іс-шаралардан тыс қалған емес. ЮНЕСКО қолдауымен елімізде түрлі деңгейдегі семинарлар мен конференциялар өтті. Осы басқосулардың бәрі жоғарыдағы әлуметтік, мәдени және білім беру салаларындағы көкейтесті мәселелердің шешімін іздестіру мақсатында болды. Республикамызда ЮНЕСКО бағдарламасын іске асыруға арналған – Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы жұмыс істейді. Бұл комиссия 1993 құрылғын болатын. Ол кездегі төрағасы И.Тасмағанбетов ЮНЕСКО-ның 27-сессиясына тұңғыш рет қатысқан Қазақстан делегациясы негізінде ғылым, білім, мәдениет және байланыс салалары бойынша өз жұмыс бағдарламаларын ұсынған болатын.

1995 жылы қаңтар айында Алматыда ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекістан, Тәжікістан, Түркіменстандағы жұмысын үйлестіруші өкілдік өз қызметін бастады. Осы жылы ЮНЕСКО-ның бұрынғы директоры Федерико Майордың Қазақстанға ресми сапар барысында Алматыда аймақтық бюро ашу туралы келісімге қол қойды [4].

ЮНЕСКО ұйымы Қазақстанға көп мән береді. ТМД елдерінің қатарында 2002 жылға дейін тек екі мемлекет ғана өз өкілдерін ашты. Ол Қазақстан мен Ресей ғана. Біздің алдағы мақсатымыз әлемдік мұра тізіміне Отырар қалашығы мен Арпа өзен петроглифін енгізу, болса табиғи мұра қатарына Солтүстік Тянь-Шань, Қорғалжын және Наурызым қорықтарын,

сондай-ақ ұлттық парк Алтын Емел, Ұлытау мәдени ландшафтарын енгізу. Біз осы ұйымға кіру арқылы басқа мәдениетпен қарым-қатынас жасай отырып өзіміздің мәдениетіміздің адамзат өркениетінің бір бөлігі екендігін өзгелерге сезіндіру» деген болатын. Олжас ағамыз айтқандай-ақ Қазақстанның ЮНЕСКО-мен өзара қызметтесуі соңғы 30 жылда тарихи және мәдени мұраны сақтауды белсенді қолға алынды. Бұл Қазақстанның мәдени және табиғи мұралары әлемдік тізімге енгізу мәселесі еді. 1994 жылы ақпанда Қазақстан Республикасы тәуелсіз, зайырлы мемлекет ретінде ЮНЕСКО-ның 17 бас конференциясында қабылданды (Бұл 1972 жылы 16 қараша Париж), мәдени және табиғи мұраны қорғау және сақтау туралы конвенциялар негізінде жүзеге асты). 1998 жылы ғылыми-зерттеу және материалдық ескерткіш мәдени институтының жобасы бойынша ұлттық мұра 10 ескерткіштің құжатын сол кездегі Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау және Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы ұлттық орталығына жіберілді.

Табиғи және мәдени мұра сақтауға және қорғауға ұсынылған ескерткіштер мыналар еді. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қожа Ахмет Яссауи архитектура кешені және Ясы-Түркістан қалашығы, Алматы облысындағы археологиялық, петрографиялық кешен Тамғалы, Жамбыл облысындағы Мерке түрік ғибадатханасы, Қарағанды облысындағы Биғазы-Дәндібай мәдениеттері, Қарағанды, Ақмола, Павлодар облыстарындағы тас молиндік тастан қаланған қорған, Алматы облысындағы Есік-Өлмес петроглифі, Оңтүстік Қазақстандағы Арпа-Ұзын петроглифі, Оңтүстік Қазақстандағы Полеолиттік және геоморфологиялық Қаратау кешені, Оңтүстік Қазақстандағы Оазис ескерткіші, Қарағанды облысындағы тарихи мәдени Ұлытау ландшафтары толықтай енді.

1999 жылы осы 10 ескерткіш әлемдік мұра орталығы алдыңғы тізім қатарына қосылды, соның ішінде Қожа Ахмет Яссауи архитектура кешені және Ясы-Түркістан қалашығы мен Тамғалы петроглифі Қазақстанның мәдени мұрасы әлемдік тізімге ілінуге лайық деп танылды [4]. Қазақстанның Мәдениет министрінің тапсырмасымен әлемдік мұра комитетінің құрылымдық-нормативтік құжаттары бойынша, ғылыми-зерттеу және материалды ескерткіш мәдениетін жобалау институттарының мамандарына белгіленген ереже бойынша 2002 жылы қаңтарында Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі және 2003 жылы қаңтарында Тамғалы кешені әлемдік мұра комитеті қарауына беру жүктелді.

2002-2003жылдары әлемдік мұра комитетінің Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Тамғалы кешенінің бағалылығы мен құндылығы, мазмұны мен қорғалуы халықаралық стандартқа сәйкес келуі жан-жақты тексеру үшін Иран мен Португалиядан халықаралық эксперттер келді. Әлемдік мұра комитетінің Парижде 2003 жылы 30 маусым мен 5 шілде аралығында болған 27 сессиясында бір ауыздан Қожа Ахмет Яссауи кесенесін ЮНЕСКО-ның мәдени және табиғи мұра тізіміне енгізді [4].

Тамғалы кесенесін әлемдік мұра тізіміне, әлемдік мұра комитетінің 28-ші сессиясында (ҚХР Сужу 2004 жылы 28 маусым-7 шілде) комитет шешімі бойынша әлемдік мәдени және табиғи мұра тізіміне алынды.

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің енгізілуі еліміздің мәдени өмірінің тарихында маңызды оқиға болды десек, Хорош Елена Христофоровна есімі бұл маңызды оқиғаға тікелей қатысты. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізу үшін Қазақстан ескерткіштерінің алдын ала тізілімін дайындап, келесі бірнеше жыл ішінде осы міндетті жүзеге асыруда белсенді жұмыс жасады. Елена Христофоровна басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған тізімнен екі нысан 2003 және 2004 жылдары тізімге енгізілді. Олар: «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» (Түркістан) және «Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері» (Алматы облысы). Елена Христофоровна Бірінші номинацияны дайындаудағы қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Н.Ә. Назарбаев, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін 2003 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады [6; 365].

2018 жылы қазан айында еліміздің аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін зерттеу, сақтау және қайта қалпына келтіру саласындағы жоғарғы дәрежедегі кәсіби-сәулетші. Е.Х. Хорош дүниеден өтті. Ол өмірінің соңғы жылдарында Қазақстанның материалдық емес мұрасы саласындағы жаңа номинацияны дайындауға құлшына кіріскен. 2017 жылдың наурыз айында ол дайындаған «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік ғұрыптары» номинациясы Қазақстан Республикасы атынан ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізу үшін ұсынылды. Бұл номинация 2018 жылғы 26 қараша мен 1 желтоқсан аралығында Маврикий Республикасының Порт-Луи қаласында өтетін ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Дүниежүзілік комитетінің 13-ші сессиясында талқыланады. Болашақ іс-шараны ұйымдастырушылардың шешімімен сессияның бірінші отырысын оның қатысушылары Елена Христофоровна Хорошты бір минут үнсіздікпен еске алумен ашады. Бүгінде өзі марқұм болған белгілі ғалым, тарихшы Ерофеева Ирина: «Біз, Елена Христофоровнаның әріптестері мен достары, бұл біздің Ленаның қатысуынсыз өтетініне қатты өкінеміз», деп жазады [6; 366]...

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне 2003 ж. 5 шілдесінде Әлемдік мұралар комитетінің Парижде (Франция) өткен 27-сессиясында (27 COM 8C.25) 6 мәдени критерилердің үшеуі: (i), (iii), және (iv) негізінде қабылданған алғашқы Қазақстандық ескерткіш болды. Бұл шешім негізінде Қазақстан тарапына қойылған ұсыныс-талаптар:

- Буферлік аймақтың сыртындағы жерлерде жүргізілетін құрылыстарды қадағалауға ерекше назар аудару – жаңа нысандардың биіктігінің ескерткіш биіктігінен артық болуынан сақтану үшін

- Ескерткішті басқару мен консервация саласындағы мүмкіндіктерді арттыру және осы саладағы мамандарды дайындау бағытында тұжырымдама әзірлеу

- Әлемдік мұралар орталығына материалдық мәдениет нысандарының мемлекеттік ғылыми-зерттеу және жоспарлау институты дайындаған бесжылдық Менеджмент жоспар өткізу

Қожа Ахмет Ясауи кесенесін Әлемдік мұралар тізіміне енгізу кезіндегі негізгі критерилер:

Критери (i): Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Темуридтер дәуірінің ерекше архитектуралық жетістігі және сонымен қатар исламдық діни архитектураның дамуына ықпал еткен болып табылады;

Критери (iii): Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортазиялық аймақтағы мәдениет пен құрылыстың дамуының ерекше мысалы болып табылады;

Критери (iv): Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Темуридтер дәуіріндегі ірі құрылыстардың дамуының негізгі прототипі және сонымен қатар сол дәуірдің архитектурасы тарихындағы ерекше кезең болып табылады.

«Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» «Әзірет Сұлтан» музей-қорыққа қарасты Ясы, Сауран қалашықтарын ЮНЕСКО тізіміне енгізу жоспарланған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 Қаулысымен бекітілген тұжырымдамада: «Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне Қазақстан Республикасынан 10 нысан енгізілген. 2025 жылға қарай олардың санын 16 бірлікке дейін арттыру жоспарда бар. Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Өзбекстанмен бірлесіп "Ұлы Жібек жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі" сериялық трансұлттық номинациясын дайындау және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Оның шеңберінде Ұлы Жібек жолы бойындағы 6 нысанды: Сығанақ, Сауран, Ясы, Отырар, Жанкент қалашықтары мен Жетіасар оазисінің ескерткіштерін ЮНЕСКО тізіміне енгізу жоспарланып отыр» [7], - деп көрсетілген. .

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 20 жыл бұрын Қазақстан Республикасынан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды. Музей-қорық құрамында халықаралық маңызы бар ескерткіштер тізіміндегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен бөлек, Есімхан кесенесі, Тауке хан кесенесі, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, Хан ордасы т.б. республикалық маңызы бар ескерткіш тізіміне алынған 22 ескерткіш бар. Музей қорында жинақталған 26 мыңнан аса жәдігердің 85 пайызын тас дәуірінен XX ғасырға дейінгі төл тарихымызбен тығыз байланысты мәдени игіліктер құрайды.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның қорғау аймағына қатысты мәселелер туындаған жағдайда ҚР Мәдениет және спорт министрлігін және ЮНЕСКО-ның Қазақстан мен Орта Азиядағы кластерлік бюросын хабардар етіп отырады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сақтау, реставрация және консервация жұмыстарын жүргізу бойынша менеджмент жоспар әзірлеу мен орындалуын

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазқайтажаңғырту» РМК іске асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ.
- 2.Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 289-VI ҚРЗ.
- 3.<https://assembly.kz/news/aza-stanny-yunesko-a-m-she-bol-anyna-27-zhyl-toldy/> Қазақстанның ЮНЕСКОға мүше болғанына 27 жыл толды
- 4.<https://e-history.kz/kz/news/show/32323> / Ықылас Ожайұлы. ЮНЕСКО мен Қазақстанның өзара қарым-қатынасы. 08.01.2021
- 5.Рыскелдиев Т. Даналыққа тағзым. – Алматы, 2006, -120 б.
- 6.Ерофеева И.В. Памяти Е.Х. Хорош (1957–2018) / Археология Казахстана. № 1–2, 2018. – с. 362-366
- 7.«Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 Қаулысы

Тилекеева Зауре Рахметуллаевна

Шәмші Қадаяқов атындағы мектеп-гимназия
Ұйымдастырушы педагог

ЮНЕСКО ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫНДА АЛАР ОРНЫ ЖӨНІНДЕ

Елімізде ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енетін нысандарды дамыту мен қорғауға барынша көңіл бөлініп отыр. Бай тарихқа ие Қазақстан даласында әлемдік өркениет төрінен өшпестей орын алған мәдени мұралар аз емес. Олардың әрбірі адамзат баласына ортақ құндылықтар саналады [1]. Бүгінгі таңда ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізімінде Қазақстанның 10-нан астам тарихи және мәдени нысандары бар. Олардың қатарында Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Алматы облысындағы Тамғалы петроглифтер кешені, Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері. Сонымен бірге, 2014 жылы бұл тізімге Тянь-Шаньдағы Ұлы Жібек жолының нысандары енді: Қаялық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек қалашықтары, сондай-ақ қазақтың күй өнері мен айтыс өнері де ЮНЕСКО тізімінде [2; 33].

Әр халықтың ұлттық құндылықтарын, тарихи нысандарын, мәдени жауһарларын әлемдік мұра қатарына қосып, сақтау және қорғау жұмыстарын

ЮНЕСКО халықаралық ұйымы атқарып келеді. Ұйымның тарихына қысқаша тоқталайық. 1939 жылғы 1 қыркүйекте басталған Екінші дүниежүзілік соғыс 1945 жылы 2 қыркүйекте ресми аяқталды. Жеті жылға созылған жаһандық соғыс кезінде адамзат өркениетінің сан мыңдаған материалдық және материалдық емес мұралары жойылды, ұрланып, талан-таражға түсті. Көптеген елдерде кітапханалар, мұражайлар соғыс өртіне шарпылды. Әлемді сауатсыздық, жайлады. Сондықтан да мәдениетті қалпына келтіру, жас ұрпаққа тым болмағанда бастауыш білім беру, мәдени мұраларды тізімдеп, сақтау жолында әлем елдеріне бірлесе жұмыс істеудің қажеттілігі туындады. Осылардың барлығын үйлестіретін ауқымды ұйым қажет болды.

ЮНЕСКО (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization — UNESCO) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы осылайша, 1945 жылы 16 қараша күні құрылды. Ұйымның штаб-пәтері Францияның астанасы Париж қаласында орналасқан. Сондықтан да Париж қаласы – әлемнің мәдени астанасы деп аталады. ЮНЕСКО құрамында әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер бар. Ұйымның мақсаты – мемлекеттер мен халықтар арасында білім, ғылым, мәдениет салаларындағы өзара ынтымақтастықты нығайту арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған нәсіліне, жынысына, тіліне, ұстанымы мен дініне қарамастан, әділеттілік пен заңға бағынушылықты қамтамасыз ету, жалпыға бірдей құқықтар мен адамның негізгі құқықтарын құрметтеуге ықпалдастық жасау болып табылады. Қазіргі күні ЮНЕСКО ұйымына 193 мемлекет мүше. 2 мемлекет бақылаушы және сыртқы саясатта жауапкершілік жүктемейтін 10 серіктес мүше-аумақтар бар. Парижде 182 мүше мемлекеттің тұрақты өкілі отырады. Қазақстан ЮНЕСКО ұйымына 1992 жылдың 22 мамырында мүше болып қабылданды. Ұйым өзінің іс-қызметін, жалпы алғанда, мынадай мәселелерге сәйкес үйлестіреді: білім беру мен сауатсыздық ауқымындағы теңсіздік, ұлттық мәдениеттерді зерттеу және ұлттық кадрлар дайындау, әлеуметтік ғылымдар, геология, мұхиттану және биосфера мәселелері, Африкадағы кедейлікті жою және гендерлік теңдік.

Әлемде табиғаттың тылсым күшімен я адамзаттың қара күш еңбегімен дүниеге келген таңғажайып жерлер біз ойлағаннан да өте көп. Ол бір мемлекеттің жеке меншігіне ғана тиесілі дүние емес. Бұл жәдігер ғасырлар бойы келешек ұрпаққа сақталып келе жатқан асыл мұра. Осындай бүкіләлемдік адамзатқа маңызды құндылықтар мен қайталанбас мұраларды сақтап қалу мақсатында ЮНЕСКО ұйымы 1972 жылы «Әлемдік мәдени мұра» конвенциясын қабылдады. Әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан сан ғасырлық тарихи ескерткіштер аталған ұйымның арнайы тізіміне енді. Бұл тізімге кез келген ескерткіш я болмаса көрікті жерлер ене бермейді. Қандай жерлерді қорғауға алу туралы шешімді ЮНЕСКО-ның арнайы мамандары зерттей келе қабылдайды. Қабылданған құжатқа сәйкес, «Әлемдік мәдени мұра» тізіміне енген әрбір нысан өзінің мемлекет аумағында қорғалуы тиіс және жаһандық деңгейде насихатталуы керек. Осы тізімге соңғы дерек

бойынша әлемнің әр бұрышынан 1121 нысан енген. Оның 869-ы – мәдени нысан, 213-і – табиғи мекен болса, ал 39-ы – аралас нысан саналады [2].

Осы кезеңде Қазақстан Республикасы мәдени мұраларды сақтау, насихаттау, жалпыадамзаттық мәселелер бойынша ЮНЕСКО ауқымында көптеген жұмыстарды бірлесе атқарды. ЮНЕСКО-ның мәдени және табиғи талаптары бойынша заттық және бейзаттық Әлемдік мұралар тізімі бар. Біздің елімізде Әлемдік мұралар тізіміне отандық нысандарды енгізу, үміткерлікке қою жұмыстары үнемі жүргізіліп келе жатыр. Осы күнге дейін Әлемдік мұралардың заттық тізіміне Қазақстаннан Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Тамғалы тас археологиялық ландшафының тас жазулары, Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері, Ұлы Жібек жолының Қазақстан жерімен өтетін тармағы енген.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ЮНЕСКО-ның мұрасына енген Қазақстандағы тұңғыш тарихи нысан. Халықаралық ұйымның тізіміне 2003 жылдың 23 маусымында енген. Тарихи ескерткіш – Түркістан облысының Түркістан қаласында орналасқан. Ол XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Әмір Темірдің тұсында салынған. Әлі аяқтала қоймаған ғимараттың құрылысына Орта Азиялық сәулетшілер Тимурид империясының астанасы Самарқанды тұрғызғанда қолданған жаңашыл сәулет-құрылыс шешімдері секілді әдістерді пайдаланды. Бүгінде, кесене сол дәуірдің ең маңызды және жақсы сақталған ғимараттарының бірі болып келеді. Бұл орасан зор ғимарат Шығыста атағы шыққан XII ғасырда өмір сүрген көне түркі ақыны және сопылық уағыздаушы Қожа Ахмет Яссауидің құрметіне тұрғызылған (4-бет, 5-бөлімшеге сілтеме – әдебиет). «Яссауи» сөзі «Яссыдан», яғни «Яссы қаласынан» дегенді білдіреді. Ертеде Түркістан қаласының атауы. Қала кең-байтақ Дешті Қыпшақ өңіріндегі түркі тілдес халықтардың рухани-саяси орталығы болып, екі ғасыр бойы қазақ хандығының астанасы болып келді.

Тамғалы петроглифтері. ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне 2004 жылы енген Тамғалы петроглифтері – Алматыдан 170 км солтүстік-батыс қашықтықта, Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі аңғар Аңырақай тау-сілемінде орналасқан.

1957 жылы табылған бұл кешен б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысынан XX-ғасырдың басына дейінгі аралықтағы шамамен 5 мың петроглифтерді (жартасқа салынған суреттер) қамтиды.

Мұнда тастан жасалған жәшік-сандықтар (орта және соңғы қола дәуірі) мен топырақ пен тастан салынған қорғандарды (ерте темір дәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін) қоса алғандағы көптеген ежелгі обалар табылған.

Орталық тармақ, петроглифтердің ең тығыз шоғырлануымен ерекшеленеді және шамамен осы жердің құрбандық шалуға арналған орын – мехрап – алтарь екендігін көрсетеді.

Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан көлдері мен жазықтары. Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері – Қазақстан, әрі Орта Азиядағы Әлемдік мұра тізіміне бірінші болып енген табиғи нысан. 2008 жылдың 7

шілдесінде Квебекте (Канада) өткен Әлемдік Мұра Комитетінің 32-сессиясында мүшелікке қабылданған.

Нысан Қазақстанның далалық аймағында орналасқан жалпы ауданы 450344 гектарды құрайтын екі қорықтан тұрады: Қорғалжын және Наурызым қорығы.

Нысан тұщы және ащы сулы екі өзендер тобын қамтып, солтүстіктегі Арктикаға және оңтүстіктегі Арал-Ертіс бассейніне құятын өзендердің су айрығы болып табылады.

Сонымен қатар, жыл сайын Африка, Үндістан және Оңтүстік Еуропадан Батыс және Шығыс Сібірде орналасқан ұя салу орындарына қоныс ауыстыратын миллиондаған жыл құстары үшін маңызды аялдау жері болып есептеледі.

Чанъань-Тянь-Шань дәлізі бағдарламасының желісіндігі Ұлы Жібек Жолы. 2014 жылы Қазақстан Республикасының сегіз нысаны Ұлы Жібек жолының құрамдас бөлігі ретінде ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енгізілді. Қытайдың Лоянынан (Чанъанның көне аты) Орта Азиядағы Жетісуға дейін Қытай мен Қырғызстандағы тармақтарды қосқандағы бүкіл жоба 33 тармақтан тұрды.

Қазақстан тармақтарының арасында – Қаялық, Алматы облысындағы Қарамерген мен Талғар және Ақтөбедегі Степинская ескі қала орны.

Қойлық қалашығы. ЮНЕСКО тізіміне 2014 жылы енген. Қойлық, Қаялық – Іле алабындағы аса ірі ежелгі қала. Деректемелерде ХІ ғасырдан бастап белгілі, бір кезде ол Қарлұқ қағаны – Арыслан ханның ордасы болған. Франция королі ІХ Людовиктің елшісі Вильгельм де Рубрук Қойлықта 1253 жылы күзде болған. Бұрынғы Іле қыстағының жанындағы өткел арқылы Іле өзенінен өткеннен кейін ол былай деп жазды: «Келесі оған көптеген көпестер қатынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық». Қаланың тұрған орны туралы түрліше жорамалдар бар. Қазақстан ҒА-ның археологиялық зерттеулері Қойлықтың орны – Лепсі алабындағы Антоновка аулындағы қираған құрылыстар екенін анықтады. Мұнда 1964 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы барлау жұмыстарын жүргізген. 1997 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.Байпақов) ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қарамерген қалашығы (2014). Қарамерген – Іле өзенінің бойындағы отырықтанған өркениетті қалалардың ең көнесі. Ұлғайып, көркейген шағы ХІІ-ХІІІ ғасырларға сәйкес келеді. Аталған қалашық археологиялық зерттелу үстінде. Қарамерген қалашығының жалпы аумағы 62 га, оның ішінде қорғау аймағы 7,1 га, қорғалатын табиғат ландшафтының аймағы 25,3 га жер.

Талғар қалашығы (2014). Ортағасырлық Талғар қаласы – Алматы қаласынан 25 шақырым шығысқа қарай, қазіргі Талғар қаласының оңтүстік жағында орналасқан. Бұл – Іле жазығының ең ірі қалаларының бірі. Ортағасырлық қаланың қалған бөлігі өкінішке қарай 20 га жуық аумақ қазіргі заманғы құрылыстар астында қалған. Талғар ірі әкімшілік, саяси, сауда орны

ретінде жазба деректерде X ғасыр деп көрсетіле бастады. Ал қала VIII ғасырдан XIII ғасырдың аяғына дейін өмір сүрді.

Ақтөбе қалашығы (2014). Ақтөбе қалашығы – IX–XIII ғасырларға тән ескерткіш. Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы Бесжылдық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 0,5 шақырым жерде орналасқан. Қалашықты 1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы ашқан (К.Байбосынов). Жобасында тік бұрыштылау болып келген алаңның көлемі 150×110 м, биіктігі 3,5 м. Қалашықтың табанындағы ені 16 м, биіктігі 2 метірлік үйінді жалмен қоршалған. Бұрыштары мен тараптарға бағытталған ескерткіш кесіндісінде солтүстік-шығыс — оңтүстік-батыс бағытында орналасқан 3 алаң түрінде болып келген.

Ақыртас қалашығы (2014). Ақыртас – Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданында орналасқан сарай кешені. VIII-IX ғасырларда салынған. Ақыртас соңғы 130 жыл бойы зерттеліп келеді. Тараз қаласының шығысында, 40 км жерде, Ақшалақ теміржол стансасынан 6 км оңтүстікте орналасқан. Қазіргі кезде онда археологиялық жұмыстар жүргізілуде.

Құлан қаласы (2014). Жамбыл облысы Рысқұлов ауданы Құлан ауылының маңында ортағасырлық Құлан қаласының орны сақталған. Құлан қаласы туралы VII ғасырдағы қытай, араб жазба деректерінде айтылады. Құлан қаласында көптеген тарихи оқиғалар өткен. Мысалы, 740 жылы түргеш бегі Құрсұл Батыс Түрік қағандығының ең соңғы басқағы Ашина Суйцзыны осы қалада өлтірген. 840 жылы араб әскерлері Құланға дейін жеткен. Тараздан және Меркеден Құланға дейінгі арақашықтық көрсетілген жол бағдарлары жазылып сақталған.

Қостөбе қалашығы (2014). Қостөбе – VI-XII ғасырлардағы көне қаланың орны. Байзақ ауданындағы Сарыкемер ауылының шығыс жағында, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Алғаш А.Н. Бернштам 1938 жылы зерттеген. 1985-1987 жылдары Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының К.М.Байпақов бастаған Тараз археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді. Кезінде қала биік қабырғамен айнала қоршалып тұрған. Сақталып қалған қабырғалардың биіктігі 3 м-ге жетеді. Қабырғалардың бұрыштарындағы мұнаралардың биіктігі 16-18 м. Қаланың төрт қақпасы болған. Қазіргі кезде қақпалардың қабырғалардан ажырап қалған бөліктері ғана сақталып қалған.

Өрнек қалашығы (2014). Өрнек қаласы – ортағасырлық қала. Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының Өрнек ауылынан оңтүстікке қарай 6 км жерде, Алтынсу өзенінің жағалауында, Сұлтұт шатқалында орналасқан. Қаланың ортаңғы бөлігі – бұрыштары мен жер бөліктеріне бағытталған төртбұрыш алаң. Қоршап тұрған дуалының қырымен есептегенде оның өлшемдері 155-160 м. Төрт жағында әрқайсысында дуалдың жырығы тәріздес қалаға кіретін жер байқалады. Қақпалары қаланың ортасында түйісетін жолдармен біріккен. Қалашықтың жалпы аумағы 500 га шамасында болған. Қазба кезінде табылған хум, қазан, құмыра, тостаған сияқты қыш ыдыс сынықтарына қарағанда қалашықты адамдар VIII-XII ғасырларда мекендеген.

Әлемдік мұралардың бейзаттық тізіміне мыналар енген: Қазақстан 2011 жылы ЮНЕСКО-ның бейзаттық (рухани) мәдени мұраларды қорғау конвенциясына қосылған болатын. Осы кезеңнен бері Қазақстанның 10 рухани мұрасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген. Бұл жерде ескерерлігі: кейбір құндылықтар осы мұраны сақтаушы өзге мемлекетпен тең құқықта тіркелген.

2014 жылы «Қазақтың дәстүрлі күй өнері» және «Қазақ пен қырғыздың киіз үй дайындаудағы дәстүрлі білімдері мен дағдылары» тіркелді.

2015 жылы «Айтыс өнері» Қазақстан мен Қырғыз Республикасының мәдени мұрасы ретінде тіркелді.

2016 жылы «Қатырма нан (лаваш) жасау өнерін» Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия бірлесе отырып, жалпыадамзаттық мәдени мұра ретінде тіркеген. Сондай-ақ «Қазақ күресі» қазақ халқының мәдени мұрасы ретінде дара тіркелсе, «Наурыз мерекесі» Қазақстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Үндістан, Иран, Ирак, Қырғыз Республикасы, Пәкстан, Тәжікстан, Түркия, Түркменстан, Өзбекстан мемлекеттеріне ортақ бейзаттық мұра ретінде тіркелген. Наурыз мейрамы – Еуразияның көптеген халықтарына тән. Есте жоқ ескі замандардан бері түркі, славян, парсы, күрд т.б. халықтар күн мен түннің теңелген межесі – жыл басы ретінде тойлатып келе жатқандығы, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгендігі белгілі [4].

Ал «Құсбегілік өнерді» Біріккен Араб Әмірліктері, Аустрия, Бельгия, Чехия, Франция, Германия, Венгрия, Италия, Қазақстан, Корей Республикасы, Монғолия, Марокко, Пәкістан, Португалия, Катар, Сауд Арабиясы, Испания, Сирия қатарлы барлығы 18 мемлекет қоса тіркеген.

2017 жылы қазақтың «Асық ату» ойыны ЮНЕСКО тізіміне енгізілді.

2018 жылы «Қазақ жылқы өсірушілерінің көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері» ЮНЕСКО тізіміне енгізілді. Сонымен бірге, «Қорқыт Ата: эпикалық мәдениет, халық аңыз әңгімелері және әуендерін» Әзірбайжан, Қазақстан және Түркия ортақтасып, ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізді.

2020 жылы 17 желтоқсан күні Тоғызқұмалақ ойыны Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының Репрезентативтік тізіміне енгізілді. Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет тиісті ұсыныс үшін дауыс берді. Ол комитеттің 2020 жылдың 14-19 желтоқсаны аралығында онлайн режимде өтіп жатқан 15-сессиясы аясында өткізілді. Аталмыш сессияда Үкіметаралық комитет 42 номинацияны, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан және Түркия бірлесе енгізген «Тоғызқұмалақ» ойынын қарастырды. Тоғызқұмалақ (қырғыздарда – Тоғуз коргоол, түріктерде – мангала/гечюрме) – адамның ұтқырлық пен тапқырлық қасиетін ұштайтын, әрі математикалық ойлау мен төзімділікке баулитын ойын. Ол ежелгі түркілер қасиетті санаған 9 санына негізделген. Ойынды кейде «қойшылар алгебрасы» деп те атады. Өйткені, ойын кезінде барлық төрт негізгі математикалық амал қолданылады. Ойын жылдамдық пен әдіс-тәсіл санауға құрылған. «Тоғызқұмалақтың» енуімен бірге МЕММ репрезентативтік

тізіміндегі адамзаттың мәдени мұрасы санатындағы қазақстандық элементтер саны 11-ге жетіп отыр [5]. Бұған дейін бұл тізімге домбыра күй өнері, киіз үй жасау дәстүрі, айтыс, қазақ күресі, Наурыз мейрамы, саятшылық, жіңішке нан – қатырма, асық ойыны, Қорқыт мұрасы және қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік әдет-ғұрыптары (бие байлау, айғыр қосу, қымыз мұрындық) кірген болатын

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://abai.kz/post/117902> / ЮНЕСКО мұрасы. Ясауи кесенесінің күмбезін жаңғырту жұмыстары аяқталды, 29 Шілде, 2020
2. Байтанұлы А., Райхан А. ЮНЕСКО-ның қорғауындағы мәдени және тарихи нысандарымыз // Дәстүр. Ұлттық-этнографиялық журнал. №2 (81). 2022 жж. – 33-38 бб.
3. Нұрмағанбетқызы Д. Қазақстандағы әлемдік мұралар / Қазақ әдебиеті, 25 наурыз, 2021 ж.
4. https://adebiportal.kz/kz/news/view/asylbek-baitanuly-nauryzdy-toilau-turaly-oilar_24460 / Асылбек Байтанұлы. Наурызды тойлау туралы ойлар. 20 наурыз 2023ж.
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/2676?lang=kk> / ЮНЕСКО Тоғызқұмалақ ойынын адамзатқа ортақ мәдени мұра деп таныды. 18 желтоқсан 2020ж.

Арынова Динара

М.Пошанов атындағы №21 мектеп
Тарих пәнінің мұғалімі, Тарих магистрі

Құттыбай Жәудір

М.Пошанов атындағы №21 мектеп
Тарих пәнінің мұғалімі

ТҮРКІСТАНДЫ РУХАНИ ТУРИЗМГЕ АЙНАЛДЫРУДА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ АЛАР ОРНЫ

Жаһандану кезеңінде еліміздің экономикасын көтерудің маңызды салаларының бірі туризм бағыты екені баршамызға белгілі. Көптеген елдер бұл тұрғыда жұмыс істеп озық тәжірибе үлгісін танытып, ел дамуының серпін үлгісін көрсетіп келеді. Мәселен, Түркия өзінің Анталия қаласымен танымал болса, Египеттің де Гиза жазығының пирамидалары қаншама миллиондаған шетел өкілдерінің көз жауһарына айналып келе жатқанынан


хабардармыз. Бүгінде Халықаралық сарапшылардың пікіріне сүйенсек, туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады.

Б.з.д. I мың жылдықтарда-ақ, алыс-жақын, шалғайдағы елдермен саудасаттық қарым-қатынас жасап мәдениеттің озық үлгісін қалдырған ата-бабаларымыздың көне қалаларының сақталып қалуының өзі туристердің көрер мәні бар рухани күш болып табылады. [1]. Міне, сондай рухани ескерткіштердің ордасы, шартарапқа бағытталып жатқан Керуен жолдардың тоғысқан жері, ЮНЕСКО мойындаған іргелі қаланың бірі Ескі Түркістан қаласы еді.

Республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енген қала құрылысы және сәулет ескерткіштері Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (XIV ғ.), Күлтөбе қалашығы (I мың ж. ортасы - XIV ғ.ғ.), үлкен Халуат (XII ғ.), Түркістан қалашығы [XV-XIX ғ.ғ.], Шілдехана (XIV ғ.) , Қамал қақпалары (XVIII-XIX ғ.ғ.) , Жұма мешіт (XIX ғ.), Есім хан кесенесі (XVI ғ.) т.б. табиғатта, кеңістікте сақталып, зерттеліп, елдің мәдени құндылығын көрсететін заттай көненің көзі. Елімізге шет елдік саяхатшылар көбіне көп тарихи ескерткіштерді тамашауға келетіні белгілі. Осы тұста туристерді мен мұңдалап шақырып тұратын бұл Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі. Алдағы уақыттарды тек қана кесенені алға тартып қана қоймай сонымен қатар, кесене аумағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштермізді іске қоссақ кұба-кұп болар еді. Мәселен кесененің іргесінде орналасқан Құмшық ата, Күлтөбе, Хан ордасы, Жәудір ана кесенесі, кесенеге кіретін қақпаларымызды атасақ болады. [2].

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Ескі Түркістан қаласы бүгінгі таңда айтарлықтай дамыған қаланың біріне айнауда. Көз тартар әсем ғимарат сол кездегі Орталық Азиядағы теңдессіз кесене болды. Мұнда атбасын тіреп келген өзге елдің өкілдері кесенені дәріптеп жазып кететін. Әсіресе, Қазақ хандығы тұсында шетелден көптеген жиһанкез, саяхатшылар келіп қаланың тұрмыс-тіршілігі жайлы маңызды мағлұматтар алып кетіп отырды. Мәселен, Тәуке хан билік еткен заманда орыс елшісі В.Кобяков келіп қала маңындағы егістіктерді айтып өтсе, ғалым Д.Г. Мессершмидт қаланың құрылым жоспарын сыздырып кетті. Қазақ хандығының астанасы болып белгілі қалаға айналған Түркістан ертеден-ақ зиаратшылар мен саяхатшылар келетін белді туризм қаласы болған. Бұл туралы П.И.Рычков, Н.А.Северцов, М.С. Бекчурин, суретші В.В.Верецагиндер тебірене жазды [3]. Ал, сол заманның (XX ғ. басы) көзі ашық азаматы Садық Сапабекұлы болса өзінің Түркістанға келіп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен алған әсерімен бөлісіп «Түркістандағы тарихи зийарат» атты еңбек қалдырып, діни-рухани туризм жасаудың жолдарын былайша айтып кетті.

Садық Сапабекұлы жазып кеткен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қаншама өз еліміз бен өзге елдердің адамдары көріп дұға ететін қасиетті орынға айналып отыр. Қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» қорық музейі рухани туризмнің




дiңгегi болатын ескерткiштердi мемлекеттiк тiзiмге алып, оны сақтап ұрпаққа аманат етуде бiрқатар жұмыстар iстеп келедi. Қаламызда рухани орындар жетерлiк. Облысты атамасақ та кесене аумағында аталған ескерткiштер баршылық. Қарапайым ғана қаланың қақпаларын iске қоссақ көпшiлiкке танытсақ iгi iс болары хақ.

Ескi Түркiстан қаласының Жетi ата қақпасының түбiндегi Баба Араб (Ғарiп) кесенесi мен мешiтiне, сондай-ақ, Үндемес ата кесенесi мен Бабырат ата көпiрiне және қаланың шахарiстанындағы Хан мешiтi мен Жәудiр ана мешiт-медреселерiне

археологиялық зерттеулер жүргiздi [3]. Ендiгi алдағы уақыттарда Жәудiр ана, Баб Араб, Үндемес ата, Бабырата көпiрi ескерткiштерiн қайта қалпына келтiру кезек күттiрмейтiн мәселе болып тұр.

Кесененiң артқы тұсында орналасқан шiлдеханаға тоқталсам. Шiлдехана ғұрыптық құрылысы — XII-XIV ғасырлардың архитектуралық ескерткiшi. Ол Ахмет Ясауи кесенесiнiң солтүстiк-батыс беткейiнен 22 метр қашықтықта орналасқан. Кезiнде толығымен бұзылған дiни-сәулеттiк құрылыс 1980 жылдары қайта қалпына келтiрiлген. Құрылыс тiк төрт бұрышты болып жартылай жер астына XII-XIV ғасырларда дiни әдет-ғұрыптарды орындау үшiн арнайы салынған. Жобада ғимарат тiкбұрышты, кесене ғимаратына қарсы тартылған. Гипспен сыланған, едендерi гипстелген сылақтың iздерi бар. «Шiлдехана» сөзiнiң түбiрi парсының «чехел» қырық деген сөзiнен, ал «хана» сөзi тұрақ үй, деген мағына берiп, қырық күн тұратын үй екендiгiн бiлдiрiледi. [4, 15 б] Бұл турасында хазiреттi Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар: «Кiмде-кiм 40 күнi мен түнiн шынайы ықылас-ниетiмен Алла үшiн



құлшылық-ғибадат жасап өткізсе, Алла тағала оның жүрегінен тіліне қарай даналықтың бұлағын ағызады» деген өсиет қалдырған. Пайғамбар өсиетін онындау үшін Қожа Ахмет Ясауидің мұрагерлері кезінде Құдайға оңаша, жеке құлшылық жасайтын ғұрыптық құрылыстар салынған.

Мағынасы «жалғыз қалу», «қуыс таса жерге тығылу» дегенді білдіреді. Қылуетке түсіп тәрбиелену ұстаздың ұйғарымымен және оның бақылауында өтетін Ясауи тариқатының әдебіндегі ерекше әдістердің бірі екендігі баяндалады. Қылует қырық күнге созылатын, күні-түні ұйқы мен тамақтан шектеліп, тәкбір, алқа зікір, ара зікір, «истиғфар» (кешірім дұғасы) оқылып, Құдайға құлшылықпен өтетін ғибадат мерзімі ретінде сипатталады. «Әзірет Сұлтан қабіріне үнемі зиярат етсе де, жылда бір рет зулхиджа айының алдында үлкен рәсімді түрде сопылар қылуетханаға кіреді. Соңғы жылдарға дейін бес-алты мың адам тек қана осы мақсатпен жиналатын» деп жазылған 1914 ж. «Шура меджмуасындағы» деген мақалада [5, 5 б.].

Түркістанды рухани туризмге айналдыруда ескерткіштердің алар орны ерекше. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Түркістан өңіріндегі тарихиескерткіштерді тұрақты түрде қадағалап зерттеп келеді. Мұнан өзге де қойнауысан қилы тарихқа толы көптеген ескерткіштерімізді зерттеп, өскелең ұрпаққа жеткізу ісі келер күннің еншісінде.

Әдебиеттер тізімі

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192>
2. <http://www.inform.kz/kaz/article/2777949>
3. Тұяқбаев М., Мұсабаев Қ., Өсеров Т. Археология және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімінің 2013 ж. Жәудір мешітінің орынында жүргізген жұмыстарының есебі, Түркістан, 2013.
4. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер. А 2016 ж. 15 б
5. Қылует. Буклет. – Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы, 2009 ж

Тилекеева Сауле Рахметуллаевна

Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы
Тарих пәнінің мұғалімі

ЮНЕСКО-НЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ ТІЗІМІНДЕГІ РУХАНИ МӘДЕНИЕТТЕРІМІЗ

Бүгінде халықаралық ұйымдардың ішінде атқарып отырған қызметі мен алып отырған орны жағынан ЮНЕСКО-ның айрықша ролі бар екендігін

бүкіл әлем мойындайды. Ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты жалпыға бірдей құрметтеуді талап етіп, адамзат гүлденген дәуірде өмір сүруіне ықпал етуді көздейтін ұйым - 1945 жылы 16 қарашада құрылған. Қазіргі таңда құрамына 193 мемлекет мүше және 7 мемлекет серіктес. Қазақстан ЮНЕСКО-ның құрамына 1992 жылдың 22 мамырынан мүше болып табылады.

2001 жылы ЮНЕСКО өзіне мүше елдерден сауалнама алады. Нәтижесінде 2003 жылдан бастап ЮНЕСКО ұйымы тек табиғи-қайталанбас маңызды жерлерді ғана емес, сонымен қатар әр елдің салт-дәстүрін, мереке тойлау үрдісін, ұлттық ойын түрлерін, жалпылай айтқанда рухани мәдениетті тізімге енгізіп, қорғау туралы конвенциясы дайындайды [1].

Бүгінде қазақтың мәдени құндылықтары күллі әлемге аян. Бұл ЮНЕСКО ұйымы тарапынан бекітіліп, адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық маңызы бар деп танылатын табиғи және адам қолымен жасалған дүниелер әлемдік мұра атауына ие болды.

1972 жылы ЮНЕСКО ұйымы дүниежүзіндегі мәдени және табиғи мұраларды қорғау туралы қарар қабылдады. 2010 жылы бұл қарарды БҰҰ-ға мүше 187 мемлекет ратификациялады. Соның ішінде Қазақстан да бар. Содан бері жыл сайын тұрақты түрде Әлемдік мұра комитеті сессиясы өтіп, «әлемдік мұра мәртебесін беру» мәселесі талқыға салынады. Негізгі тізім аясында Әлемдік мұра ретінде жоғалу қаупіндегі ескерткіштер бар. Бұл тізімге әр түрлі табиғи немесе адамдардың себебінен қауіп төніп тұрған ескерткіштер уақытша кіреді. Тізімге кірді деген сөз – оларға ерекше назар аударуды аңғартса керек. Қазақстан бұл ұйымға ТМД елдерінің (Балтық бойы елдерін есептемегенде) арасынан бірінші болып енді. Яғни, 1992 жылы 22 мамырда мүше болып, ЮНЕСКО-мен белсенді әріптестікке ерекше ден қойды. 1993 жылы ұйыммен өзара қарым-қатынаста негізгі бағыттарды анықтайтын ҚР СІМ жанынан ЮНЕСКО ісі бойынша ҚР Ұлттық комиссиясы құрылды. ЮНЕСКО-ның негізгі мақсаты – халықтардың білім беру, ғылым және мәдени салалардағы әріптестігін барлығының бірдей әділдік, заңдылық және адам құқықтарына деген мүддесін, сондай-ақ нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамай БҰҰ-ның Жарғысында жарияланған негізгі бостандықтарды қамтамасыз ету жолымен әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға көмек беру болып табылады.

ЮНЕСКО-ның «Әлем естелігі» халықаралық құжаттық мұра реестерінде Қазақстаннан Қожа Ахмет Ясауи және оның шәкірттерінің қолжазбасы, «Невада-Семей» ядроға қарсы халықаралық қозғалысының архивтік материалдары, сондай-ақ «Арал теңізінің архивтік қорлары» бар. 2012 жылы А.Фирдоусидің «Шахнама» қолжазбасының түрік нұсқасы ұсынылды. Қазақстанның ұсынысымен ұйым «Мәдениеттердің 2013-2022 жылдарға арналған халықаралық онжылдығы» атты жоспарын қабылдады. Қазақстанда ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған тарихи ескерткіштердің қатарына Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен басқа, Таңбалы археологиялық ландшафындағы петроглифтер, «Жібек жолы», Сарыарқа және Солтүстік

Қазақстанның даласы мен көлдері енгізілді. Нақтырақ атасақ, «Жібек жолының» қазақстандық бөлігі бойынша Алматы, Жамбыл облыстарының аумақтарындағы Қойлық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек секілді ортағасырлық сегіз нысан енгізілді. Сарыарқа даласы мен Солтүстік Қазақстанның көлдері жалпы атауының ішінде Қорғалжын және Наурызым қорықтары да тізімге кірді. Ал материалдық емес құндылықтар тізіміне домбырамен тартылған күйлер, қазақ пен қырғыздың киіз үйлерін тігу шеберліктері қосылған еді. Әлемдік ауқымдағы тарихи құндылықтарға Олжас Сүлейменовтің ұсынысымен «Халықтардың алғашқы ұлы көшкіні» конференциялар тізімі енгізіліп, ол адамдардың ғаламшардағы қазіргі қоныстану ерекшеліктеріне дейінгі кезеңді қамтитын болды [2].

Бірлескен жұмыс жылдар ішінде жоғары нәтижелерге қол жеткізілді. Маңызды оқиғалар арасында: ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының тұсаукесері, Махамбет Өтемісовтың 200 жылдығы, Абайдың 150 жылдығы, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Әбілхан Қастеев, Әлкей Марғұлан мен Ахмет Жұбановтың 100 жылдықтарына арналған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Нұрлан Оразалин мен Шөмішбай Сариевтың өлеңдерінің жинағы шығарылды. ЮНЕСКО-ның атаулы күндер мен оқиғалар күнтізбесіне «Қыз-Жібек» эпосы енгізілді [3].

2003 жылдан бастап ЮНЕСКО ұйымы тек табиғи-қайталанбас маңызды жерлерді ғана емес, сонымен қатар әр елдің салт-дәстүрін, мереке тойлау үрдісін, ұлттық ойын түрлерін, жалпылай айтқанда рухани мәдениетті тізімге енгізіп, қорғау туралы қабылданған конвенцияға сәйкес 2009 жылдың 30 қыркүйегінде UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізді. Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн: 21-23 наурыз аралығында тойланады. Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда – 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні атап өтіледі.

2014 жылдан бастап еліміздің өзіне тән ерекше элементтері осы тізімге қосылды. Оның ішінде атап өтетіні жылқы өсірушілерінің көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері, Қорқыт Ата: эпикалық мәдениет, халық аңыз әңгімелері және атадан балаға мұра болып қалған ұлттық ойындар мен тағамдарымыз бар [1]. 2014 жылғы қарашада Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне алғашқы ұлттық өтінім «Домбыра күйін орындау өнері» және Қырғызстанмен бірлескен «Киіз үйді жасау машықтары» аталымы енді. 2014 жылдың 27 қарашасында UNESCO-ның ресми сайтында «Домбырамен орындалатын күйлерін орындау өнері қазақ халқының ынтымақтастық жолында маңызды рөлін атқарып, халықтағы өзіндік ерекшелік және бірлік сезімдерін қалыптастырады», – деп Комитет отырысының мәлімдемесін жариялады. «Материалдық емес мәдени мұраны сақтау комитеті адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының қайта

таныстыру тізіміне жаңа он элемент енгізді, олардың қатарында «Вырумаа үйезіндегі дәстүрлі монша (Эстония)», «Қазақтың домбырамен дәстүрлі күй орындау өнері (Қазақстан), «Қырғыз бен қазақтың киіз үй тігу тәсілдері (көшпелі түркі халқы)» (Қазақстан, Қырғызстан) бар», – делінген UNESCO хабарламасында. «Қазақтың күйі қос ішекті дәстүрлі, алмұрт іспеттес, ұзын мойыны бар аспап – домбырамен орындалатын жеке аспапты қойылым дегенді білдіреді. Күйдің маңызы тарихи түп-тамыр мен салт-дәстүрді байланыстырып классикалық және суырып салма орындау арқылы халықпен байланысуында жатыр. Күй отбасылық немесе көпшілік жиындарда орындалады және әдетте аңыз, әңгімелер қоса айтылады. Домбырамен күй орындаудың қазақ халқының әлеуметтік бірлігі мен өзіндік ерекшелігін, ауызбіршілігін сақтаудағы атқаратын маңызы зор», – делінген UNESCO сайтында. Күй – музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Домбыра, қобыз, сыбызғыда шығарылып, тартылып келген. Музыка өнерінің дамуына байланысты, күйлер халық аспаптары оркестрлерінің репертуарларында көп орындалады. Күй – қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының аспаптық музыкасына тән атау. Махмұт Қашқариға сілтеме жасай отырып, күй сөзінің төркіні «көк» деген түркі сөзінен шығуы мүмкін деген болжам бар.

2015 жылдың 2 желтоқсанында UNESCO айтысты адамзаттың мәдени мұрасы қатарына қосты. Мұндай шешім Материалдық емес мәдени мұраны сақтау комитетінің Намибияда өткен оныншы сессиясында қабылданды. Репрезентативтік тізіміне қазақстан-қырғыз бірлескен «Айтыс/Айтыш, суырып салма өнері» аталымы кірді. Айтыс ерекше суырып-салма өнері ретінде Қазақстан мен Қырғызстан атынан тізімге енгізілді. Бұл суырып-салма ақындық өнері бар екі адамның арасында болатын жарыс, өлең оқылады немесе қазақтың домбырасы сынды ұлттық музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен шырқалады. Тақырыпты тыңдармандар таңдайды, ал музыкалық өнерін, ырғақты сезінуін, ерекшелігі мен ұшқыр ойын жеткізе білген қатысушы жеңіске жетеді. Айтыс – жалпы мәдениеттің құрамдасы және Қазақстан мен Қырғызстанның көпұлтты қоғамының теңдігінің белгісі. Жарыс жергілікті немесе жалпы ұлттық мереке кездерінде ұйымдастырылады, тақырыптарында көбінесе әлеуметтік маңызды мәселелер қозғалады. Алдыңғы буын бұл дәстүрді жастарға қалдырады», – делінген UNESCO ақпаратында.

Ал 2016 жылдың 1 желтоқсанында қатырма нан әзірлеу дәстүрі UNESCO-ның бейматериалдық мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енді. Қатырма нан әзірлеу мәдениеті – Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияда кең таралған салт-дәстүр. Әдет-ғұрып бойынша нанды пісіруге бір отбасының мүшелері қатысады, алайда ауылдық жерлерде дайындауға көршілері де атсалысуы мүмкін. Металл пластинаға немесе қазанға салып пешке пісірілген нан мерекелік отырыстарда, туған күндерде, үйлену тойларында, сондай-ақ, жерлеу рәсімдерінде дастарханға қойылады.

Сол жылы қазақтың ұлттық күресі UNESCO-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Бұл шешімді Эфиопияда Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комитет қабылдаған. Қазақ күресінің дамуы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі басқосулар мен жиын-тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың құрмет тұтар адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді. «Қазақша күрес» бойынша бірінші ірі турнир 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді. Ірі Халықаралық турнирлер 1952 және 1975 жылдары Азия аймағы спортшыларының қатысуымен өткізілді. Ұлттық күрестің дамуы Қазақстан егемендік алғаннан кейін жаңа серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізілетін болды. Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады. Мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады.

Сондай-ақ, 2016 жылдың желтоқсанында UNESCO-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтардың көрнекілік тізіміне жаңа элемент енді, ол - Қазақстанға тән саятшылық. Бұл – жыртқыш құстарды аңға салу дәстүрі, қазақ халқындағы өте ерте замандардан келе жатқан спорттық өнер. Археологиялық қазба жұмыстары Ежелгі Тұранды мекендеген тайпалар құс салуды тіпті қола дәуірі кезінде-ақ меңгергендігін көрсетеді. Тарих пен мәдениет тұрғысынан қарағанда саятшылықтың дамуы өте қызығалықты. Қазақ саятшылары бүркіт, бидайық, сұңқар, қаршыға, бөктергі, ителгі, лашын, тағы сол сияқты көптеген жыртқыш құстарды баптап, өздері алатын құстарға түсуді үйреткен. Мұндай өнер қырғыз, араб, ішінара түркімендердің арасында да дамыған өнер. Крестшілер жорығынан кейін араб мәдениетімен танысқан еуропалықтар сұңқар салуды үйренген. Саятшылықтың бұл түрі әсіресе XII-XIII ғасырда Еуропа елдерінде кең тараған. Қазақ халқы саятшылықты тұрмыстық пайдасы бар өнер ретінде де, көңіл көтеретін табиғатпен етене араласатын спорт ретінде де қараған.

2017 жылы ЮНЕСКО-ның Үкіметаралық комитетінің 12-ші сессиясында Қазақстанның «Қазақтың дәстүрлі асық ойыны» материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне тіркелді. Асық ату – ұлтымыздың шаруашылық мүмкіндігіне байланысты қалыптасқан ұлттық ойындардың бірі. Ертеде қазақ халқы мал шаруашылығы, оның ішінде қой өсірумен жаппай айналысқандықтан, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты. Асық ойыны балаларды жастайынан мергендікке, ептілікке үйрететін тәрбие көзі. Сол себепті ұлттық ойынымызды мәңгілікке қорғап ғана қоймай, әлемге таныту мақсатында ЮНЕСКО-ның мұралар тізіміне

енді. Енді Ұлттық спорт түрлерінің ішінде аталған тізімге асық ату ойыны кірді. Айта кетсек, Қазақстанда ұлттық спорт түрлері бойынша 7 мамандандырылған клуб және 9 мамандандырылған спорт мектебі жұмыс істейді [1].

2018 жылы қазан айында еліміздің аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін зерттеу, сақтау және қайта қалпына келтіру саласындағы жоғарғы дәрежедегі кәсіби-сәулетші. Е.Х. Хорош дүниеден озды. Ол өмірінің соңғы жылдарында Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің басшылығы мен қызметкерлерінің бастамасымен Қазақстанның материалдық емес мұрасы саласындағы жаңа номинацияны дайындауға құлшына кірісті. 2017 жылдың наурыз айында ол дайындаған «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік ғұрыптары» (Обряды «қымыз мұрындық» (употребление первого кумыса), «бие байлау» (привязывание кобылиц) и «айғыр қосу» (включение жеребца в табун) номинациясы Қазақстан Республикасы атынан ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізу үшін ұсынылды.

Бұл номинация 2018 жылғы 26 қарашада басталған ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Дүниежүзілік комитетінің 13-ші сессиясында талқыланады. Болашақ іс-шараны ұйымдастырушылардың шешімімен сессияның бірінші отырысын оның қатысушылары Елена Христофоровна Хорошты бір минут үнсіздікпен еске алумен ашады [4].

Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет аталған қазақстандық ұсыныстарды өзінің 2018 жылғы 26 қараша мен 1 желтоқсан аралығында Маврикий Республикасының астанасы Порт-Луи қаласында өткен 13-сессиясы аясында мақұлдап, қазақ атбегілерінің көктемгі жоралғылары Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізілді. «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі әдет-ғұрыптары» халқымыздың «қымызмұрындық», «бие байлау» және «айғыр қосу» деген жоралғыларын қамтыды.

Қымызмұрындық – бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Құлын байлап, бие сауылып оның сүті қорланып ашытылған соң екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші-көлемдер «қымызмұрындыққа» шақырылған. Яғни, алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен беріледі. Ақсақалдар үй иесіне алғыс айтып, батасын береді. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлықты, жомарттық пен мәрттікті, бірлікті меңзейді. Бие байлау – бие сауып, қымыз ашыту. Дәстүрлі ортаның бие байлап, қымыз сауу маусымында атқарылар еңбекке қатысты дәстүрінің ішіндегі салтанатты салтының осы бірі – бие байлау. Ел жайлауға шыққан кезде сауылатын биелерді бөле бастайды. Алдымен желі тарту үшін қазықтар қағылады, бірінші қазықты жылда арнайы қазық қағып жүрген тоқпақтың сабына ақ мата байлап, үлкен ақсақалдардың бірі қағу ишарасын жасайды. Желі тартқанда әрбір бес құлынның ортасына бір қазық қағылады. Желі маңы биебау деп аталады. Әйелдер сабалар мен көнектерді

әбден жуып, желінің басына кептіреді. Малым құт әкелсін деген ниетпен биебаудың үш қазығының, желі арқанның басына, айғырдың жалына, биенің сауырына сары май жағады. Одан кейін шу асау құлындарды шалма, құрықтың көмегімен нокталап желіге байлайды. Алғаш байланған құлындардың мойны созылып қалмас үшін үйренгенше үнемі бақылауда ұстайды. Құлындарды желіге байлаған соң, биебаудың шайын дайындайды. Желінің басына шай жасалып, жиналған жұрт құрт, ірімшік, тоқаш, қолда бар тамағымен келеді. Мұны «шашу шай» дейді. Желі басында жайылған дастарқанға үлкен-кіші, бала-шағалардың барлығы жиналады. «Байлар көбейсін» деген игі ниетпен бата-тілектер айтылады.

Сонымен, бұл тізімде «Домбырамен күй орындау өнері», «Айтыс, суырып салма өнері» «Қазақ күресі», Қырғызстанмен бірлескен номинациялар ретінде «Киіз үй жасау машықтары» секілді 7 номинация енгізілді.

Алматыда өткен Орталық Азия елдерінің материалдық емес құндылықтарын насихаттауға арналған өңіраралық кездесуде материалдық емес құндылықтарды сақтау және оны мектеп және жоғары оқу орындарының академиялық бағдарламаларына енгізу туралы айтылды. ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өкілдігінің жетекшісі және Кластерлік бюроның директоры Криста Пиккат ханымның пайымдауынша, техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) өкілдері арасында материалдық емес мәдени мұра мен дәстүрлі білімді насихаттау тек білім беру үшін ғана емес, сонымен қатар Орталық Азиядағы және одан тыс жерлердегі мәдени әртүрлілікті сақтау үшін маңызды. Ал ЮНЕСКО жанындағы ІСНСАР Бас директоры Сонг Ен Парк жекелеген елдердің мәдени, материалдық емес құндылықтары жыл өткен сайын толығып келе жатқанын айтты. Мысалы, тек 2018 жылы Өзбекстанның, Тәжікстанның және Қырғызстанның ұлттық ойындары мен салт-дәстүрлері әлемдік маңызы бар мәдени мұра ретінде халықаралық қауымдастықтың қорғауына алынғанын, олардың әлемдік мәдени мұралардың ландшафтына өзгерістер енгізгенін айтты. Ендігі міндет – оның мектеп немесе ЖОО академиялық бағдарламаларымен интеграциялануына жол ашу. Бұл қарапайым тілмен айтқанда, әлемдік тізімге енген мәдени мұраларды мектеп бағдарламалары арқылы насихаттау. Сонг Ен Парк мырзаның айтуынша, бұл ұсыныс медианарық үшін жаңалық болмауы тиіс. Осыған дейін ЮНЕСКО-ның Бас кеңсесінде келісіп, бекітіліп, тіпті оның бағыт-бағдары да белгіленіп қойыпты. Енді жекелеген елдердің ұсыныстарын естіп, керектісін қаперге алу ғана қалған. Егер мәдени құндылықтар оқу бағдарламасына енгізілсе, әр елдің ұрпағы өз туған жерінің мәдени-рухани байлығын терең біліп, құрметі арта түсері даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрмағанбетқызы Д. Қазақстандағы әлемдік мұралар / Қазақ әдебиеті, 25 наурыз, 2021 ж.

2. <https://urker.kazgazeta.kz/news/8360/> / ЮНЕСКО – мәдени мұрамызды ұлықтайды/ Үркер. 31 Шілде, 2020
3. <https://assembly.kz/news/aza-stanny-yunesko-a-m-she-bol-any-na-27-zhyl-toldy/> Қазақстанның ЮНЕСКОға мүше болғанына 27 жыл толды
- 4.Ерофеева И.В. Памяти Е.Х. Хорош (1957–2018) / Археология Казахстана. № 1–2, 2018. – с. 362-366



UNITED NATIONS EDUCATIONAL,
SCIENTIFIC AND
CULTURAL ORGANIZATION

CONVENTION CONCERNING
THE PROTECTION OF THE WORLD
CULTURAL AND NATURAL
HERITAGE

*The World Heritage Committee
has inscribed*

The Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi

on the World Heritage List

*Inscription on this List confirms the exceptional
and universal value of a cultural or
natural site which requires protection for the benefit
of all humanity*

DATE OF INSCRIPTION

5 July 2003

DIRECTOR-GENERAL
OF UNESCO

MAZMҰНЫ

<i>Оралов А. Құттықтау сөз</i>	3
<i>Садықбеков М. Алғы сөз</i>	5

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

<i>ERTUGRUL A. Challenges encountered during the development and the implementation of the cultural heritage management plans</i>	7
<i>ДОРОХОВ В. Неразрушающие методы исследования и системный подход к сохранению памятников архитектуры</i>	17
<i>АГИТАЕВ С.С, ТОКМАГАМБЕТОВ Е.Е. Вопросы расширения критерии ценности объекта</i>	23
<i>ЮСИФОВ, ЮСИФОВ Ю.Н., ГУСЕЙНОВ Р.Р., Опыт инженерного обследования и реставрации джума-мечети в г.Агдам</i>	34
<i>БОБОМУРАДОВ Б. Основные проблемы при реставрации памятников архитектуры и обучение кадров по реставрации</i>	41
<i>ИМАНКУЛОВ Д.Д. Сохранение объектов всемирного наследия средней азии в современных условиях</i>	47
<i>ЮСИФОВ Ю.Н. Разработка искусственных известняковых облицовочных материалов для реставрации архитектурных памятников Апшерона</i>	35
<i>ЖЕЛДАКОВ Д. Оценка безопасности существования памятника архитектуры на основании метода расчета долговечности материала кирпича</i>	54
<i>OLGUN N. Detection of problems, definitions, and methods of intervention in monument restoration.</i>	62
<i>Юсифов Ю. Разработка искусственных известняковых облицовочных материалов для реставрации архитектурных памятников Апшерона</i>	65
<i>ДУБРОВСКАЯ Л. Некоторые вопросы сохранения мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави</i>	73
<i>МАТЧОНОВ Б. Реставрация и сохранение культурного наследия Узбекистана</i>	80
<i>Ақбасова А.Ж., Саинова Г.А., Бейсембаева Л.С., Юлдашбек Д.Х. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің әлеуметтік, саяси маңыздылығы мен экологиялық жағдайына сипаттама</i>	86

<i>ТАСТАНБЕКОВ М.М, ШАМЕТОВ С.Т.</i> Діни жерасты құрылстары тарихи-мәдени мұра объектілері ретінде	94
<i>БАЙБОЛОВ Б.</i> Оңтүстік өңірде ұмыт бола бастаған жерасты мешіттерінің зерттелуі	99
<i>УАЙСОВА А, УАЙСОВА А.</i> Қазақ халқының бірегей тұлғаларын өлкетану арқылы таныту: Айқожа ишан	104
<i>ОСПАНОВ Б.Е.</i> Қазақстанның мәдени мұрасы: нәтижелері, жолдары және сақтау ізденістері	110
<i>БЕКБАСОВ Ж.</i> Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау мәселелері	116
<i>МАМБЕТАЛИНОВ Р, БАЙМУСЕНОВ Ж.</i> Сохранение объектов историко-культурного наследия Северо-Казахстанской области на примере деятельности центра по охране и использованию историко-культурного наследия.	122
<i>КОНЫСБЕКОВА К.К.,</i> Жамбыл облысындағы мәдени мұралардың таралуы туризмді дамытудың алғышарты	129
<i>ҚОНЫСБЕКОВА Қ.Қ., БАЙСЕРКЕЕВА Л.С., КУНТУБАЕВА Д.К.,</i> Туристік өлкетану іс-әрекетін дамытуда Ш.Уалихановтың тарихи-мәдени зерттеулерінің құндылығы	135
<i>ШОЛПАНҚҰЛОВА Қ.</i> Тараз қаласының тарихи ескерткіштерінің тарихи және мәдени құндылықтары	141
<i>ТҰЯҚБАЕВ М, ТАДЖИБАЕВ Н.</i> Сауран, Ясы, Шорнақ атаулары жайлы деректер	145
<i>ШӘЙКЕН Ж.А.</i> К Проблеме казахского памятниковедения	151
<i>ЖЫЛЫС Т, ҚЫРЫҚБАЕВА С.</i> Мемлекеттік өнер мұражайындағы реставрация ісінің өзіндік ерекшелігі	160
<i>ҚЫРЫҚБАЕВА С.</i> Графика туындыларын қайта қалпына келтіру мен сақтау және өңдеудің өзіндік мәселесі	166
<i>МИРЗАБЕКОВА А.</i> Туристік қызметтегі музейдің рөлі	171
<i>ТАНСЫКОВА А.Б.</i> Отандық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы және тарихи ескерткіштердің туризмдегі ролін арттыру	175
<i>МУБАРАКОВА Н.</i> Актуальные вопросы хранения историко-культурного наследия в восточно-казахстанском музее искусств	181
<i>ШАМЕТОВ С, АРЫНОВА Д, ДЖАЛИШЕВА И.</i> Сығанақ қаласының археологиялық және топономикалық зерттелуі	188

<i>ТҰЯҚБАЕВ М., ТАДЖИБАЕВ Н.</i> Түркістандағы «мүричә» моншасы	193
<i>БАЙСЕЙІТ С., ОРАЗОВ Т., ҮРКІНБАЕВА А.</i> , Салыстырмалы тұрғыда Ахмет Ясауи кесенесіне ұқсас ғимараттар: олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары	198
<i>ТАСТАНБЕКОВ М., ШАМЕТОВ С.</i> Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі – республикалық мәртебеге ие ескерткіш	203
<i>ТАСТАНБЕКОВ М.</i> Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілгеніне - 20 жыл	210
<i>ТИЛЕКЕЕВА З.</i> ЮНЕСКО ұйымы және ұйымның тәуелсіз Қазақстанның тарихында алар орны жөнінде	215
<i>АРЫНОВА Д., ҚҰТТЫБАЙ Ж.</i> Түркістанды рухани туризмге айналдыруда ескерткіштердің алар орны	221
<i>ТИЛЕКЕЕВА С.</i> ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары тізіміндегі рухани мәдениеттеріміз	224